«Нархоз Университеті» КЕАҚ

ӘОЖ 351.9:664(574)(043) Қолжазба құқықтарында

НҰРҒАЗЫ ШЫҢҒЫС ӘСКЕРБЕКҰЛЫ

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе

8D04101 - Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Сейтказиева Аружан Мукатаевна – э.ғ.д., профессор,
Қазақстан-Британ техникалық университеті

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Жанетта Симанавичене – Профессор,
Миколас Ромерис Университеті

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 4
КІРІСПЕ 5
1 АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ 13
1.1 Азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу бойынша эмпирикалық және теориялық зерттеулерге жүйелі шолу 13
1.2 Азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу жөніндегі ғылыми көзқарастардың эволюциясы: библиометриялық және теориялық талдау 27
1.3 Азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеудің концептуалдық-әдістемелік негіздері: шетелдік үлгілер мен басқару модельдерін талдау 39
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІН КЕШЕНДІ ТАЛДАУ 51
2.1 Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау бағдарламалары және олардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі 51
2.2 Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін бағалау әдістемесі 58
2.3 Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару аясында төмен табысты үй шаруашылықтарын эмпирикалық зерттеудің әдіснамасы 69
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ 84
3.1 Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін индикаторлық бағалау және оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік реттеу тетіктерімен байланысы (2020–2024 жж.) 84
3.2 Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік, мемлекеттік қолдау және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты арасындағы қатынастарды құрылымдық модельдеу нәтижелері 89
3.3 Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүйелік моделі және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі институционалдық ұсыныстар 99
ҚОРЫТЫНДЫ 111
ӘДЕБИЕТТЕР 119
ҚОСЫМША А – Сауалнама 139

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста келесі нормативтік актілерге сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: 2012 жылғы 6 қаңтарда қабылданған №527-IV.

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2009 жылғы 11 желтоқсанда №229-IV қабылданған.

Бірлескен бұйрық әрекеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №623 және «Өмір сүру минимумын есептеу және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі №585 (Министрлікте тіркелген) Қазақстан Республикасының Әділет 2015 жылғы 26 тамыздағы №11944).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

Қазақстан Республикасының Заңы. Органикалық өнімдерді өндіру туралы: 2015 жылғы 27 қарашада қабылданған № 423-V ЗРК.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы. Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы: бекітілді. 9 желтоқсан 2016 ж., № 503 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қаңтарда № 14674 болып тіркелді).

Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: 2012 жылғы 6 қаңтарда қабылданған №527-IV.

Қазақстан Республикасының Заңы. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы: 2005 жылғы 8 шілдеде №66 қабылданған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК	- Агроөнеркәсіптік кешен
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
ДСҰ	- Дүниежүзілік сауда ұйымы
ҚР	- Қазақстан Республикасы
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ТМД	- Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТНК	- Тауарлық-несиелік корпорация
ФАО	- БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы
WHO	- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
PLS	- Ішінара ең кіші шаршы
WoS	- Web of Science
ТДМ	- Тұрақты даму мақсаттары
HHS	- House Hunger Scale
FIES	- Азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты тәжірибе шкаласы
HFIAS	- Household Food Insecurity Access Scale
GWP	- Gallup World Poll
ҰСБ	- Ұлттық статистика бюросы
ГФР	- Германия Федеративтік Республикасы
FDA	- Азық-түлік және дәрі-дәрмек сапасына санитарлық бақылау басқармасы
USDA	- АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі
FSIS	- Азық-түлік қауіпсіздігі және инспекциясы қызметі
CFSAN	- Азық-түлік қауіпсіздігі және қолдану орталығы
CVM	- Ветеринарлық медицина орталығы
ORA	- FDA-ның операциялары басқармасы
HACCP	- Тамақ өнімдері мен қоғамдық тамақтану сапасы жүйесі
CFIA	- Канада Азық-түлік инспекция агенттігі
FSA	- Азық-түлік стандарттары агенттігі
MHS	- Ет санитариясы қызметі
UKRI	- Ұлыбританияның ғылыми-зерттеу және инновациялар агенттігі
KFDA	- Кореяның азық-түлік және дәрі-дәрмек қауіпсіздігі басқармасы
RDA	- Ауыл шаруашылығын дамыту басқармасы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздік жүйесінің іргелі, құрылымдық элементтерінің бірі болып қана қоймай, ең алдымен адамның қауіпсіздігі, оның базалық өмірлік қажеттіліктерін толық әрі тұрақты қанағаттандыру деңгейімен тікелей ұштасатын көпқырлы әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырылады. Заманауи мемлекеттік басқару теориясында азық-түлік қауіпсіздігі әлеуметтік-экономикалық жүйенің ішкі тұрақтылығы мен қоғамның ұзақ мерзімді өміршеңдігін айқындайтын стратегиялық индикаторлардың бірі ретінде пайымдалады, сондықтан оны қамтамасыз ету механизмі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының шоғырланған өрісі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығын дамытуға стратегиялық басымдық беріп, саланы жаңа деңгейге көтеру үшін мемлекеттік қолдауды күшейту, қаржының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету, инновациялар мен инвестицияларды тарту, сондай-ақ толық өндірістік және логистикалық тізбекті қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың азық-түлік ресурстарына физикалық тұрғыдан үздіксіз және тең қолжетімділігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар аз белгіліық-түлікпен қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен төзімділігін қалыптастыратын институционалдық және экономикалық алғышарттарды жүйелі түрде нығайту болып табылады. Мұндай тұрақтылық, өз кезегінде, өндіріс, логистика, сақтау, өңдеу және тарату тізбектерінің тиімді, үйлесімді және үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басқарушылық шешімдердің сапасына тікелей тәуелді.

Сонымен бірге, мемлекеттік саясаттың аса маңызды әрі сезімтал бағыты – азаматтардың сапалы және қауіпсіз азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділігін арттыру, яғни халықтың табыс деңгейі, тұтыну құрылымы, баға динамикасы, мемлекеттік қолдау шаралары, сондай-ақ әлеуметтік осал топтарға арналған әлеуметтік қорғау және қауіпсіздік желілерінің ауқымы мен тиімділігі секілді параметрлерді тұрақты түрде мониторингтеу, бағалау және реттеу арқылы қамтамасыз етілетін күрделі басқару процесі.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек ауыл шаруашылығын жекелей дамыту мәселесімен шектелмейтін, экономикалық, институционалдық, әлеуметтік және құқықтық механизмдер кешенін қамтитын, көпдеңгейлі, көпсалалы және ұзақ мерзімді мемлекеттік басқару процесі болып табылады.

2024 жылғы есептерге сәйкес, әлемде шамамен 673 миллион адам аштықтан зардап шегеді [1]. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі алдағы 50 жыл ішінде де өзектілігін жоғалтпайтыны белгілі [2]. Мұның басты себебі – азық-түлікке деген сұраныстың артуы экономикалық даму қарқыны, биоотынға деген сұраныстың өсуі, климаттың өзгеруі, су ресурстарының жетіспеушілігі, сондай-ақ экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты азық-түлік өндірісі көлемінің қысқаруымен қарама-қайшылыққа түсіп отырғанында. Осыған байланысты азық-түлік өндірісін, оны өңдеу, тарату және қолжетімділікті

қамтамасыз ету әдістерін жетілдіру азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты қамтамасыз етудің шешуші факторы ретінде айқындалады [3].

Халықаралық азық-түлік саясаты институтының (IFPRI) 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына сәйкес, барлық адамдардың азық-түлікке экономикалық және физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді перспективада тұрақты өндіріс көлемін сақтау және осы өндірістің институционалдық негіздерін нығайту қажет деп есептеледі.

АҚШ-тың Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, Қазақстан азық-түлікке жұмсалатын шығындардың ЖІӨ-дегі үлесі бойынша 104 елдің ішінде 96-орында тұр, бұл көрсеткіш 44,9% деңгейін құрайды [4]. Бұл ретте азық-түлік қауіпсіздігі салыстырмалы түрде төмен елдер қатарында саналатын Камбоджа, Гана және Гватемала сияқты мемлекеттердің аталмыш рейтингте Қазақстаннан жоғары орын алуы ұлттық азық-түлік саясатындағы құрылымдық және басқарушылық мәселелердің бар екендігін жанама түрде көрсетеді.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын жариялаған сәтінен бастап, азық-түлік қауіпсіздігі адамзат алдында тұрған негізгі жаһандық сын-қатерлердің бірі ретінде мойындалып, аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтану сапасын арттыру және ауыл шаруашылығын қолдау халықаралық күн тәртібіндегі басым мақсаттар ретінде айқындалды. Азық-түлік қауіпсіздігі адамның физикалық денсаулығына ғана емес, оның психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатына да тікелей әсер ететіндіктен, көптеген мемлекеттер тамақтану және азық-түлік саясатын ұлттық даму стратегияларының өзегіне айналдырып, оны ұзақ мерзімді мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық компоненті ретінде қарастыруда [5]. Соңғы жылдары бұл мәселенің ауқымы ұлттық шекаралардан асып, күрделі жаһандық сипатқа ие болды [6].

Азық-түлік қауіпсіздігі теориялық және практикалық тұрғыдан алғанда, кез келген адамның кез келген уақытта өз физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктеріне сай келетін, қауіпсіз әрі құнарлы азық-түлікке физикалық және экономикалық қолжетімділігі қамтамасыз етілген жағдайда ғана толық жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді [7, 8].

Қазақстан контексінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі ішкі (әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, инфрақұрылымдық шектеулер, табыстың жеткіліксіз әртараптандырылуы, импортқа тәуелділік) және сыртқы (баға құбылмалылығы, логистикалық тәуекелдер, климаттық өзгерістер, геосаяси белгісіздік) сын-қатерлердің күшеюімен арта түсуде. Осыған байланысты зерттеу жұмысы, бір жағынан, азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу саласындағы теориялық-әдістемелік тәсілдерді жүйелеуге және жетілдіруге, екінші жағынан, қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін кешенді бағалауға және ұлттық ерекшеліктерді ескеретін басқару моделін ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты ғылыми негізде жетілдіруге, әлеуметтік әл-ауқат пен экономикалық тұрақтылықты арттыруға және ұлттық қауіпсіздік архитектурасын нығайтуға практикалық үлес қосуға бағытталған.

Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелуі. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің теориялық-әдістемелік мәселелерін зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектер шетелдік ғалымдардың жарияланымдарында терең қарастырылады. Бұл салада өзекті болып қала беретін зерттеулерді жүргізген ғалымдар қатарына Гумбольдт В., Heslop H. B., Baldwin D. A., Buzan B., Waever O., de Wilde J., Hough P., Nesadurai H., Tsereteli M., Александер Горзелак, Jean-Paul Chavas, Deepayan Debnath, Suresh Babu, Parijat Ghosh, Michael Helmar, Tibebu Aragie, Sisay Genanu кіреді.

Ресейде азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне деген ғылыми қызығушылық 1990 жылдан бастап арта бастады. Осы уақыт аралығында ғалымдардың көзқарастары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Зерттеулер негізінен теориялық сипатта жүргізіліп, одан кейін қолданбалы бағытқа да ерекше көңіл бөліне бастады. Бұл еңбектер азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерді тереңірек ашып, ғылыми тұжырымдамаларды толықтыра түсті. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ресейлік ғалымдар қатарына Вечканова Г.С., Кочергина Т.Е., Алтухов А.И., Балабанов В.С., Кузнецова Е.И., Сенчагов В.К., Абалкин Л.И., Бирюков А.И., Алтухов А., Балабанов В.С., Борисенко Е.Н., Антамошкина Е.Н., Сафин У.З., Кудряшов А.А., Пресняков О.П., Серова Е.В., Чернова О.А., Степаненко В.Е. және басқа да зерттеушілер жатады.

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерімен Бирюков А.И., Есжанова Ж.Ж., Лещиловский П.В., Калиев Г.А., Борисенко Е.Н., Антамошкина Е.Н., Сафин У.З., Никитина Г.А., Кудряшова А.А., Серова Е.В., Жанбекова З.Х., Бимендиева Л.А., Казембаев М.Е., Сұлтанбекова Г., Айғаринова Г.Т., Шуланбекова Г.К., Оразалы С., Мұхтаров Қ.С., Умербаева Р.Е., Каменова М.Ж., Әлібаев Е.А., Скворцов В.В., Мизанбеков С.К., Ақылбаев Р.С., Коптева Л.А., Қожахметов Г.А., Иркитбаева А.Б., Аташева Д.О., Қасқатаев Н.М., Рахымжанов Г.М., Кайгородцев А. А., Молдашев А.Б. және басқа да ғалымдар айналысады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне арналған ғылыми еңбектердің саны көп, алайда Қазақстан жағдайында бұл феноменді мемлекеттік басқару призмасы арқылы кешенді түрде талдайтын жүйелі зерттеулер жеткіліксіз. Қолданыстағы жұмыстар, негізінен, азық-түлік өндірісі, баға тұрақтылығы немесе үй шаруашылықтарының тұтыну құрылымдары сияқты жекелеген аспектілерге басымдық береді. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігі – мемлекеттік саясат, институционалдық тетіктер, әлеуметтік қолдау жүйелері және халықтың төзімділік әлеуеті өзара байланысатын көпдеңгейлі басқарушылық категория болып табылады.

Осыған байланысты қазіргі әдебиеттерде, әсіресе төмен табысты отбасылар контексінде азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа ықпалын, сондай-ақ бұл ықпалды жұмсартуда немесе күшейтуде төзімділік (resilience) пен мемлекеттік қолдау шараларының рөлін жан-жақты бағалайтын ғылыми зерттеулердің тапшылығы айқын байқалады. Бұл ғылыми қажеттілік Қазақстанға тән әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқарудың әдістемесі мен тәжірибесін жетілдірудің өзектілігін арттыра түседі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің төмен табысты отбасылардың әл-ауқатына әсерін кешенді түрде талдау және осы байланыс негізінде мемлекеттік басқару жүйесінің әдістемесі мен тәжірибесін жетілдіру бағыттарын айқындау.

Қойылған мақсатқа байланысты келесідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

1) Азық-түлік қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты және төзімділік ұғымдары бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты, жүйелі библиографиялық және теориялық шолу арқылы, негізгі тұжырымдамалық тәсілдері мен талас тудыратын мәселелерді айқындау.

2) Шет мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару тәжірибесін талдау, институционалдық ерекшеліктерді, қалыптасу алғышарттары мен негізгі ықпал етуші факторларды анықтау және олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және қолданылу әлеуетін бағалау.

3) Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтарын эмпирикалық зерттеуге арналған әдіснамалық негізді әзірлеу, оның шеңберінде деректерді жинау құралдарын, іріктеу шеңбері мен стратегиясын, сондай-ақ деректерді талдаудың статистикалық және эконометрикалық әдістерін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

4) Азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты отбасылардың әл-ауқаты арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыдан зерттеу, бұл байланыста төзімділіктің медиаторлық рөлін және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсерін көпфакторлы модельдер негізінде бағалау.

5) Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдау нәтижелері негізінде ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу, азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясат пен әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар келтіру.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқару жүйесі.

Зерттеу пәні: Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін, халықтың төмен табысты үй шаруашылықтарының азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқаты, төзімділігі және мемлекеттік қолдауға байланысты туындайтын әлеуметтік- экономикалық және басқарушылық қатынастардың жиынтығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін азық-түлік қауіпсіздігі проблематикасына арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектердің кең ауқымды корпусы құрайды. Талдауға қолданылған ғылыми дереккөздер Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі саясатының эволюциясын, оның институционалдық, әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық қырларын кешенді түрде пайымдауға, сондай-ақ осы саладағы негізгі теориялық бағыттар мен зерттеу парадигмаларын салыстырмалы тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу шеңберінде 1984 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңді

қамтитын 40 жылдық ғылыми әдебиет массиві қарастырылып, бұл уақыт аралығы азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы теориялық және эмпирикалық ізденістер динамикасын, олардың кезеңдік ерекшеліктері мен даму үрдістерін терең түсіндіруге жағдай жасады.

Ғылыми әдебиетті жүйелеу және құрылымдық талдау мақсатында VOSviewer, Bibliometrix (R-package) сияқты библиометриялық және визуализациялық құралдар пайдаланылды. Аталған бағдарламалық қамтамасыз ету ғылыми дискурста қалыптасқан жетекші зерттеу бағыттарын, тұжырымдамалық тораптар мен тақырыптық кластерлерді, жиі дәйектелетін авторлар мен мақалаларды, сондай-ақ «азық-түлік қауіпсіздігі – әл-ауқат – төзімділік – мемлекеттік қолдау» өзара байланыс өрісіндегі ғылыми мектептер мен зерттеу желілерін идентификациялауға және картографиялауға мүмкіндік берді.

Ұсынылған зерттеу моделі мен тұжырымдалған гипотезалардың эмпирикалық жарамдылығын тексеру үшін Stata, SmartPLS және Process Macro сияқты статистикалық және эконометрикалық бағдарламалық жасақтама кешені қолданылды. Аталған құралдар деректерді алдын ала өңдеу, мультиколлинеарлықты диагностикалау, өлшемдік модельдердің валидтілігі мен сенімділігін бағалау, құрылымдық қатынастарды тестілеу, сондай-ақ медиаторлық және модераторлық әсерлерді талдау сияқты күрделі аналитикалық міндеттерді ғылыми стандарттарға сай орындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық базасы Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтары арасынан іріктелген респонденттерден жиналған сандық деректерге негізделеді. Деректер жинау әдістемесі сауалнама құрастыру, іріктеу стратегиясын айқындау және далалық кезеңді ұйымдастыру тұрғысынан халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкес келетіндей түрде әзірленіп, алынған нәтижелердің репрезентативтілігі мен ғылыми сенімділігін, сондай-ақ оларды интерпретациялаудың әдіснамалық негізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы келесідей:

1) Жүргізілген кең ауқымды әдеби шолу мен библиометриялық талдау негізінде Good Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) тұжырымдамалары интеграцияланып, азық-түлік қауіпсіздігі, төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара байланыстарды жүйелі сипаттайтын жаңа теориялық-парадигмалық платформа ұсынылды. Бұл интеграциялық тәсіл зерттеу мақсатына сәйкес төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын талдауға арналған аналитикалық модельді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2) Зерттеу міндеттеріне сай әртүрлі елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны мемлекеттік басқару саласындағы тиімді институционалдық тәжірибелері жүйеленіп, сол негізде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған салыстырмалы-талдамалық негізделген саясаттық ұсыныстар кешені әзірленді.

3) Қазақстандағы төмен табысты үй шаруашылықтары туралы жиналған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, олардың азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-

ауқатына әсер ететін факторларды кешенді бағалауға мүмкіндік беретін авторлық құрылымдық модель ұсынылды. Бұл модель зерттеу объектісі мен пәніне сәйкес азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау арасындағы өзара әрекеттесу логикасын сандық түрде бейнелейді.

4) Зерттеу нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі мен халықтың (төмен табысты үй шаруашылықтарының) әл-ауқаты арасындағы байланысты түсіндіретін жаңа тұжырымдамалық-эмпирикалық үлгі әзірленді. Аталған үлгі шеңберінде төзімділіктің медиаторлық рөлі және мемлекеттік қолдау шараларының модераторлық әсері алғаш рет Қазақстан деректері негізінде бейімделген кешенді құрылымдық модель арқылы эмпирикалық түрде дәлелденді. Модель азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей емес, жанама (төзімділік арқылы) әсер ететінін, ал мемлекеттік қолдаудың осы жанама байланыстардың қарқындылығын күшейтетінін көрсетеді.

5) Зерттеу мақсаты мен эмпирикалық модель нәтижелеріне негізделе отырып, Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімділігін көтеру үшін ғылыми негізделген басқарушылық ұсыныстардың кешенді жүйесі әзірленді. Зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жобалау мен іске асыруда дәлелді басқару (evidence-based policy making) қағидаттарын қолдануға мүмкіндік беретін аналитикалық негіз ұсынады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы: Диссертациялық зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау салаларындағы теориялық және практикалық үлестерді ұсынады.

Зерттеу азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа әсерін зерттеу арқылы осы саладағы ғылыми әдебиетті толықтырады. Мемлекеттік қолдау және Good Governance Theory-ларын біріктіру арқылы негізгі факторлар анықталып, олардың өзара байланысы зерттелді. Библиометриялық әдістерді қолдану нәтижесінде төрт негізгі білім кластері анықталды, бұл ғылыми коммуникацияны жақсартуға және зерттеушілерге өз жұмыстарын жүйелі түрде жобалауға көмектеседі. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік қолдаудың азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына әсерін модератор ретінде қарастырады. Бұл тәсіл ғылыми зерттеулердің ашықтығы мен дәлдігін арттыруға, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін тәжірибеде тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Зерттеу мемлекеттік басқару органдарына және ауыл шаруашылығы саласындағы мамандарға азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты стратегиялық шешімдер қабылдауда маңызды құрал бола алады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған саясаттарды әзірлеуге көмектеседі. Бұл климаттық өзгерістерге бейімделу стратегияларын енгізу, фермерлер арасындағы кооперацияны дамыту және ауылдық аймақтардағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған шараларды қамтиды. Сонымен қатар, цифрлық платформалар мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы азық-түлік жеткізілімін бақылау және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін шешуге болады. Жалпы, зерттеу

нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікті арттыруға бағытталған басқару шешімдерін әзірлеуге және мемлекеттік қолдауды нығайтуға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) Жүргізілген кең көлемді теориялық және библиометриялық талдау нәтижесінде Good Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) қағидаттарын біріктіретін интеграциялық теориялық-әдістемелік платформа әзірленді.

2) Зерттеу барысында Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі мен төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқаты арасындағы байланысты сандық тұрғыдан бағалайтын авторлық құрылымдық модель әзірленіп, эмпирикалық түрде сыналды.

3) Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі – төзімділік – әл-ауқат – мемлекеттік қолдау арасындағы құрылымдық қатынастарды түсіндіретін жаңа тұжырымдамалық-эмпирикалық үлгі ұсынылды.

4) Зерттеу міндеттеріне сәйкес шетелдік озық тәжірибеге негізделген, Қазақстан жағдайына бейімделген азық-түлік қауіпсіздігін басқарудың тиімді институционалдық және ұйымдастырушылық үлгілер жүйесі ұсынылды.

5) Алынған теориялық және эмпирикалық нәтижелер негізінде Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, басқару құрылымдарын жетілдіру және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану арқылы төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған дәлелге негізделген кешенді басқарушылық ұсыныстар жүйесі әзірленді.

Зерттеу нәтижелерінің сынақталуы және тәжірибеге енгізілуі: Зерттеу нәтижелері ғылыми пәндер, әсіресе мемлекеттік басқару және әлеуметтік саясат салалары үшін маңызды болып табылады, өйткені олар теориялық және практикалық қолдану мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді. Негізгі ұғымдар мен айнымалыларды талдау және олардың өзара байланысын зерттеу арқылы диссертациялық жұмыс төзімділік пен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және осы саладағы кейінгі зерттеулерге орнықты негіз қалайды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми қауымдастыққа таныстырылып, әртүрлі отандық және халықаралық конференцияларда ұсынылды. Сонымен қатар, бұл диссертациялық зерттеу азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған саясатты жетілдіру бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті билік өкілдері үшін қолданбалы ұсыныстар жасауға көмектесу мүмкін. Осылайша, зерттеу нәтижелері теориялық білімді байытумен қатар, нақты басқарушылық шешімдер қабылдауда да маңызды рөл атқарады.

Жарияланымдар. Диссертациялық зерттеудің ғылыми-практикалық ережелері 7 ғылыми еңбектерде, оның ішінде: 1 мақала – Scopus халықаралық рейтингтік дәйексөз базасына кіретін шетелдік журналдарда; 4 мақала – ҚР ҰҒҚ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 2 мақала-материалдарда көрсетілген халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар.

Диссертацияның құрылымы қойылған мақсаттарға сәйкес келеді және анықтамалар, қысқартулар мен белгілеулер тізімдерін, кіріспені, үш бөлімді, қорытындыны, 238 дереккөз бен қосымшаларды, әдебиеттер тізімін қамтиды. Жұмыс көлемі-негізгі мәтіннің 141 бетінен, 24 кесте мен 10 суреттен тұрады.

1 АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу бойынша эмпирикалық және теориялық зерттеулерге жүйелі шолу

Азық-түлік қауіпсіздігінің мәнін және оның ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі рөлін қарастырайық.

Азық-түлік қауіпсіздігі ұғымының жүйе құраушы шарты – жеке адамның (азаматтың) қауіпсіздігі мен оның негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Мемлекеттің басты міндеті – халықтың азық-түлікке қолжетімділігін қамтамасыз ету. Бұл тек физикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге азық-түлікті сатып алуға экономикалық мүмкіндік жасау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекет халықтың жоғары сапалы және қауіпсіз азық-түлікке қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты.

Елдің толыққанды тамақтануының негізгі құрамдас бөлігі – азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу. Алайда толыққанды тамақтану мәселелерін зерттеген көптеген еңбектерде бұл ұғым азық-түлік қауіпсіздігінің бөлігі ретінде қарастырылмайды немесе онымен байланысты етілмейді. Кейбір зерттеулерде ол ұлттық қауіпсіздіктің бөлігі ретінде де қаралмайды. Кез келген экономикалық ұғым сияқты, азық-түлік қауіпсіздігіне де нақты белгіленген сандық критерийлер негізінде бірыңғай тәсіл қалыптаса қоймағанын атап өткен жөн.

Ғылыми әдебиеттерде «азық-түлік қауіпсіздігі» термині салыстырмалы түрде жақында пайда болды және жаңа экономикалық категория ретінде қарастырылады. «Food security» термині ағылшын тілінен екі мағынада аударылады: біріншісі – «азық-түлік қауіпсіздігі», екіншісі – «азық-түлікпен қамтамасыз ету».

Біріккен Ұлттар Ұйымы алғаш рет азық-түлікті 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында адамзаттың негізгі құқығы ретінде мойындады. Бұл құжат азық-түлік қауіпсіздігі мен қоғамдық азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамаларының қалыптасуына негіз қалады. 1960-жылдары халықаралық даму саясаты алғаш рет азық-түлік қауіпсіздігін халықтың жиынтық азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі ретінде сипаттады. Кейін бұл ұғым БҰҰ-ның азық-түлікке қол жеткізу құқығын қорғау және әлемдік сауданы дамыту мандатының маңызды бөлігіне айналды.

1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабының 1-тармағында:

«Әрбір адамның өзінің және отбасының денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ететін, соның ішінде тағаммен қамтамасыз етілу құқығы бар», – деп көрсетілген [9].

Осылайша, тағамның жеткілікті болуы – адам құқықтарының негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасы 1970-жылдардың ортасында орын алған дүниежүзілік азық-түлік дағдарысы кезінде ерекше өзектілікке ие болды. Сол кезеңде азық-түлікпен қамтамасыз ету және негізгі тағамдық тауарлардың

халықаралық және ұлттық деңгейде қолжетімділігі мен баға тұрақтылығын сақтау қажеттілігі туындады.

1974 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) ұсыныстары негізінде дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық міндеттемелерді қабылдады. Бұл ұсыныстарда азық-түлік қауіпсіздігі – кең ассортименттегі жоғары сапалы ұлттық азық-түлік өнімдері арқылы халықтың сандық және сапалық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік шаралар жүйесі ретінде түсіндірілді [10].

1983 жылы ФАО азық-түлік қауіпсіздігі ұғымын кеңейтіп, сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдікке және осал топтардың азық-түлікке қолжетімділігіне ерекше назар аударды. Осыған сәйкес, барлық адамдардың негізгі азық-түлікке әрдайым физикалық және экономикалық тұрғыдан қол жеткізе алуы азық-түлік қауіпсіздігінің басты шарты ретінде айқындалды [11].

ФАО стандарттарына сәйкес, егер мемлекет тұтынылатын азық-түліктің 80%-дан астамын өз ішінде өндіретін болса немесе сол өнім түрлерін өндіруге маманданған және олардың экспорты арқылы халықты қамтамасыз ете алатын болса, онда мұндай елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілді деп есептеледі.

Азық-түлік тауарларының сыртқы саудасындағы оң сальдо — яғни экспорт көлемінің импорттан артуы — елдің халықаралық нарықтағы орны мен ықпалын көрсетеді. Бұл көрсеткіш мемлекеттің азық-түлік өнімдерін өндіру және өткізу қабілетінің жоғары деңгейін білдіреді және оның әлемдік нарықтағы баға мен ұсынысқа әсер ету мүмкіндігін арттырады.

1986 жылы Дүниежүзілік банк жариялаған «Кедейлік пен аштық туралы есепте» азық-түлік қауіпсіздігінің екі түрі ажыратылды:

1) тұрақты азық-түлік қауіпсіздігі — құрылымдық кедейлік пен табыстың төмендігіне байланысты ұзақ мерзімді сипаттағы жағдайлар;

2) уақытша азық-түлік қауіпсіздігі — табиғи апаттар, экономикалық дағдарыстар немесе әлеуметтік күйзелістер салдарынан туындайтын қысқа мерзімді тапшылық кезеңдері [12].

1990 жылы ФАО 1974 жылғы анықтаманы кеңейтіп, адамның әлеуметтік және мәдени жағдайларына байланысты ақуызды тұтыну тапшылығын азық-түлік қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде енгізді.

1996 жылы өткен халықаралық саммитте азық-түлік қауіпсіздігі ұғымы қамтамасыз ету деңгейлері тұрғысынан нақтыланды. Бұл деңгейлерге үй шаруашылығы, ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейлер кіреді. Әр деңгейде азық-түлікке физикалық және экономикалық қолжетімділік, сондай-ақ оның қауіпсіздігі мен сапасы қамтамасыз етілуі тиіс [13].

2001 жылы ФАО азық-түлік қауіпсіздігіне әлеуметтік және мәдени аспектілерді, сондай-ақ азық-түлікке деген жеке преференциялар мен әлеуметтік теңсіздіктерді ескеруді ұсынды. Бұл толықтыру халықтың осал топтарына — табысы төмен азаматтар мен үй шаруашылықтарына — азық-түлікке қол жеткізу құқығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Осы эволюция негізінде, 2009 жылы ФАО келесідей қазіргі заманғы анықтаманы ұсынды:

«Азық-түлік қауіпсіздігі — барлық адамдардың белсенді және салауатты өмір сүру үшін өздерінің диеталық қажеттіліктері мен тағамдық қалауларын қанағаттандыруға жеткілікті, қауіпсіз және құнарлы тағамға тұрақты түрде физикалық, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділігі бар жағдай» [14].

Бұл анықтама азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі аспектілерін қамтиды. Оларды келесідей сипаттауға болады:

1) Азық-түліктің болуы. Мемлекет аумағында ішкі сұранысты қанағаттандыруға жеткілікті көлемде азық-түлік қорының тұрақты болуы қажет. Бұл қажеттілік отандық өндіріс есебінен де, импорт арқылы да қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл аспект физикалық қолжетімділік деп аталады.

2) Азық-түлікке қол жеткізу. Барлық азаматтардың азық-түлікті сатып алуға және тұтынуға тең құқықтары мен нақты экономикалық мүмкіндіктері болуы тиіс.

3) Азық-түлікті пайдалану. Бұл аспект тұтынушының азық-түлікті тиімді пайдалануын, яғни оның аспаздық өңдеуден өтіп, денсаулыққа пайдалы түрде тұтынылуын білдіреді. Бұл ретте таза су, энергия, газ, санитарлық-гигиеналық талаптар мен қажетті техникалық жағдайлар қамтамасыз етілуі қажет. Ең бастысы — тұтынылатын тағам денсаулыққа зиян келтірмеуі керек.

4) Тұрақтылық. Табиғи, климаттық, экономикалық және саяси жағдайларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен дағдарыстарға қарамастан, халықтың жеткілікті көлемде азық-түлікке тұрақты қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету.

Заманауи жағдайда дамушы елдердегі азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі — жаппай ашаршылық пен халықтың елеулі бөлігінің аштыққа ұшырау қаупіне байланысты өзекті болып отыр. Ал дамыған мемлекеттерде бұл мәселе көбінесе халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына тән, яғни аз қамтылған, қарт немесе еңбекке жарамсыз азаматтардың аштыққа ұшырау ықтималдығы жоғары. Сонымен қатар, семіздік, қант диабеті және дұрыс тамақтанбау салдарынан жүрек-қан тамырлары ауруларының таралу қаупі де артып келеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі — нақты өлшеуді талап ететін көп өлшемді құбылыс, сондықтан бұл саладағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарын әзірлеу айтарлықтай күрделі міндет болып табылады. Егер азық-түлік қауіпсіздігінің төрт құрамдас бөлігінің (қолжетімділік, пайдалану, тұрақтылық, бар болу) біреуі немесе бірнешеуі әлсіз немесе қауіп төндіретін жағдайда болса, онда жалпы азық-түлік жүйесі осал деп есептеледі.

Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар деңгейлік тұрғыдан өзгереді: жаһандық, аймақтық, ұлттық, отбасылық және жеке деңгейлерде. Бұл ұғымның көпқырлылығы әсіресе 1972–1974 жылдардағы жаһандық азық-түлік дағдарысы мен 2006–2008 жылдардағы азық-түлік бағаларының күрт өсуінен кейін айқын көрінді. Аталған кезеңдерде климаттың өзгеруі, азаматтық қақтығыстар, табиғи апаттар мен әлеуметтік нормалардың әлсіреуі сияқты факторлар азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі ықпал етті. Жаппай аштық пен

толыққанды тамақтанбаудың салдарынан бұл мәселе мемлекет тарапынан жедел және жүйелі назар аударуды талап етті [15].

Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар әртүрлі елдер мысалында зерттелген. Олардың қатарында: Эфиопия [16, 17], Гана [18], Кения [19], Бразилия [20], Нигерия [21], Пәкістан [22], Эфиопияның Амхара аймағы [23], Мексика [24], Үндістан [25], Қытай [26, 27], Бангладеш [28] және Грузия [29].

Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың азық-түлік қауіпсіздігіне әсері мен оның түрлі аспектілерін зерттеуге келесі ғалымдар өз үлесін қосты: Bashir, Muhammad Khalid [30, 31], Joseph Chisasa [32, 33], Aggarwal, Shilpa [34], Galli Francesca [35], Picazo-Tadeo, Andres J. [36], Aleksander Gorzelak [37], және Kesarwani, Sandeep Kumar [38].

Қазақстанда да азық-түлік қауіпсіздігі мен оған әсер ететін факторларды зерттеуге арналған бірқатар ғылыми еңбектер жазылған. Бұл бағыттағы зерттеулердің авторлары қатарында: Г.Т. Айғаринова, З. Ақшатаева, М.Г. Әлімжанова [39]; Еркінбаева Лаззат, Өзенбаева Айгерім, Нұрмұханқызы Дания [40]; Адиля Байдильдина, Айнұр Ақшынбай, Мәншүк Баетова, Ладо Мкрытичян, Анаджамал Халиепесова, Жандурды Атаев [41]; сондай-ақ Г.Т. Айғаринова, Г.К. Шуланбекова [42], С. Оразалы [43], Қ.С. Мұхтаров [44], Г.Т. Айғаринова [45], Р.Е. Умербаева [46], М.Ж. Каменова [47], Е.А. Әлібаев [48], В.В. Скворцов [49], С.К. Мизанбеков [50], Р.С. Ақылбаев [51], Л.А. Коптева [52], Г.А. Қожахметов [53], А.Б. Иркитбаева [54], Д.О. Аташева [55], Н.М. Қасқатаев [56], Г.М. Рахымжанов [57] сияқты зерттеушілер бар.

Кейбір зерттеушілер «азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымына өз көзқарастарын білдіріп, оған авторлық анықтамалар ұсынған. Олардың кейбірін қарастырып өтейік.

А.И. Бирюков азық-түлік қауіпсіздігін экономикалық категория ретінде сипаттайды. Ол экономикалық жүйенің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, оның қызмет етуінің мақсатты параметрлерін анықтайтын және азық-түлік тәуелсіздігін, аймақтық азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін, сондай-ақ азық-түліктің экономикалық және физикалық қолжетімділігін қамтитын ішкі жүйе деп есептейді [58].

Ж.Ж. Есжанова азық-түлік қауіпсіздігін – мемлекеттің азаматтарын экологиялық таза әрі денсаулыққа пайдалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету дәрежесі ретінде түсіндіреді. Бұл ретте азық-түліктің ғылыми негізделген стандарттарға сәйкестігі мен оның халыққа қолжетімді бағамен ұсынылуы басты шарт болып табылады [59].

А.И. Алтухов азық-түлік қауіпсіздігін – елдің азаматтардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін деңгейде азық-түлікке деген қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігі деп түсіндіреді [60].

П.В. Лещиловский бұл ұғымды сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, ұсыныс – азық-түлік өнімдерінің ғылыми негізделген сипаттамаларына, ал сұраныс – медициналық тамақтану стандарттарына сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда, азық-түлік қауіпсіздігі – халық шаруашылығының жағдайын бейнелейтін белгілі бір тепе-теңдік күйі [61].

В.С. Балабанов пен Е.Н. Борисенко азық-түлік қауіпсіздігін – ұлттық азық-түлік өндірісінің даму деңгейі ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, бұл деңгей елдің өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету және ғылыми негізделген стандарттарға сәйкес мемлекеттік резервтерді қалыптастыру арқылы айқындалады [62].

Е.Н. Антамошкина азық-түлік қауіпсіздігін – ішкі және сыртқы жағдайлардың әсеріне қарамастан, тұтыну нормаларына сәйкес халықтың азық-түлікке деген қажеттіліктері толық қанағаттандырылатын мемлекеттің экономикалық және агроөнеркәсіптік әлеуетінің жай-күйі ретінде анықтайды [63].

У.З. Сафин бұл ұғымды ауыл шаруашылығының инновациялық негізде ұдайы өндірісін қалыптастыру арқылы халықты сапасы мен саны жағынан стандарттарға сай келетін өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі ретінде қарастырады [64].

А.А. Кудряшова мен О.П. Пресняков азық-түлік қауіпсіздігін – халықтың азық-түлікке деген қажеттіліктерін (ағымдағы тұтыну мен қорды қоса алғанда) өндіріс көлемі арқылы қанағаттандыру деңгейі деп анықтайды [65].

Е.В. Серова азық-түлік қауіпсіздігін – ел азаматтарының көпшілігін қалыпты өмір сүру деңгейін сақтайтындай мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі ретінде түсіндіреді [66].

О.А. Чернова мен В.Е. Степаненко бұл ұғымды – мемлекеттің өз көздерінен өмірлік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен халықты қажетті мөлшерде және ассортиментте қамтамасыз ету қабілеті ретінде анықтайды [67].

З.Х. Жанбекова азық-түлік қауіпсіздігін – мемлекет пен оның тұрғындарының арасындағы өзара қарым-қатынас категориясы ретінде сипаттайды, ол осы қатынастар арқылы халықтың физиологиялық нормаларға сәйкес азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру жағдайларын қамтамасыз етеді [68].

Л.А. Бимендиева мен М.Е. Казембаев азық-түлік қауіпсіздігін – ел азаматтарының әртүрлі әрі сапалы азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыру үшін агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың жиынтығы ретінде сипаттайды [69, 70].

Г. Сұлтанбекова болса, азық-түлік қауіпсіздігін – азаматтарды негізінен отандық өнімдер есебінен үздіксіз және сапалы түрде азық-түлікпен қамтамасыз ету арқылы олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған мемлекеттік қабілет деп түсіндіреді [71].

Г.А. Калиев өз еңбегінде азық-түлік қауіпсіздігін елдің агроөнеркәсіптік кешенінің даму деңгейімен, өндіріс, импорт пен экспорт арақатынасымен және мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігімен тікелей байланысты кешенді әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырады, ол халықты ғылыми негізделген тұтыну нормаларына сәйкес негізгі азық-түлік өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған [72].

Г.А. Никитина өз еңбегінде азық-түлік қауіпсіздігін (азық-түлік тәуелсіздігін) елдің ішкі нарығын отандық өндіріс есебінен негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қабілетін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырады, ол аграрлық өндіріс пен халықтың төлем қабілетті сұранысының теңгерімді дамуы, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің жүйелі тетіктері арқылы жүзеге асырылады [73].

Сонымен, авторлардың бірі азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттің азық-түліктік тәуелсіздігі деп түсінеді, біреу – азық-түліктің қолжетімділігі, олар бір мезгілде азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне баса назар аударады., кейбір авторлар агроөнеркәсіп кешенінің ерекше рөлін атап көрсетеді.

«Азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымына ғалымдардың авторлық анықтамаларымен қатар, ТМД-ға мүше мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілерінде де әртүрлі түсіндірмелер берілген.

ТМД елдерінің нормативтік-құқықтық актілерін талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

1) Ресей Федерациясы, Украина және Әзірбайжаннан басқа барлық мемлекеттер азық-түлік қауіпсіздігін ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады;

2) Ресей Федерациясы азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің элементі ретінде белгілейді;

3) Көптеген мемлекеттерде азық-түлік қауіпсіздігі азық-түлікке қолжетімділікпен тікелей байланыстырылып сипатталады;

4) Демографиялық құрамдас бөлік ретінде азық-түлік қауіпсіздігі Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы және Тәжікстан тәжірибесінде ерекше атап көрсетіледі;

5) Мемлекеттер азық-түліктің қолжетімділік деңгейін әртүрлі тәсілдермен белгілейді - белсенді, салауатты өмір сүру үшін қажетті деңгейде (Беларусь, Тәжікстан, Түркіменстан), физиологиялық тұтыну нормаларын орындау үшін қажет (Қазақстан Республикасы), денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес келетін (Армения), азық-түлікті тұтынудың ең төменгі нормаларымен (Қырғызстан), қауіпсіз және сапалы азық-түліктің жеткілікті мөлшерімен (Өзбекстан) анықталады [74-83].

Жоғарыдағы талдау бізге мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйі әртүрлі масштабта, жекеден жаһандық деңгейге дейін өзгеретіндікін көруге мүмкіндік береді (Сурет 1).

Ғаламдық: демографиялық жағдайлар, экономикалық жағдайлар, қоршаған орта жағдайлары және табиғи ресурстар, саяси жағдайлар, әлеуметтік және мәдени жағдайлар, тәуекелдер, қауіптер мен күйзелістер	*Ұлттық/аймақтық*: азық-түлік қолжетімділігінің тұрақтылығы, азық-түлік, азық-түлікке қолжетімділік	*Үй шаруашылықтары*: күтім және тамақтану тәжірибесі, үй шаруашылығының ерекшеліктері, денсаулық және санитария	*Жеке тұлға*: тамақтану жағдайы, денсаулық жағдайы, тамақтану жағдайы

Сурет 1 – Азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейлері
Ескерту - Автор құрастырған

Азық-түлік қауіпсіздігі жеке немесе үй шаруашылығы деңгейінде қамтамасыз етілгенімен, аймақтық деңгейде ол әрдайым тұрақты бола бермеуі мүмкін. Керісінше, тұтастай алғанда, ұлт немесе аймақ азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізген деп есептелсе де, кейбір адамдар немесе әлеуметтік топтар әлі де азық-түлік тапшылығын сезінуі ықтимал.

Азық-түлік қауіпсіздігінің түрлерін оның жиілігі мен ұзақтығына байланысты ажыратуға болады:

- Созылмалы азық-түлік тапшылығы — ұзақ мерзімді және тұрақты сипаттағы азық-түлік қауіпсіздігінің бұзылуы. Мұндай жағдайда халық ұзақ уақыт бойы (шамамен алты ай немесе одан да көп) азық-түлікті тұтынудың ең төменгі физиологиялық нормаларын қанағаттандыра алмайды.
- Уақытша азық-түлік тапшылығы — қысқа мерзімді сипатқа ие. Салауатты тамақтануға қажетті азық-түлікті өндіру немесе оған қол жеткізу мүмкіндігі табиғи апаттар, экономикалық дағдарыстар немесе әлеуметтік қақтығыстар салдарынан күрт төмендеген кезде пайда болады.
- Маусымдық азық-түлік тапшылығы — белгілі бір жыл мезгілдерімен байланысты қайталанатын циклдық құбылыс.

Жүргізілген теориялық талдау көрсеткендей, азық-түлік қауіпсіздігі ұғымы ғылыми әдебиетте көпқырлы әрі әртүрлі әдіснамалық тұрғыларда қарастырылады. Бірқатар авторлар бұл ұғымды экономикалық тәуелсіздік пен өндірістік әлеует тұрғысынан түсіндірсе, екінші топ ғалымдары азық-түлікке

физикалық және экономикалық қолжетімділікке, үшіншілері азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігіне, ал кейбір зерттеушілер агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуы мен мемлекеттік реттеу тетіктеріне басымдық береді.

Аталған көзқарастарды жинақтай келе, диссертациялық зерттеу аясында азық-түлік қауіпсіздігі келесідей авторлық ұстанымда түсіндіріледі:

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекеттік басқару тетіктері арқылы халықтың, әсіресе төмен табысты үй шаруашылықтарының, сапалы, қауіпсіз және қоректік азық-түлікке тұрақты физикалық әрі экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ететін, агроөнеркәсіптік жүйенің орнықтылығын, әлеуметтік әл-ауқатты және халықтың төзімділігін сақтауға бағытталған кешенді әлеуметтік-экономикалық категория.

Бұл анықтаманың ерекшелігі – азық-түлік қауіпсіздігін тек өндірістік немесе тұтынушылық деңгеймен шектемей, оны мемлекеттік қолдау, төзімділік және әл-ауқат ұғымдарымен өзара байланыста қарастыруында. Азық-түлік қауіпсіздігі мұнда нәтижелік күй ғана емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және институционалдық факторлардың ықпалымен қалыптасатын динамикалық процесс ретінде түсіндіріледі.

Біздің зерттеуімізде қос кездесулерді талдаудың екі әдісі қолданылды: кілт сөздердің жиілігін талдау және уақытша талдау. Бірінші әдіс құжаттардағы кілт сөздердің жиілігін зерттеп, ең жиі қолданылатын терминдерді анықтады. Уақытша аспектіні зерттеу үшін VOSviewer бағдарламасы уақытша карта жасады. Бұл карта әрбір кілт сөздің құжаттарда қолданылу жиілігін визуалды түрде көрсетеді, мұнда түйіндердің көлемі олардың қолданылу жиілігін білдіреді (7-суретті қараңыз). Түйіндердің түстері олардың салыстырмалы жаңалығын көрсетеді, қараңғы түстер жақында қолданылғанын білдіреді. Сонымен қатар, картаның үстіндегі кілт сөздердің жақындығы мен оларды қосатын сызықтар олардың байланыстарының күшін көрсетеді. Бұл уақытша карта зерттеу саласындағы кілт сөздер ландшафтының айқын көрінісін қамтамасыз етіп, маңызды терминдер мен олардың байланыстарын көрсетеді.



Сурет 7 – Уақыт жолы бойынша бірге пайда болу картасын визуализациялау

Ескертпе- Тиімділікті талдау негізінде автор құрастырған

Қос кездесулерді талдау негізінде азық-түлік қауіпсіздігі және басқару саласында алты негізгі тақырып анықталды: (1) Азық-түлік қауіпсіздігі, (2) Төзімділік, (3) Әлеуметтік аспектілер, (4) Басқару тиімділігі, (5) әл-ауқат, және

(6) Тұрақтылық. Бұл тақырыптар өзара байланысқан, бірақ жеке зерттеу бағыттарын қамтып, ғылыми зерттеулердің негізгі назарын көрсетеді. Нәтижелер азық-түлік қауіпсіздігінің көпқырлы табиғатын айқындап, болашақ зерттеулерге, әсіресе басқару стратегияларын тұрақтылық пен тамақтану жүйелеріне интеграциялау бағытында, жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Кластерлік талдау азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы зерттеулердің үш негізгі мазмұндық бағытын айқындады. Бірінші бағыт институционалдық және жаһандық басқару тетіктеріне (ФАО, Дүниежүзілік банк) басымдық береді. Екінші бағыт үй шаруашылықтарының төзімділігі мен бейімделу стратегияларын зерттейді. Үшінші бағыт агроэкологиялық тұрақтылық пен ресурстарды басқаруға шоғырланған.

Алайда бұл бағыттардың өзара байланысы, әсіресе мемлекеттік қолдаудың азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік арасындағы байланысты күшейтетін модераторлық рөлі, жүйелі түрде талданбаған. Бұл олқылық мемлекеттік басқару тиімділігін бағалауда маңызды теориялық және эмпирикалық бос кеңістік бар екенін көрсетеді.

Библиометриялық және мазмұндық талдау нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің көпқырлы екенін және оның әл-ауқатпен, төзімділікпен және мемлекеттік басқарумен тығыз байланыста қарастырылуы қажет екенін көрсетті. Қолданыстағы әдебиеттерде азық-түлік қауіпсіздігі көбінесе өндірістік немесе экологиялық тұрғыдан зерттелгенімен, мемлекеттік қолдаудың азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік арасындағы өзара байланысты күшейтетін институционалдық фактор ретіндегі рөлі жеткілікті ашылмаған.

Бұл библиометриялық шолудың негізгі мақсаты 1991-2024 жылдар аралығында Web of Science деректер базасында жарияланған 1227 ғылыми мақаланы талдау болды, оның ішінде мемлекеттік басқару контекстіндегі азық-түлік қауіпсіздігі ландшафты зерттелді. Талдау эмпирикалық зерттеулер мен шолу мақалаларының теңдей бөлінгенін көрсетті. 2020-2024 жылдар аралығында жарияланымдар саны алдыңғы бес жылмен салыстырғанда екі есе артты, бұл COVID-19 пандемиясынан кейін азық-түлік қауіпсіздігіне деген қызығушылықтың өсуімен байланысты болуы мүмкін. Пандемия жаңа қиындықтарды туғызды, бұл әсіресе мемлекеттік басқару саласында бейімделгіш стратегияларды қажет етті және зерттеу белсенділігінің артуына ықпал етті. Бұл нәтижелер ұйымдық ғалымдарға саланы одан әрі дамытуға қажетті құнды түсініктер ұсынады. Әдебиеттегі байқалған үрдістер жақын болашақта саясатқа және практикаға әсер ететін ғылымның пәнаралық саласының пайда болғанын көрсетеді. Азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатқа деген қызығушылықтың артуы оның маңыздылығын және үздіксіз зерттеу мен инновациялардың қажеттілігін көрсетеді. Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйелерін жақсартуда және болашақ елдердің дамуына үлес қосуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады.

1.3 Азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеудің концептуалдық-әдістемелік негіздері: шетелдік үлгілер мен басқару модельдерін талдау

Шетелдік тәжірибені зерделей отырып, келесі жайтты атап өткен жөн: көптеген елдерде азық-түлік қауіпсіздігіне арналған жеке стратегия, тұжырымдама немесе заң нақты түрде қабылданбаған. Көп жағдайда азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда, ТМД елдерінде бұл бағытқа қатысты арнайы құжаттар – тұжырымдамалар мен стратегиялық бағдарламалар қабылдануы мүмкін. Әртүрлі мемлекеттерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзіндік ерекшеліктері бар, олар төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

Осы кестеде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қолдау шараларының түрлері және олардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсері көрсетілген. Қолдау көлемі түрлі бағдарламалар мен тетіктер арқылы жүзеге асырылады: субсидиялар, әлеуметтік көмек, азық-түлік себетімен қамту және т.б. Аталған шаралардың тиімділігі мемлекеттік индикаторлар мен халықтың азық-түлік тұтыну деңгейі негізінде бағаланды. Ерекшелік ретінде ауыл және қала тұрғындарына көрсетілетін қолдаудың айырмашылығы, мақсатты топтарға бағытталуы және қаржыландыру көздерінің әртараптандырылуы атап өтіледі. Жалпы, ұсынылған қолдау тетіктері халықтың әл-ауқатына оң ықпал етіп, азық-түлік себетімен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған.

Кесте 2 – Шет елдердегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктері

Мемлекет	**Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін қамтитын құжат**	**Негізгі басымдықтар**
Германия	Германия Федеративтік Республикасының қауіпсіздігі және Бундесвердің жағдайы мен болашағы туралы ақ кітап	-Германия өзіне алған міндеттемелерді «құрметтейді, орындайды және бұзбайды». -ГФР жаһандық қауіпсіздікке қажетті сақтық шаралары тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де қабылдануын жақтайды. -ГФР-дың халықаралық ұйымдармен және альянстармен ынтымақтастығы. -Ақпараттық кеңістікті еркін пайдалану. -Дағдарыстардың алдын алу.
Франция	Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік туралы ақ кітап	-Қажетті ақпаратқа ие болу және оқиғалардың алдын ала білу қабілеті. -Алдын алу немесе уақтылы әрекет ету. -Ядролық тежеу. -Франция халқының қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау мақсатында

		әскери және полиция әдістері арқылы қорғауды қамтамасыз ету. -Францияның ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау үшін француз қарулы күштерін қолдану.
Ұлыбритания	Ұлыбританияның ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және стратегиялық қорғаныс және қауіпсіздік шолуы,	Халықты, аумақты, экономиканы, инфрақұрылымды және өмір салтын қорғау, патшалыққа, оның мүдделеріне және одақтастарының мүдделеріне қауіп төну мүмкіндігін азайту
АҚШ	Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы	-Елді, Америка халқын және американдық өмір салтын қорғау -Американдық әл-ауқаттың дамуы -Күш арқылы бейбітшілікті сақтау -Америка ықпалының кеңеюі
Оңтүстік Корея	Корея Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы	-Айналадағы жағдайды байсалды, шынайы және дәйекті бағалау; -Қол жеткізуге болатын мақсаттарды қою және оларға қол жеткізудің дұрыс жоспарларын құру; -Инвестициялар мен күш жұмсалған прагматизмнен мүмкін болатын максималды пайданы қамтамасыз ету
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.		

2-кестенің деректерінен шетел мемлекеттерінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері ұлттық қауіпсіздік стратегиялары немесе арнайы «ақ кітаптар» аясында қарастырылатыны байқалады. Ал Ресейде бұл мәселе жеке құжат деңгейінде – «2030 жылға дейінгі Ресей Федерациясының экономикалық қауіпсіздік стратегиясында» нақты көрсетілген [154]. Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің халықаралық аренадағы геостратегиялық орнын айқындауда шешуші рөл атқарады. ЕО-дағы азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің түпкі мақсаты – барлық мүше мемлекеттерде өмір сүру деңгейінің теңдігін қамтамасыз ететін толық интеграцияланған Еуропаны қалыптастыру [155].

Осылайша, шетел және ТМД мемлекеттерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі әдістемелік тәсілдеріндегі айырмашылықтар олардың геосаяси бағыттылығы мен нормативтік базасына байланысты. ТМД елдері көбінесе Ресей Федерациясының стандарттарына сүйенеді, ал Ресей өз кезегінде кеңестік (КСРО кезеңіндегі) үлгілерді негізге алады.

Сонымен қатар, ТМД мемлекеттерінде «ұлттық экономикалық қауіпсіздік» ұғымы көбінесе «ұлттық мүдделер» түсінігі арқылы берілсе, постсоциалистік

елдерде бұл ұғым «халықаралық қауіпсіздік» тұрғысынан қарастырылады, ал дамыған мемлекеттерде «тұрақтылық» (sustainability) қағидасына басымдық беріледі. Бұған қоса, бұрын атап өткендей, азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі – оның тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыда әр мемлекет тұрақтылықтың деңгейі мен маңыздылығын өз әлеуметтік-экономикалық жағдайына және стратегиялық басымдықтарына сәйкес дербес айқындайды.

Дегенмен, әрбір мемлекет халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сапалы әрі қауіпсіз тағам өнімдерін өндіруді ынталандыратын, сондай-ақ қауіпті немесе жасанды өнімдердің сатылуына тыйым салатын заңнамаларға мұқтаж. Халық санының өсуі ауыл шаруашылығына өндіріс көлемін ұлғайтуға деген сұранысты арттыруда. Алайда бұл қажеттілік ауыл шаруашылығында химиялық заттарды кеңінен қолдануға әкеліп соғады. Тағам өнімдерін тасымалдау мен сақтау барысында оларды қорғау үшін де түрлі химикаттарды пайдалану қажеттілігі туындайды. Өнімдерді орталықтандырылған және ірі көлемде өңдеу ластану қаупін арттырады.

Қазіргі таңда жартылай дайын өнімдер мен тез дайындалатын тағамдарға сұраныс артуда. Мұндай өнімдерде жиі тағамдық қоспалар қолданылады және олар ластануға көбірек бейім болғандықтан, қатаң санитарлық-гигиеналық талаптар мен сақтық шараларын сақтау аса маңызды. Ішкі және сыртқы азық-түлік саудасының кеңеюі бұл процесті тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де реттеуді талап етеді. Бұрынғы кезеңдерде халықаралық азық-түлік саудасы мемлекет тарапынан араласусыз жүзеге асқан, ал тағам өндірушілер өз стандарттарын өздері белгілеп, өнім сапасын өз қалауынша анықтайтын. Көптеген өндірушілер тұтынушылардың денсаулығына зиян келтірмеу үшін жауапкершілікпен әрекет етсе, кейбір арам ниетті саудагерлер бақылаусыз нарықтық мүмкіндіктерді пайдаланып, жалған және сапасыз өнімдерді таратқан. Мұндай теріс әрекеттер үкіметтің араласуына түрткі болып, тағам өнімдерін бақылауға арналған заңдар мен нормативтік ережелердің қабылдануына әкелді.

Бүгінде бұл заңдар мен ережелер ұлттық, импорттық және экспорттық азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бақылау және қадағалау органдарымен бірлесе жүзеге асырылады. Әдетте, азық-түлік туралы заң екі негізгі бөліктен тұрады: негізгі (жалпы) заң және оған сәйкес қабылданған ережелер. Негізгі заң жалпы қағидаларды белгілейді, ал нақты нормалар өнім түрлерін жеке реттейтін нормативтік актілерде көрініс табады. Кей жағдайда тағам стандарттары, гигиеналық талаптар, тағамдық қоспалар тізімі мен химиялық шекті мәндер сияқты нормалар заңның өзіне енгізілуі мүмкін. Дегенмен, мұндай жағдайда заңның тиімді орындалуы мен әкімшілік басқарылуы үшін нақты әрі толыққанды ережелер қажет.

Парламенттік басқару жүйелерінде заң шығарушы орган негізгі заңды қабылдайды, ал атқарушы билік немесе оған бағынышты мекемелер сол заңға сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді. Азық-түлік өңдеу, стандарттар, гигиена, орау және таңбалау, тағамдық қоспалар мен пестицидтерге

қатысты нақты сипаттамаларды заңнамаға енгізу белгілі бір қиындықтар туғызуы мүмкін. Себебі бұл салада ғылыми-техникалық прогресс пен технологиялардың дамуына байланысты жедел өзгерістер енгізуді талап ететін жағдайлар жиі кездеседі.

Осындай жағдайда ережелер мен стандарттарға өзгерістер енгізу заң шығарушы органға қарағанда атқарушы органдар тарапынан әлдеқайда жедел жүзеге асырылады. Кейбір елдерде тағам стандарттары негізгі ережелер құрамына енгізілсе, ал басқа елдерде олар бөлек нормативтік актілермен реттеледі. Қай тәсіл қолданылса да, бұл нормалар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігінің маңызды бөлігі болып табылады және негізгі азық-түлік заңын тиімді іске асыруға бағытталған.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі ел ішінде қабылданған нормативтік-құқықтық актілер негізінде қалыптасады. Бұл құжаттардың негізгі тізіміне мыналар жатады: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы, «Астық туралы» Заң, «Техникалық реттеу туралы» Заң, «Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы» Заң, «Азаматтық қорғау туралы» Заң, «Тұқым шаруашылығы туралы» Заң, «Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң [156–164].

Қазақстандық ғалым Е. Б. Аймағамбетовтің зерттеуінде көрсетілгендей, елде қолданыстағы 1194 стандарттың тек 99-ы ғана ISO халықаралық стандарттарына сәйкес келеді [165]. Мысалы, ұн, жарма, нан-тоқаш, макарон, кондитерлік өнімдер мен концентраттар бойынша ISO сапа талаптарына сай келетін стандарттар саны айтарлықтай аз — барлығы 221 стандарттың ішінде 10-ы ұнға және 1-еуі жармаға қатысты.

Қазақстанда басқа мемлекеттерден айырмашылығы — азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты бірыңғай мемлекеттік орган жоқ. Бұл функция бірнеше ведомство мен ұйым арасында бөлінген. Атап айтқанда, бұл міндеттер Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне (Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті), «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС-не, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ-қа, «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ-на және «Ұлттық сараптама орталығы» РМК-ға жүктелген.

Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі келесі негізгі бағыттар бойынша қамтамасыз етіледі:

1) Өңірлік тұрақтандыру азық-түлік қорларын қалыптастыру және тиімді пайдалану;

2) Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін жүйелі түрде бақылау;

3) Өңірлік тұрақтандыру қорларына құрамында немесе негізінде ГТА бар азық-түлікті сатып алуға тыйым салу;

4) Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өңірлік тұрақтандыру қорларын құрып, оларды басқарады және пайдаланады;

5) Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне жүргізілетін бақылау нәтижелерін бағалау уәкілетті ұйым — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне қарасты Статистика комитеті ұсынатын өндіріс көлемі, тауар айналымы және баға туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

АҚШ-та азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерімен бірнеше мемлекеттік құрылым айналысады. Олардың қатарында Азық-түлік және дәрі-дәрмек сапасына санитарлық бақылау басқармасы (FDA), АҚШ Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер министрлігі, сондай-ақ АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Азық-түлік қауіпсіздігі және инспекция қызметі (USDA/FSIS) бар.

FDA — азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты 30-дан астам заңнамалық актіні реттейтін 15 агенттіктің бірі. Бұл мекеменің өкілеттіктері негізінен 1938 жылғы «Азық-түлік, дәрі-дәрмек және косметикалық өнімдер туралы федералдық заңда» және оған енгізілген түзетулерде айқындалған. Сондай-ақ 1906 жылғы алғашқы заң, «Етті тексеру туралы заң», «Сауда комиссиясы туралы заң», «Сүт өнімдерін бақылау туралы заң», 1953 жылғы №1 қайта ұйымдастыру жоспары, «Құс өнімдерін бақылау туралы заң», «Қаптау және таңбалау туралы заң», «Бақыланатын заттар туралы заң», «Жұмыртқа өнімдерін бақылау туралы заң», «Азық-түлікті санитарлық тасымалдау туралы заң», 2002 жылғы «Биотерроризм туралы заң» және «Жалған өнімдермен күрес туралы федералдық заң» осы саланы реттейтін негізгі құжаттар болып табылады [166-167].

FDA-ның құзыретіне биологиялық өнімдер, косметика, дәрі-дәрмектер, азық-түлік өнімдері, медициналық құралдар, радиациялық құрылғылар және ветеринариялық препараттар кіреді. Соңғы жылдары бұл тізімге темекі өнімдері де қосылды. Азық-түлікке қатысты FDA ет, құс және жұмыртқа өнімдерін қоспағанда, штатаралық саудаға немесе импортқа жататын барлық өнімдерді бақылайды. Ал ет, құс және жұмыртқа өнімдері USDA құзыретіне жатады.

FDA құрамында азық-түлік қауіпсіздігімен тікелей айналысатын үш негізгі құрылым бар:

- CFSAN (Азық-түлік қауіпсіздігі және қолдану орталығы) – адам тұтынатын азық-түлік өнімдерін бақылаумен айналысады. Оның міндеттеріне ішкі және импорттық тағамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тағамдық және бояғыш қоспаларды, биотехнологиялық өнімдерді, теңіз өнімдері мен шырындарға арналған қауіпсіздік жүйелерін (HACCP) қадағалау, нәресте тағамдары мен тағам этикеткаларын бақылау, тұтынушыларды және саланы ақпараттандыру, халықаралық стандарттарды үйлестіру, сондай-ақ тағамдағы химиялық және биологиялық ластаушыларға байланысты тәуекелдерді төмендету жөніндегі зерттеулер жүргізу кіреді.

- CVM (Ветеринарлық медицина орталығы) – жануарларға арналған тағамдық қоспалар мен дәрілік заттардың өндірісі мен таралуын реттейді. Бұл орталық үй жануарларына және адам тағамын өндіретін ауыл шаруашылығы

жануарларына (сиыр, шошқа, құс және т.б.) арналған препараттар мен қоспалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. CVM-нің негізгі мақсаты – 100 миллионнан астам үй жануары мен ауыл шаруашылығы малдарының денсаулығын сақтау және оларға арналған өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- ORA (FDA операциялары басқармасы) – азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты бес негізгі орталықтың қызметін үйлестіреді. Ол бақылауға жататын өнімдер мен өндіріс орындарын тексеруді жүзеге асырады, өнім үлгілерін зерттейді және АҚШ-қа импортталатын азық-түліктерді талдайды. Сонымен қатар, ORA FDA-ның заңнамалық бақылау және құқық қолдану саясатын әзірлейді, импорттық бақылау стратегиясын іске асырады және азық-түлікті қорғау жоспарларын жүзеге асырады. Бұл мекеменің АҚШ аумағында кең таралған аймақтық кеңселері бар және ол федералдық, штаттық және жергілікті билік органдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда гранттар мен серіктестік келісімдер арқылы оларға қаржылық қолдау көрсетеді. FSIS (Азық-түлік қауіпсіздігі және инспекция қызметі) өз қызметін «Етті тексеру туралы федералды заң», «Құс өнімдерін тексеру туралы заң» және «Жұмыртқа өнімдерін тексеру туралы заң» сияқты нормативтік актілердің, сондай-ақ шағын бизнесті қорғау туралы заңдар мен басқа да мемлекеттік нұсқаулықтардың негізінде жүзеге асырады. FSIS ел ішінде және халықаралық деңгейде сатылатын барлық ет, құс еті мен жұмыртқа өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылайды және АҚШ-та бекітілген міндетті стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді [168].

АҚШ-тағы қазіргі азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі келесі ерекшеліктерге ие. Бұл – тиімді элементтердің көпшілігін қамтитын, күрделі әрі өзара байланысқан құрылым. Жүйеге барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар, фермерден бастап тұтынушыға дейінгі тағам өндірісінің барлық буындары, университеттер, бұқаралық ақпарат құралдары және тұтынушылар қатысады. Сонымен қатар, жүйе HACCP (тәуекелдерді талдау және маңызды бақылау нүктелері) сияқты ғылыми негізделген тәсілдерге біртіндеп көшіп жатыр.

Ғылыми деректерге сүйенетін саясат пен бақылау шараларын қолдану заңмен реттеледі. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты негізгі функциялар — мониторинг, қадағалау, инспекция, құқық қолдану, індеттерге қарсы әрекет ету, зерттеу және ағарту жұмыстары — 15 федералдық агенттік арасында бөлінген. Бұл өз кезегінде жүйенің бірыңғай үйлесімділігіне белгілі бір дәрежеде кедергі келтіреді.

Канадада азық-түлік қауіпсіздігі үшін екі негізгі ұйым жауапты. Біріншісі — Канада Денсаулық сақтау министрлігі, ол елде сатылатын тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты саясат пен стандарттарды белгілейді. Екіншісі — Канада Азық-түлік инспекциясы агенттігі (CFIA), ол осы стандарттардың орындалуын қадағалап, барлық федералдық инспекциялық қызметтерді жүзеге асырады.

CFIA келесі заңнамалық актілердің орындалуын қамтамасыз етеді: Ауыл шаруашылығы және агроазық-түлік саласындағы әкімшілік және ақшалай

айыппұлдар туралы заң; Тауар таңбалау актілері; Ауылшаруашылық өнімдер туралы заң; Азық-түлік инспекция агенттігі туралы заң; Тұтынушыларға арналған орау және таңбалау туралы заң (тағам өнімдері бойынша); Тыңайтқыштар туралы заң; Балық инспекциясы туралы заң; Тағам өнімдері мен дәрілік заттар туралы заң (азық-түлікке қатысты бөліктері); Жануарлар денсаулығы туралы заң; Ет инспекциясы туралы заң; Өсімдік селекционерлерінің құқықтарын қорғау туралы заң; Өсімдіктерді қорғау туралы заң; Тұқым туралы заң [169].

Канада Азық-түлік инспекциясы агенттігі (CFIA) – елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған байланысты шараларды іске асыру үшін жауапты орган. Бұл шараларға импортталатын және ішкі нарықтағы өнімдерді тексеру, экспортқа сертификат беру, зертханалық және диагностикалық қолдау көрсету, дағдарыс жағдайларын басқару, сондай-ақ қауіпті өнімдерді нарықтан қайтарып алу жатады. Сонымен қатар, CFIA тағам сапасын бақылау, жануарлар денсаулығын қорғау және өсімдік ауруларының таралуын шектеу жөніндегі инспекциялық қызметтерді де жүзеге асырады.

Канадаға әкелінетін барлық азық-түлік өнімдері елдің қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес болуы тиіс. Импорттаушылар өздері жеткізетін өнімдердің қауіпсіздігі үшін тікелей жауап береді. Белгілі бір тауарлар (мысалы, ет пен балық) микробиологиялық және ветеринарлық тәуекелдерге байланысты жоғары қауіп тобына жатады және кеңінен тұтынылады. Сондықтан мұндай өнімдерге қосымша талаптар қойылады. Ал жұмыртқа, сүт өнімдері және өңделген жемістер мен көкөністер сияқты басқа өнімдер эквиваленттілік қағидаттарына сай болуы керек. Инспекцияның жиілігі өнім түріне және импорттаушылардың талаптарға сәйкестік тарихына қарай реттеледі.

Канада үкіметі денсаулықты, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды, бірақ жалғыз орган емес. Азық-түлік жүйесіне қатысушы барлық тараптардың – үкімет, бизнес және тұтынушылардың – өзара ынтымақтастығы қауіпсіз әрі сапалы тағамға кең қолжетімділікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Өндірушілер өз өнімдерінің қауіпсіздігіне жауапты және тұтынушылардың дұрыс таңдау жасауына мүмкіндік беретін ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті. Үкімет азық-түлікке байланысты денсаулық қауіптерін анықтап, олардың ықтималдығы мен салдарын бағалайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі ұлттық стратегияларды әзірлейді. Ал тұтынушылар тағамға қатысты тәуекелдер мен артықшылықтар жөнінде ақпарат алуға құқылы әрі сол ақпаратты дұрыс пайдалануға жауапты.

Ұлыбританияда азық-түлік қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі орган – Азық-түлік стандарттары агенттігі (FSA). Агенттік өз қызметінде Codex Alimentarius, Еуропалық Одақтың ережелері, 1990 жылғы «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң», 1999 жылғы «Азық-түлік стандарттары туралы заң», 2006 жылғы санитарлық-гигиеналық заңдар және Шотландия, Уэльс пен Солтүстік Ирландияның ұлттық заңнамаларын басшылыққа алады [170].

FSA жанында бірнеше кеңесші комитеттер жұмыс істейді, олардың мүшелерін әрбір елдің министрлері мен Ұлыбританияның Денсаулық сақтау

министрі тағайындайды. Агенттікке қарасты қосалқы құрылымдардың бірі — Ет санитариясы қызметі (MHS), ол мал сою кезіндегі қоғамдық және жануарлар денсаулығын қорғау мақсатында заңнаманың дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді.

FSA – Ұлыбританиядағы негізгі орган болып табылады. Ол тағам қауіптерін бағалау, HACCP әдістерін енгізу және тағам өндірісінің барлық тізбегі бойынша заңнаманың орындалуын бақылау жұмыстарын жүзеге асырады. Агенттік жергілікті билік органдарымен және құқық қорғау құрылымдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді, заң нормаларын түсіндіру және оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады, сондай-ақ жергілікті бағдарламаларды қолдау мақсатында гранттар бөледі. Сонымен қатар, FSA жергілікті органдардың тағам кәсіпорындарын тексеру мен деректер жинау қызметтерін қадағалау арқылы ұлттық мониторинг жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Белгілі бір өнім түрлеріне (мысалы, бау-бақша өнімдері, сүт және жұмыртқа) арнайы уәкілетті мекемелер жауап береді. Сауда нысандары инспекция нәтижелері бойынша балл алады, бұл баллдар дүкеннің кіреберісінде және интернет-платформаларда ашық жарияланады. FSA Ұлыбританияға импортталатын тағам өнімдерінің қоғамдық денсаулық тұрғысынан қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді. Жергілікті және порттық санитарлық органдар импортталатын өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын бақылауға жауапты. Импорт өнімдеріне арналған арнайы бөлімше импорттық бақылау тиімділігін арттыруға бағытталған. Агенттік жаңа піскен, кептірілген, пісірілген, қақталған және ысталған балық өнімдеріне – мысалы, консервіленген тунец, балық тұздықтары мен асшаяндарға – ерекше назар аударады.

Азық-түлік стандарттары агенттігі (FSA) микробиологиялық қауіптерді бақылау бағдарламаларының тиімділігін арнайы зерттеулер арқылы бағалайды. Мұндай зерттеулер тұрақты түрде жүргізіліп, белгілі бір тағам түрлері немесе өндіріс процестері бойынша ерекше назар аударылады. Зерттеулер тағам арқылы таралатын микробиологиялық қауіптер, ауру ошақтары немесе Тәуелсіз микробиологиялық қауіпсіздік жөніндегі кеңестің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Ұлыбританияның Денсаулықты қорғау агенттігі жұқпалы аурулардың алдын алу, індеттер мен төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету функцияларын атқарады. Егер тағамнан туындаған аурудың таралуы кең ауқымды аймақты қамтыса, агенттік ластану көзін анықтау мақсатында эпидемиологиялық зерттеу жүргізіп, нәтижелерін тәуекелді басқару үшін әрі қарай жұмыс істейтін FSA-ға жолдайды.

Ұлыбританиядағы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты зерттеулер берік ғылыми базаға, халықаралық ынтымақтастық пен тиімді ақпарат алмасуға негізделген. Брексит бұл саладағы ғылыми зерттеулер мен зерттеушілерге түрлі бағытта әсер етуі мүмкін, дегенмен болашақтағы инновациялар мен серіктестіктер үшін жаңа мүмкіндіктер де ашылуда.

1970-жылдардан бері Оңтүстік Кореяда экономикалық және әлеуметтік даму үдерістерімен қатар, халықтың тамақтану мәдениеті мен тәртібі де елеулі

өзгерістерге ұшырады. Әсіресе жастар арасында дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің төмендеуі алаңдаушылық туғызуда. Осыған байланысты елде азық-түлік және тамақтану саясатын кешенді түрде жүргізудің маңыздылығы арта түсті.

1995 жылы қабылданған «Ұлттық денсаулықты нығайту туралы заңның» құрамына тамақтануға байланысты созылмалы аурулардың алдын алу және семіздікпен күрес жөніндегі ұлттық іс-шаралар мен бағдарламалар енгізілді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі және оған қарасты мекемелер әр үш жыл сайын ел халқының денсаулығы мен тамақтану жағдайын зерттейтін ұлттық мониторинг жүйесін жүзеге асырады.

Кореяның азық-түлік және дәрі-дәрмек қауіпсіздігі басқармасы (KFDA) елдің азық-түлік және тамақтану саласындағы саясатты жүзеге асыратын негізгі орган болып табылады. Басқарма соңғы жылдары балаларға бағытталған азық-түлік қауіпсіздігін және дұрыс тамақтануды қамтамасыз етуге арналған ұлттық стратегиялық жоспарларды жариялады. Дайын өнімдерге қатысты тағам таңбалау саясатын KFDA реттейді, ал тұтынушылардың таңбалау туралы хабардарлығын арттыру мақсатында түрлі білім беру бағдарламалары әзірленіп, кеңінен таратылады. Сондай-ақ басқарма арнайы диеталық өнімдер мен функционалды тағамдарға арналған стандарттарды белгілеп, олардың сапасын қадағалайды.

Ауыл шаруашылығын дамыту басқармасы (RDA) азық-түлік өнімдерінің құрамын сипаттайтын деректер базасын жүргізуге жауапты. Ал Ұлттық мектеп асханалары бағдарламасын үйлестірумен Білім және адами ресурстарды дамыту министрлігі айналысады. Аталған мемлекеттік органдар мен өңірлік денсаулық сақтау орталықтары заңдар мен бағдарламалар, ғылыми зерттеулер және әлеуметтік маркетинг арқылы салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастырып, қауіпсіз қоршаған орта құру бағытында жұмыс атқаруда.

1996 жылғы сәуірде Кореяның Азық-түлік және дәрі-дәрмек қауіпсіздігі қызметі және оның алты аймақтық бөлімшесі құрылды. 1998 жылы бұл мекеме агенттік мәртебесіне көтеріліп, Кореяның Азық-түлік және Дәрі-дәрмек басқармасы болып қайта құрылды. 2004 жылы Медициналық құрылғыларды басқару бөлімі және Биологиялық өнімдерге техникалық қолдау көрсету бөлімі ашылды. 2013 жылғы наурызда ұйым қайта құрылымдалып, қазіргі атауы — Тамақ және дәрі-дәрмек қауіпсіздігі министрлігі болып өзгертілді.

Бүгінгі таңда Оңтүстік Корея Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексі бойынша 25-орында. Бұл елде азық-түлік қауіпсіздігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілгенін және аштықтан болатын өлім қаупінің өте төмен екенін көрсетеді. Сондай-ақ Кореяда бой өсімінің тежелуі мен аштықпен байланысты аурулар әлем бойынша ең төмен деңгейде тіркелген — орташа және ауыр өсу тежелуі небәрі 3% құрайды.

Оңтүстік Кореяда қариялар, еңбекші мигранттар және босқындар — аштық қаупіне жиі ұшырайтын негізгі әлеуметтік топтар. Бұл топтар еңбек нарығында кемсітушілікке жиі тап болады. Зейнетке шыққаннан кейін отбасы немесе қоғам тарапынан қолдаудың жеткіліксіз болуы қарт адамдардың аш қалу қаупін

арттырады. Мұндай құбылыстар экономикалық тұрғыда дамыған ел үшін ерекше жағдай болып саналады.

Йель университетінің зерттеуіне сәйкес, Оңтүстік Корея күн сайынғы тағам қалдықтарын 300 тоннаға дейін азайтуға бағытталған нақты шараларды қолға алған. Сеулдің пилоттық аймақтарында үй шаруашылықтарында тағам қалдықтарын 30%-ға, ал мейрамханаларда 40%-ға дейін қысқартуға қол жеткізілген. Бұл шаралар аштық деңгейін төмендетуге және ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етті.

Оңтүстік Кореяның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды жетістіктерінің бірі – күріш бойынша өзін-өзі қамтамасыз ету саясаты. Ел ішкі тұтынуға арналған күріш өндірісін дамытып, оны экспорттық өнімге айналдыру арқылы экономикасын нығайтты. Бұл саясат 1970-жылдары Кореяның күрішпен толықтай қамтамасыз етілуіне мүмкіндік берді.

Корея күріш пен мал шаруашылығын қорғау үшін протекционистік саясат ұстанғанымен, бидай өнімдері сияқты ел ішінде өндірілмейтін тауарлар бойынша халықаралық саудаға рұқсат берді. Мұндай ішкі даму мен сыртқы сауданың үйлесімі ел экономикасын нығайтып, халықтың жеткілікті әрі тиімді тамақтануын қамтамасыз етті.

Оңтүстік Корея жаһандық аштықты жою мақсатында БҰҰ-ның Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасына 20 миллион АҚШ долларын бөлуге міндеттеме алды. Бұл қаражат алдағы бес жыл ішінде түрлі азық-түлік қауіпсіздігі жобаларын қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ел тік ауыл шаруашылығына инвестиция салып жатыр. Бұл тәсіл ауыл шаруашылық өнімдерін екі-үш қабатты ғимараттарда өсіруге және жаңа технологиялардың дамуына қарай өнім көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай инвестициялар азық-түлік өндірісін жылдам әрі тиімді жүргізуге жол ашады.

Бұрын халықаралық азық-түлік көмегін алушы ел болған Оңтүстік Корея бүгінде осы салада жетекші елдердің біріне айналды. Бұл елдің даму тарихы – көмек алушы мемлекеттен әлемдік азық-түлік қауіпсіздігіне үлес қосатын табысты.

Осы бөлімді қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

ФАО ұсынымдарына, түрлі елдердің заңнамалық құжаттарына және әртүрлі анықтамалардың талдауына сүйене отырып, автор ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік қауіпсіздігінің жаңа анықтамасын ұсынды.

Азық-түлік қауіпсіздігі – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі. Оның мәні – халықтың сапалы әрі қауіпсіз азық-түлікке тұрақты экономикалық және физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету, бұл ретте тұтыну деңгейі ғылыми негізделген ең төменгі нормалардан төмен болмауы тиіс. Мұндай қауіпсіздік жеке тұлға деңгейінен бастап, үй шаруашылығы, өңірлік және ұлттық деңгейде ішкі өндіріс арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін зерттеу барысында оның деңгейін бағалаудың түрлі әдістері мен өлшем құралдары жасалып, көптеген көрсеткіштер енгізілген. Алайда қазіргі таңда барлық факторларды ескеретін, сенімді әрі шынайы, уақыт пен кеңістік бойынша салыстыруға келетін әмбебап көрсеткіш жоқ.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін бағалауға қажетті шарттар жүйесі айқындалды. Бұл жүйе жыл бойы халықтың барлық әлеуметтік топтарын қажетті көлемде тағаммен тұрақты қамтамасыз етуді сипаттайтын жағдайларды қамтуы тиіс. Азық-түлік қауіпсіздігін бағалау үшін интегралды әдіс қолдану ұсынылады. Бұл әдіс әртүрлі өлшем бірліктеріне ие экономикалық көрсеткіштер жүйесін біріктіреді.

Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі мен жағдайын бағалау халықаралық және ұлттық деңгейлерде (аймақ, облыс, әлеуметтік топ, үй шаруашылығы, жеке тұлға деңгейлері) нақты өлшемдер мен әдістемелерге негізделген жүйелі тәсілді талап етеді. Осыған байланысты әр деңгейде өзіндік бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін есептеу қажет. Мұнда критерийлер – бастапқы және болжамды жағдайға негізделген сапалық мақсаттарды білдірсе, көрсеткіштер – сол мақсаттарға жету деңгейін сандық түрде көрсететін өлшемдер болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, әлемдік экономикада басты назар көбінесе экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталады, ал азық-түлік қауіпсіздігі осы шеңберде қарастырылады. Көптеген елдерде азық-түлік қауіпсіздігіне арналған жеке заң немесе стратегия жоқ, бұл мәселе көбінесе «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заң аясында қаралады. ТМД елдері мен шетел мемлекеттерінің әдістемелік тәсілдеріндегі айырмашылықтар олардың геосаяси бағыты мен нормативтік базасына байланысты. ТМД елдері Ресей Федерациясының стандарттары мен тәсілдеріне сүйенсе, Ресей өз кезегінде кеңестік кезеңнің (КСРО) стандарттарына негізделеді. Ал дамыған елдерде азық-түлік қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп, арнайы өнім түрлеріне жауапты агенттіктер құрылады, ұлттық және экономикалық қауіпсіздік стратегиялары мен «ақ кітаптар» әзірленеді.

Бұл тарауда азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланыс, төзімділік (resilience) арқылы медиаторланған және мемлекеттік қолдау әсерімен модерацияланған зерттеу тақырыбына арналған кең ауқымды әдеби шолу жүргізілді. Шолу барысында негізгі ұғымдар – төзімділік, азық-түлік қауіпсіздігі, мемлекеттік қолдау және әл-ауқат – егжей-тегжейлі талданды. Зерттеу Good Governance Theory (GGT) және Resilience Theory (RT) шеңберінде қарастырылды.

Әртүрлі ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, бұл бөлім әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы логикалық байланысты анықтады, төзімділіктің осы қатынаста делдал ретінде әрекет ету механизмін көрсетті. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдаудың модератор ретіндегі рөлі мен оның азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатқа әсер ету дәрежесі талқыланды.

Әдеби шолудың маңызды бөлігі ретінде библиографиялық талдау жүргізіліп, зерттеу тақырыбы бойынша қолданыстағы ғылыми еңбектердің құрылымын визуализациялау үшін VOSviewer бағдарламасы пайдаланылды. Бұл әдіс азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат, төзімділік және мемлекеттік қолдау тақырыптарындағы негізгі ғылыми трендтерді, жиі дәйектелетін еңбектерді және зерттеу желілерін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер мемлекеттік қолдаудың модератор ретіндегі рөліне қатысты зерттеулердің әлі де шектеулі екенін көрсетті.

Шолу теориялық көзқарастарды жүйелеп, төзімділікті арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін күшейту арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуда тиімді мемлекеттік басқару мен қолдаудың маңызын атап өтті. Сонымен қатар, осы айнымалылардың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық контекстерде өзара байланысын түсіндіруде бар ғылыми олқылықтар анықталды.

Осы ғылыми негізге сүйене отырып, келесі тарауда зерттеудің әдіснамалық тәсілдері ұсынылады. Онда зерттеу дизайны, деректерді жинау әдістері және талдау тәсілдері сипатталып, гипотезаларды жүйелі түрде тексеруге арналған құрылымдық негіз қаланады.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІН КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

2.1 Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау бағдарламалары және олардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі

Ауыл шаруашылығының, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) дамуы елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейімен тығыз байланысты. АӨК-тің аграрлық секторында әртүрлі шаруашылықтардың қызметін зерделеуде мемлекеттік реттеу басты фактор болып табылады. Бұл реттеу нормативтік-құқықтық және қаржылық тетіктер арқылы елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы салаларын дамыту барысында әрбір шаруашылықтың болашақтағы рөлін және орнын анықтап, негізгі даму бағыттарын белгілейді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылығы өнімдерін және азық-түлік тауарларын өндіру, өңдеу және қайта өңдеумен айналысады. Сондықтан ол халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты – халықты қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерімен, сондай-ақ бәсекеге қабілетті әрі сұранысқа ие тауарлармен қамтамасыз ету. Жақсы дамыған АӨК қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарымен толыққанды қамтылған жүйе ретінде сипатталуы мүмкін.

Еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігінің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясы [171], 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» №527-IV Заңы [172], 2011 жылғы 26 қаңтардағы сауда қызметін реттеу мәселелеріне қатысты заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы №400-IV Заңы [173], 2011 жылғы 22 шілдедегі «Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы» №474-IV Заңы [174], 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №390-VI Заңы [175], 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы [176], сондай-ақ 2007 жылғы 21 шілдедегі №301 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [177] болып табылады.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше болуына байланысты, осы одақтың ережелері мен талаптарына сәйкестік мақсатында АӨК мемлекеттік реттеу құралдарын қайта қарау қажеттігі туындады. Себебі елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі АӨК-тің жұмыс істеу ережелері мен оның дамуымен тығыз байланысты. «Жасыл себет» шеңберіндегі қаржыландыру көлемі артты, себебі «қызыл себет» шаралары шеңберінде АӨК-ке көрсетілетін қаржылық қолдау деңгейі төмендетілді.

2016 жылға дейін мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығындағы мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысатын өндірушілерге берілген тікелей

төлемдер мемлекеттік қолдаудың негізгі құралы ретінде қолданылды. Алайда кейін бұл төлемдер тоқтатылды. Осы өзгерістерге байланысты агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) жеңілдетілген несие беру, күрделі инвестициялық шығындарды жабу және сақтандыру төлемдері үшін бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі артты.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы салаларының өнімділігін жоғарылату мақсатында республикалық және аймақтық деңгейдегі бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылды. Соңғы жылдары олардың ішіндегі маңызды бағдарламалар мыналар:

1. «Ауыл» бағдарламасы (1991–1995 жылдар және 2000 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму жоспары) [178]. Бағдарламаның негізгі мақсаты – агроөнеркәсіптік кешендегі әлеуметтік-экономикалық саясатты қолдау, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, еңбек өнімділігін жоғарылату, сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету және өнеркәсіпті шикізатпен қамту болды. Бағдарлама аясында ауыл шаруашылығында жаңа кәсіпорындар ашу, нарықтық қатынастарды жетілдіру, кооперация мен меншік мәселелеріне қатысты заңнамаларды жақсарту, сондай-ақ ауылдық аймақтарды дамыту шаралары жүзеге асырылды.

2. 1993–1995 жылдардан 2000 жылға дейінгі АӨК дамыту тұжырымдамасы [179]. Бұл бағдарлама мал шаруашылығы құрылымындағы айтарлықтай өзгерістерді көздеді, сондай-ақ халықтың жеке құрылыс, саяжай, және қоғамдық бақтарға арналған жер телімдерін беру арқылы жеміс пен көкөніс өндірісін арттыруды мақсат етті. Ауыл шаруашылығын қаржыландыру мен несиелендіру «Агроөнеркәсіптік кешен салаларын несиелендіру және мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру туралы» Қазақстан Республикасының №931700 Заңына сәйкес жүзеге асырылды. Өнім өндірісі мен қайта өңдеуге арналған шығындарды азайту мақсатында несиелердің пайыздық мөлшерлемелері төмендетілді, ал қайтару мерзімдері өнім өндіру және өткізу циклдеріне қарай қайта қаралды.

3. 2003–2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасы [180]. Бұл бағдарлама аграрлық өндірісте бәсекеге қабілетті өнімдер арқылы елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. Бағдарламаны іске асыру барысында ауыл шаруашылығында оң өсім байқалды. Мысалы, жалпы ауыл шаруашылығы өнімі 8,5%-ға, ет өндіру 7,6%-ға, сүт өндірісі 4,5%-ға, ірі қара мал басы саны 5,9%-ға өсті. Лизингтік несиелерге қатысты қарыздар қайта қаралып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық жағдайын жақсарту жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, бұл шаралар дағдарыстан толық шығу, өндіріс тиімділігін арттыру және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болды.

4. 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту мемлекеттік бағдарламасы [181] ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру, нарықтық экономикаға көшу, аграрлық өндірісті қайта құру және саланың әлеуетін арттыруға бағытталған маркетингтік стратегияларды енгізуге негізделді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында агроөнеркәсіп секторына мемлекеттен

қолдау көлемі айтарлықтай ұлғайды. 2002 жылы республикалық бюджеттен 27,3 млрд теңге бөлінсе, 2008 жылы бұл көрсеткіш 133,8 млрд теңгеге жетті, оның 40,2 млрд теңгесі субсидияларға, ал 52,6 млрд теңгесі несиелерге арналды. 2009 жылы бюджеттен 96,3 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 41,3 млрд теңгесі субсидияларға, ал 14,7 млрд теңгесі несиелерге жұмсалды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу қызметтері үшін қолдау шаралары арқылы су бағасын арзандату мақсат етіліп, су көлемі 9 897,002 млн м³ деңгейінде белгіленді.

Мал шаруашылығы саласында бірқатар проблемалар орын алды: асыл тұқымды мал санының аздығы (5–11%), мал бағу және азықтандырудағы, өнім өндіру мен өңдеудегі ескірген технологиялар, механизация мен автоматизацияның төмен деңгейі, орта және ірі тауарлы өндірістердің жеткіліксіз дамуы, азықтық базаның әлсіздігі. Осыған байланысты мал мен құс өнімділігінің көрсеткіштері төмен болды. Сүт өнімдеріне келер болсақ, айран өндірісі 2,2%-ға, қаймақ пен кілегей өндірісі 20%-ға төмендеді. Бұл құлдыраудың негізгі себептері – шикізаттың (сүттің) жетіспеушілігі, шетелден әкелінетін арзан дайын өнім көлемінің өсуі және жоғары сұранысқа ие сүт өнімдерінің өндірісіне қайта бағдарлау.

5. Ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешу мақсатында 2006-2010 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту тұжырымдамасы және оны іске асыруға арналған алғашқы іс-шаралар бағдарламасы қабылданды [182]. Бұл бағдарламалардың негізгі мақсаты – аймақтық мамандандыруды дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту, техникалық жабдықтарды жаңарту, агроөнеркәсіп субъектілерінің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру және кластерлік әдістерді енгізу арқылы ауыл шаруашылығының дамуын қолдау.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне несие беру және ауыл тұрғындарына шағын несиелер ұсыну үшін «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ арқылы 161 ауылдық несиелік серіктестік құрылды, олар ауылдық аймақтардың 89%-ын қамтыды. Бұл серіктестіктер құрамына 6,7 мыңнан астам ауыл шаруашылығы құрылымдары кірді, олардың жалпы егістік алқабы 7,4 млн гектарды, ал мал саны 1,2 млн басты құрады. Сонымен қатар, 134 ауылдық тұтыну кооперативі 8,7 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несиелер алды.

АӨК субъектілеріне арналған лизинг қызметі «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы жүзеге асырылды, бұл АӨК салаларын техникалық және технологиялық жаңарту және экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өндірісті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі болды. 2006–2009 жылдары «ҚазАгроҚаржы» жалпы құны 123,5 млрд теңгені құрайтын 14 744 бірлік қайта өңдеу құралдары мен ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуды қаржыландырды. Оның ішінде 113,8 млрд теңгеге 14 681 ауыл шаруашылығы техникасы (5354 комбайн, 3950 трактор, 725 егіс кешені, 1139 сепкіш және 3513 басқа техника) және 9,74 млрд теңгеге қайта өңдеу құралдары сатып алынды [183].

Ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыру үшін «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ арқылы микронесиелер беру бағдарламасы жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, 2010 жылдың 1 қаңтарына дейін 1 712 микроқаржы ұйымы тіркелген, оның ішінде 465-і ауылдық, ал 51-і қордың қатысуымен құрылған. 2008 жылмен салыстырғанда (1317 бірлік), микроқаржы ұйымдарының саны 30%-ға артқан. 2005 жылдан бастап қор ауыл тұрғындарына 9,8 млрд теңгеге 53 мың микронесие берді.

Бағдарламалардың нәтижелері жалпы оң болғанымен, оларды нақты бағалау қиын. Бір жағынан, 2006–2010 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру 2005 жылмен салыстырғанда 16,8%-ға артқан, бірақ бұл көрсеткіш бағдарламада жоспарланған межеден 4,9 пайыздық тармаққа төмен болды.

6. 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасы [184] ауыл шаруашылығын қолдаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – аграрлық сектордағы қосылған құн көлемін ұлғайту, өндіріс тиімділігін арттыру, экспорттық әлеуетті дамыту және ішкі нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету. Бағдарлама жүзеге асқан кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі алдыңғы бесжылдыққа қарағанда 3,3 трлн теңгеге жетті. Сонымен қатар, астық өндірісі 10,1%-ға, картоп 14,5%-ға өсті. Мал мен құс шаруашылығында 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға, ал сүт өндірісі 40%-ға артты. Бұл көрсеткіштер агроөнеркәсіп кәсіпорындарының экономикалық жағдайының жақсарғанын, ірі агроөнеркәсіптік құрылымдардың нығайғанын және ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. 2010-2015 жылдары осы бағдарламаны жүзеге асыруға 1 279 855,72 млн теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен 1 035 963,72 млн теңге, жергілікті бюджеттен 243 892 млн теңге қарастырылды. Субсидияланған несие ресурстарының көлемі 64%-ға өсіп, 2015 жылы 41,8 млрд теңгеге жетті.

7. «Агробизнес-2017» бағдарламасы [185] Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Бағдарламада келесі мақсатты көрсеткіштер белгіленді: 1) 2017 жылы АӨК субъектілерін субсидиялау көлемін 3,6 есе арттыру; 2) АӨК субъектілерінің қарыздарын 9 жылға дейін қайта құрылымдап, 500 млрд теңгеге қайта қаржыландыру; 3) 2013-2017 жылдары несиелер мен лизингтердің қолжетімділігін арттыру арқылы мемлекеттік емес несие қаражатын 1,1 трлн теңгеге дейін жеткізу; 4) зиянды организмдердің таралу қаупінің коэффициентін 0,94%-ға төмендету; 5) 2017 жылы зертханалық бақылауға жататын азық-түлік өнімдерінің үлесін 0,27%-ға жеткізу; 6) мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшу үлесін 2015 жылы 62%-ға жеткізу.

8. 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасы [186] «Агробизнес-2017» және су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламалары негізінде әзірленді [187]. Бұл бағдарлама

елдің агроөнеркәсіптік кешенін кешенді дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген ішкі сұранысты қанағаттандыруға, экспортты арттыруға, шағын және орта бизнесті ірі кооперативтерге біріктіруге бағытталған. Сонымен қатар, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, аграрлық сала үшін техника мен жабдықтармен қамтамасыз етуді арттыру, химияландыру құралдарын жеткізу, көліктік инфрақұрылымды дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді кадрлық, ақпараттық, ғылыми-технологиялық тұрғыда қолдау қарастырылған. Бағдарлама аясында аймақтық деңгейде агроөнеркәсіптік кешендерді дамыту бойынша арнайы жоспарлар әзірленіп, бекітілді.

9. «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламасы [188] ірі бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кооперацияларға біріктіру, сырттан әкелінетін қымбат техниканы азайту, сақтандыру жүйесін жетілдіру және субсидия көлемін ұлғайтуға бағытталған. 2013-2020 жылдары бағдарламаны жүзеге асыру үшін 2987 млрд теңге бөлінді. 2015 жылы субсидия көлемі 177,3 млрд теңгеге жетіп, 2013 жылмен салыстырғанда екі есе өсті. Бұл бағдарлама ауылдық бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасап, инвестицияларды көбейтіп, бөлінген қаражаттың тиімділігін арттыруға ықпал етті.

10. «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы [189] ауылдық жерлерде кәсіпкерлікпен айналысуды жоспарлаған адамдарға қолдау көрсету мақсатында жасалған. Бұл бағдарламаның тиімділігі оның бірінші бағытымен ерекшеленеді – жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. Ал екінші бағыты кәсіпкерлер мен бизнесмендерге арналған шағын несие беру бағдарламасы болып табылады, бірақ оның тиімділігіне қатысты әртүрлі пікірлер бар. Бағдарлама шеңберінде 5 жылға дейінгі мерзімге төмен пайыздық мөлшерлемемен шағын несие беру қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау аясында «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қаржыландыру төмендегі бағыттарға бөлінді: 300 млрд теңге агроөнеркәсіп өндірісін қолдауға, оның ішінде 30 млрд теңге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жоспарланды. Агроөнеркәсіптік кешен бойынша жалпы 1 606 жоба 125 млрд теңге көлемінде қаржыландырылды, оның ішінде 1 494 жоба 105,5 млрд теңгеге субсидияланды [190].

11. 2019 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін 49,3 млрд теңге бөлінді, оның 30 млрд теңгесі жалпы сипаттағы трансферттерге арналды [191]. АӨК мемлекеттік қолдау бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізілді, оның ішінде бастысы – инвестициялық субсидиялау механизмі. Бұл механизм аясында 20%-дан 80%-ға дейінгі инвестициялық шығындар (49 паспорт бойынша) құрылыс-монтаж жұмыстары, техникалар және құрал-жабдықтарға өтемақы ретінде субсидияланды. Субсидиялаудың жаңа шарттары ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін 30%-ға дейін ұлғайтуға бағытталған. Бұл өзгерістер қаржының жалпы көлеміне әсер етпейді, себебі бюджет бұған дейін бекітілген негізде қалып отыр. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде несие көлемі 7 млрд теңгеге ұлғайды, субсидиялау мерзімі 5 жылды құрайды, ал

«қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша несие сомасына шектеу жоқ, субсидиялау мерзімі 10 жыл. Бағдарлама шеңберінде берілетін кепілдіктер несие сомасының 85%-ын (немесе «қарапайым заттар экономикасы» бойынша 50%-ын) құрайды. Сонымен қатар, шағын және микрокәсіпкерлікті несиелендіруге бағытталған жаңа бастамалар іске қосылды [191].

Ерте кезеңдегі бағдарламалар («Ауыл» бағдарламасы, 1993–2000 жж. АӨК дамыту тұжырымдамасы) аграрлық секторды нарықтық экономикаға бейімдеуге, ауыл халқының әлеуметтік жағдайын тұрақтандыруға және өндірістік құлдырауды тежеуге бағытталды. Бұл бағдарламалардың негізгі артықшылығы – институционалдық негіз қалыптастыруы және жеке шаруашылықтарды дамытуға серпін беруі. Алайда қаржыландырудың жеткіліксіздігі, басқару тетіктерінің әлсіздігі және мониторингтің болмауы олардың нәтижелілігін шектеді.

2003–2010 жылдардағы бағдарламалар (аграрлық азық-түлік бағдарламасы, ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы) мемлекеттік қолдаудың ауқымын кеңейтіп, субсидиялау, жеңілдетілген несие, лизинг құралдарын белсенді енгізумен ерекшеленді. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығы өндірісінің белгілі бір өсімі тіркелгенімен, құрылымдық мәселелер – технологиялық артта қалу, өңдеу саласының әлсіздігі, импортқа тәуелділік – толық шешілмеді. Демек, бағдарламалар қысқа мерзімді оң нәтижелер бергенімен, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ете алмады.

2010–2017 жылдардағы бағдарламалар («Агробизнес-2017», 2010–2014 жж. АӨК дамыту бағдарламасы) аграрлық секторды индустрияландыруға, қосылған құнды арттыруға және экспорттық әлеуетті күшейтуге бағытталды. Бұл кезеңде қаржыландыру көлемі едәуір ұлғайып, ірі агроқұрылымдардың экономикалық жағдайы жақсарды. Сонымен қатар, шағын және орта шаруашылықтардың бағдарламаларға қолжетімділігі шектеулі болып қалды, бұл әлеуметтік теңсіздікті тереңдету қаупін арттырды.

2017–2021 жылдардағы бағдарламалар агроөнеркәсіптік кешенді кешенді дамытуға, кооперацияны ынталандыруға және ресурстарды тиімді пайдалануға бағдарланды. Алайда өнім бағасының өсуі, өндірістік ресурстар құнының қымбаттауы және қаржылық тұрақсыздық жоспарланған нәтижелердің толық орындалуына кедергі келтірді. Бұл мемлекеттік қолдау тетіктерінің сыртқы экономикалық тәуекелдерге әлсіз бейімделгенін көрсетті.

Соңғы кезеңдегі саясаттық құжаттар (2021–2025 жж. ұлттық жоба, 2021–2030 жж. аграрлық кешенді дамыту тұжырымдамасы) инновациялық даму, цифрландыру, нақты егіншілік, селекция және генетикаға басымдық беруімен ерекшеленеді. Бұл бағыттар азық-түлік қауіпсіздігін ұзақ мерзімді перспективада қамтамасыз етуге әлеуетті түрде мүмкіндік береді. Дегенмен, ұлттық жобаның күшін жоюы және бағдарламалардың жиі өзгеруі мемлекеттік басқарудың тұрақтылығы мен сабақтастығына қатысты тәуекелдерді айқындайды.

Аталған бағдарламаны іске асыру нәтижесінде аграрлық сектор азық-түлік нарығын бірқатар оң факторлардың әсерінен қалыптастырғанымен, жоспарланған нәтижелердің барлығы толық орындалмады. Ең басты

проблемалардың қатарында ауылшаруашылығы өнімдерінің ұсынысының азаюы, 2017 жылы өнім бағасының өсуі, сондай-ақ жанар-жағармай, минералды тыңайтқыштар сияқты өндірістік ресурстардың тарифтері мен бағаларының қымбаттауы болды.

Жалпы алғанда, 2017-2021 жылдар аралығы агроөнеркәсіп кешенінің дамуында маңызды кезең болды деп бағалауға болады. Алайда ауылшаруашылығына тән қиындықтар, оның ішінде күрделі қаржылық жағдайлар мен әлсіз материалдық-техникалық база мәселелері шешілмей қалды. Бұл, әсіресе, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық тұрақсыздығынан айқын көрінеді.

Қабылданған агроөнеркәсіптік кешен бағдарламалары Қазақстанның құлдырау үстіндегі аграрлық секторын қайта қалпына келтіруге ықпал етіп, оның одан әрі дамуына серпін берді. Дегенмен кейбір бағдарламалар жоспарланған мақсаттық көрсеткіштерге толық жете алмады. Соған қарамастан, бұл бағдарламалар ұйымдастырылу тұрғысынан тиімсіз деп айтуға болмайды. Олар экономиканың өзгермелі жағдайларына бейімделе отырып жұмыс істеді және өткен бағдарламаларда жіберілген қателіктерді ескере отырып әзірленді. Ауыл шаруашылығы саласындағы дамудың кейбір кедергілері әлі де кездескенімен, нарықтық экономика жағдайында агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру үшін жаңа тәжірибелер жинақталды.

2021-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту ұлттық жобасы қазіргі заманғы ауылшаруашылығын қолдаудың бағдарламасы ретінде қарастырылуы мүмкін [192]. Оның негізгі мақсаты агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін екі жарым есеге арттыру, экспорт көлемін екі есе көбейту және отандық тауарлар мен азық-түлікпен нарықты толық қамтамасыз ету арқылы еңбек өнімділігін арттыру болды.

Дегенмен, бұл жобаға 6,8 миллиард теңге бөлінгенімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен күшін жойды. Оның орнына 2021–2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының аграрлық кешенін дамытудың тұжырымдамасы қабылданып, жаңа бағдарлама ретінде жүзеге асырылуда [192-193].

2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту ұлттық жобасы осы тұжырымдаманы іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, өсімдік шаруашылығы саласында тұқымдарды бақылау жүйесін тереңдетіп енгізу, қазіргі заманғы техника мен құрал-жабдықтармен жабдықтау, агрохимиялық қызметтерді жетілдіру және минералдық тыңайтқыштарды пайдалану деңгейін арттыру көзделуде.

2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдама бойынша нақты егіншілік технологияларын енгізу және барлық технологиялық процестерді цифрландыру жұмыстары жоспарлануда. Бұл бағытта басты назар молекулярлық биология мен генетикалық инженерия әдістерін пайдалана отырып, жаңа сорттар шығару мен селекциялауға бөлінетін болады. Осылайша, ғылыми зерттеулер әр 5-6 жыл сайын жаңа, ауру мен стресс жағдайларына төзімді, өнімділігі жоғары

дақылдарды шығаруға мүмкіндік береді. 2030 жылға қарай қара бидайдың өнімділігі кем дегенде 20 центнер/гектарға жетуі мүмкін.

Қазақстанның 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес [194], ауылшаруашылығы техникаларын жаңарту және инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын «ҚазАгроҚаржы» арқылы кеңейту агротехниканың жаңару деңгейін 6%-ға арттыруға ықпал етеді. Бұл егін жинау мен егу уақытын қысқартуға, жанар-жағармай мен қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығындарды 15-20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде сапалы тұқымдарды себу деңгейі 93%-тен 98%-ке дейін артып, минералдық тыңайтқыштарды пайдалану 20%-дан 29%-ға дейін өсіп, дәнді дақылдардың өнімділігі 10-15%-ға көтеріледі [194].

Мал шаруашылығын жылдам қарқынмен дамыту үшін шаруа қожалықтарына мал сатып алуға арналған несие көлемін арттыру, шалғай орналасқан мал шаруашылығы мен жайылым инфрақұрылымын жақсарту, селекцияның жаңа әдістерін енгізу, эмбриондарды қолдан ұрықтандыру мен трансплантациялау тәсілдерін қолдану жоспарлануда.

2.2 Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін бағалау әдістемесі

Соңғы жылдары Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде елеулі жетістіктерге жетті. Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексінің мәліметтері бойынша ел 2019 жылғы 48-орыннан 2021 жылы 41-орынға көтеріліп, 2022 жылы 72,1 көрсеткішімен 32-орынға шықты, бұл бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің көпшілігінен озық көрсеткіш [195]. 2023 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 8,2 трлн теңгені құрады. Елде 16,6 млн тонна астық, 2,1 млн тонна майлы дақылдар және 5 млн тонна мал азығы жиналып, ішкі сұраныс толық қамтамасыз етілді. Мал шаруашылығы саласы да тұрақты өсуде: ірі қара мал саны 2,9%-ға, қой мен ешкі саны 4%-ға, жылқы саны 8,3%-ға, түйе саны 5,3%-ға, ал құс басы 9,5%-ға артты [196]. Сонымен қатар, оң динамикаға қарамастан, Қазақстан алдында бірқатар сын-қатерлер бар. Сарапшылар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өз-өзін қамтамасыз ету мен импортты алмастыруға тым көп мән беру ұзақ мерзімді кезеңде кері әсер етуі мүмкін екенін атап өтуде. Сондықтан елдің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім түрлерін өндіруге назар аударып, экспортты дамытуы ұсынылады [197].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты аспектілерінің бірі – халықты сапалы және теңгерімді тамақпен қамту. Барлық қажетті витаминдер, минералдар және басқа да қоректік заттарды қамтитын тамақтану – денсаулықтың және жоғары жұмыс қабілеттілігінің негізі. Дұрыс тамақтанудың болмауы физикалық және ақыл-ой қабілеттерінің төмендеуіне, аурулар санының артуына және тіпті балалардың өсуі мен дамуының баяулауына алып келуі мүмкін. 2022 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін үш жыл ішінде толық қамтамасыз етуді баса айтып, бұл мәселені үкімет пен жергілікті билік органдарының басты басымдығы ретінде атады. Жалпы, Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тұрақты прогреске қол жеткізуде. Алайда осы бағытты одан әрі жалғастыру үшін агроөнеркәсіптік

секторды жаңғырту, өнім сапасын бақылауды күшейту және халық арасында дұрыс тамақтану принциптерін насихаттау жұмыстарын жалғастыру қажет.

Қазақстанның азық-түлік қоржыны айтарлықтай дәрежеде импортқа тәуелді. Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) мәліметіне сәйкес, 2023 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында азық-түлік тауарларының жалпы импорты шамамен 4,4 млрд АҚШ долларын құрады. Импорттың ең үлкен үлесі қант, шоколад және ұн өнімдеріне тиесілі, олардың әрқайсысы жалпы импорттың 6%-ын құрайды [198]. 2023 жылы Қазақстанда өндірілген негізгі азық-түлік өнімдерінің ішінде бидай ұны (3,38 млн тонна), өсімдік майы (672 мың тонна), сұйық сүт (619 мың тонна), жаңа піскен нан (513 мың тонна) және ет пен тамақтық қосалқы өнімдер (408 мың тонна) ерекше орын алады. Дегенмен, жергілікті өндірістің айтарлықтай көлеміне қарамастан, импорт елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [199]. Импортқа тәуелділік Қазақстанды азық-түлік инфляциясына әсер ететін сыртқы факторларға осал етеді. Қазақстан Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес, елдегі азық-түлік инфляциясы негізінен импортқа тәуелділік сияқты ұсыныс факторларымен байланысты.

Осылайша, жергілікті өндірісті арттыруға бағытталған шараларға қарамастан, Қазақстан азық-түлік қоржынының айтарлықтай бөлігін қамтамасыз ету үшін импортқа тәуелді болып отыр. Бұл ауыл шаруашылығы-өнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту және сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті төмендету қажеттілігін көрсетеді.

Бұл бөлімде Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты SWOT-талдау ұсынылады. Талдау автордың эмпирикалық зерттеуі нәтижесінде жасалған, сонымен қатар Ұлттық статистика бюросы (ҰСБ), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (АШМ), БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) және ғылыми әдебиеттердегі мәліметтер негізінде құрастырылды. Кестеде азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың күші, әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен қауіптері жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 3 – Қазақстандағы азық-түлік қоржынының SWOT-талдауы

Күшті жақтары (S)	**Әлсіз жақтары (W)**
Әртараптандырылған ауыл шаруашылығы өндірісі: Қазақстанның кең ауыл шаруашылығы ресурстары азық-түлік қоржынының әртүрлілігін қамтамасыз етеді. **Мемлекеттік қолдау**: Субсидиялар мен мемлекеттік бағдарламалар азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және негізгі азық-түлік өнімдеріне	**Аймақтық теңсіздік**: Ауылдық аймақтарда азық-түлікке қолжетімділік қалалармен салыстырғанда әлдеқайда төмен. **Логистикалық және инфрақұрылымдық мәселелер**: Сақтау, тасымалдау және жеткізу тізбегіндегі тиімсіздіктер азық-түлік қалдықтарының көбеюіне және жоғары шығындарға алып келеді.

қолжетімділікті арттыруға бағытталған. **Өсіп келе жатқан технологиялық даму**: ЖИ (жасанды интеллект), цифрландыру және дәл егіншілік әдістерін енгізу азық-түлік өндірісі мен тарату тиімділігін арттырады **Халықаралық сауда келісімдері**: Ғаламдық нарықтарға қолжетімділік тұрақты азық-түлік жеткізілуін және бағаның реттелуін қамтамасыз етеді.	**Шектеулі әртараптандыру**: Азық-түлік қоржынының негізгі өнімдерге тәуелділігі, теңгерімді және құнарлы тамақтанудың жеткіліксіздігі. **Импортқа жоғары тәуелділік**: Кейбір негізгі азық-түлік өнімдері сыртқы жеткізушілерге қатты тәуелді, бұл жүйені сыртқы факторлардың әсеріне осал етеді.
Мүмкіндіктер (O)	**Қауіп-қатерлер (T)**
Саясатты жетілдіру: Ұзақ мерзімді жоспарлау мен тұрақты азық-түлік жүйелеріне инвестиция салу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін күшейту. **Технологиялық интеграция**: Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік таратуда ЖИ шешімдерін кеңінен қолдану арқылы тиімділікті арттыру. **Тұрақты даму бастамалары**: Органикалық егіншілікті дамыту, жергілікті азық-түлік өндірісін қолдау және экологиялық таза қаптама енгізу. **Қоғамдық ақпараттандыру кампаниялары**: Азаматтарды дұрыс тамақтану, азық-түлік қалдықтарын азайту және тұрақты тұтыну принциптері туралы хабардар ету.	**Климаттың өзгеруі**: Құрғақшылық, су тасқыны және басқа да экстремалды ауа райы жағдайлары ауыл шаруашылығы өнімділігіне қауіп төндіреді. **Экономикалық тұрақсыздық**: Инфляция мен валюта бағамының құбылмалылығы азық-түлік бағасына және оның қолжетімділігіне әсер етеді. **Геосаяси тәуекелдер**: Сауда шектеулері, санкциялар немесе халықаралық қақтығыстар азық-түлік импорты мен экспортына кері әсер етуі мүмкін. **Денсаулық дағдарыстары**: Пандемиялар немесе азық-түліктен таралатын аурулардың өршуі жеткізу тізбегін бұзуы және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.
Ескерту – SWOT-талдау автор тарапынан ҚР АШМ, ҰСБ, FAO және ғылыми әдебиеттер негізінде құрастырылды.	

Азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасы бастапқыда үш негізгі тірекке негізделіп, кейіннен тұрақтылық ұғымын қамту арқылы кеңейді. ФАО бұл тіректерді қолжетімділік, қолайлы қолжетімділік, тиімді пайдалану және тұрақтылық деп сипаттады [95]. Зерттеушілер Тиммер және Огат азық-түлік қауіпсіздігінің мінез-құлық өлшемдеріне баға тұрақсыздығы мен саяси, экологиялық, әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалын атап өтті [96-97]. Олар физикалық, экономикалық, мәдени және тағамдық аспектілерді матрицалық

әдіспен қарастырып, барлық өлшемдердің тұрақтылығын қамтамасыз етуді маңызды деп таныды. Азық-түлік қауіпсіздігінің бастапқы назарында азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігі тұрды. Саведа бұл аспектілердің маңызды болғанымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жеткіліксіз екенін көрсетеді [100]. Жақсы инфрақұрылым, нарықтардың тиімділігі, сақтау жүйелері мен технологиялардың дамуы қолжетімділікті нығайтады, бірақ дамушы елдерде осы мәселелер әлі де күрделі күйінде қалып отыр. Тағамды тиімді пайдалану денсаулық пен тамақтану деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

ФАО және басқа ұйымдар азық-түлік жүйелерінің климаттық өзгерістерге бейімделуін және табиғи ресурстарды сақтауын тұрақтылықтың негізгі элементтері ретінде қарастырады. Бұл болашақ ұрпақтың азық-түлікке қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2030 жылға арналған БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары аштық пен тамақтанбауды жоюды көздейді, алайда COVID-19 және экономикалық дағдарыстар бұл мақсатқа қол жеткізуді қиындатты. Қазіргі статистика әлемдегі азық-түлік тапшылығының артып келе жатқанын көрсетеді, бұл тиімді және тұрақты шешімдерді талап етеді. Азық-түлік қауіпсіздігі – көпқырлы мәселе. Оның тиімді шешімі азық-түліктің қолжетімділігі, қолайлы қолжетімділігі, тиімді пайдаланылуы және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған біртұтас саясат пен инновациялық тәсілдерді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022 – 2024 жылдарға арналған жоспарына сәйкес (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 178 қаулысы) еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің бірнеше маңызды көрсеткіштері бар.

Азық-түлікке қолжетімділіктің маңызды индикаторларының бірі — *қаржылық қолжетімділік.* Бұл көрсеткіш халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының өздерінің қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты азық-түлік өнімдерін сатып алу қабілетін сипаттайды. Яғни, ол тұрғындардың табысы мен шығыстарының деңгейі арқылы олардың азық-түлікті жеткілікті мөлшерде сатып алу әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық қолжетімділікті бағалау кезінде Қазақстан Республикасы бойынша орташа макро және микроэкономикалық деректер жүйесі пайдаланылады. Олардың қатарына мыналар жатады:

- Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) — сатып алу қабілетінің паритеті бойынша есептеледі;
- Халықтың жан басына шаққандағы орташа айлық ақшалай табысы;
- Жан басына шаққандағы орташа айлық ақшалай шығыстары;
- Ай сайынғы азық-түлік себетінің құны;
- Орташа айлық жалақы мөлшері;
- Орташа айлық тағайындалған зейнетақы көлемі.

Бұл көрсеткіштер жиынтығы елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық негізін сипаттайды. Олар тұрғындардың табыс деңгейі мен тұтыну құрылымын талдау арқылы халықтың нақты сатып алу қабілетін, яғни азық-

түліктің экономикалық тұрғыдан қаншалықты қолжетімді екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Тұтынушылық шығындар коэффициенті халықтың жан басына шаққандағы орташа айлық ақшалай шығындары мен табыстарының арақатынасы арқылы (1) формула бойынша есептеледі:

$$К_{шыг} = А_{шыг} / А_{таб} \qquad (1)$$

Мұндағы,

$К_{шыг}$ – тұтынушылық шығындар коэффициенті;

$А_{шыг}$ – халықтың жан басына шаққандағы орташа айлық ақшалай шығындары;

$А_{таб}$ – халықтың жан басына шаққандағы орташа айлық ақшалай табыстары.

Азық-түлікке қаржылық қолжетімділіктің негізгі көрсеткіші – қаржылық қолжетімділік коэффициенті ($К_{ққж}$). Ол жұмыспен қамтылған халықтың табысына қарай азық-түлікті сатып алу мүмкіндігін сандық тұрғыда сипаттайды. Бұл коэффициент келесі формула бойынша есептеледі:

$$К_{ққж} = А_{тсқ} / А_{ж} \qquad (2)$$

Мұндағы,

$К_{ққж}$ – жұмыспен қамтылған халықтың азық-түлікке қаржылық қолжетімділік коэффициенті;

$А_{тсқ}$ – азық-түлік себетінің құны;

$А_{ж}$ – Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшері.

Алынған көрсеткіштерді интерпретациялау үшін автор ұсынған шкала пайдаланылады (4- кесте).

Кесте 4 – Қазақстан Республикасында азық-түлікке қаржылық қолжетімділік шкаласы

Қаржылық қолжетімділік деңгейі	**Көрсеткіштің сандық мәні**
Жоғары деңгей	0,01 ≤ P < 0,07
Орта деңгей	0,07 ≤ P < 0,20
Төмен деңгей	0,20 ≤ P <0,70
Критикалық деңгей	0,70 ≤ P ≤ 1,0
Ескерту: Автор [200] дереккөзіне сүйене отырып есептеген.	

Бұл шкала бойынша коэффициенттің төмен мәні (мысалы, 0,05–0,1 аралығы) халықтың табысы азық-түлік себетінің құнынан әлдеқайда жоғары екенін, яғни азық-түлікке қолжетімділіктің жоғары деңгейде екенін білдіреді.

Керісінше, коэффициент 1-ге жақындаған сайын, орташа жалақы толықтай дерлік азық-түлікке жұмсалатынын, демек халықтың қаржылық жағдайы қиын екенін көрсетеді.

Осылайша, $К_{ққж}$ көрсеткіші елдегі әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті және азық-түлік қауіпсіздігінің экономикалық аспектісін бағалауда маңызды индикатор болып табылады.

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі ұғымы. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында азық-түліктің физикалық қолжетімділігі — бұл ел аумағының барлық өңірінде кез келген уақытта тұтыну нормаларына сай көлемде және ассортиментте азық-түліктің үзіліссіз қамтамасыз етілуі деп анықталған.

Яғни, бұл көрсеткіш халықтың барлық аймақтарында тағам өнімдерінің үздіксіз жеткізілуін, олардың жеткілікті көлемде және сапалы болуын білдіреді.

Физикалық қолжетімділіктің деңгейін бағалау кезінде халықтың нақты тұтыну көлемі мен ғылыми негізделген тұтыну стандарттары арасындағы сәйкестік есепке алынады. Егер халық тұтынатын өнім көлемі тұтыну нормаларына сай болса — физикалық қолжетімділік деңгейі жоғары деп саналады; ал айырмашылық болса — төмен деңгей немесе тапшылық байқалады.

Азық-түлік қауіпсіздігінің қолжетімділігі мен жеткіліктілігін бағалау үшін пайдаланылатын негізгі индикаторлар көрсетілген. 2012 жылғы 9 қазандағы №1280 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, аймақтық тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану тәртібі айқындалған. Бұл қорлар — елдің әр облысында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылған жедел азық-түлік қоры, оның мақсаты — агроазық-түлік нарығына реттеуші әсер ету және өңірлердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекет төтенше жағдайлар аймағындағы халыққа шұғыл көмек көрсетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады.

Бұдан бөлек, республикалық бюджет туралы Заң негізінде жыл сайын Үкіметтің Резервінде төтенше жағдайлар кезінде қолдануға арналған арнайы қаражат қарастырылады. Бұл қаражат мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен сақтауға бағытталады. Мұндай резервтер тек қаржы түрінде ғана емес, сонымен қатар материалдық-техникалық және медициналық жабдықтар түрінде де жинақталады, олардың мақсаты — зардап шеккен халықты өмірлік қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

Сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының басты мақсаты — қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және оларды қайта өндіру үдерісін реттеу болып табылады. Бұл нормалар шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін экологиялық қауіпсіздік қағидаттарына сай жүргізуді көздейді.

Сонымен қатар, елде «ЭКО» белгісімен экологиялық таңбалау (CE-маркировка) жүйесі енгізілген. Бұл таңбалау өнімнің экологиялық таза әрі қауіпсіз екенін білдіреді және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ экспорттық әлеуетін күшейтуге бағытталған. CE-таңбалау Еуропалық Одақтың өнім қауіпсіздігі жөніндегі директиваларына сәйкес келеді және тағам

қауіпсіздігіне қатысты жалпы ережелерді белгілейді. Мұндай стандарттарды енгізу тұрақты даму мақсаттарына (ЦУР) жетуді тездетеді.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының тамақтану мәдениеті артып келеді, осыған байланысты органикалық (экологиялық таза) өнімдер нарығы белсенді дамуда. Бұл сала 2015 жылы қабылданған «Органикалық өнім өндіру туралы» заңмен реттеледі. Аталған заң органикалық өнім өндірудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді, топырақты тиімді пайдалану, салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын көздейді.

Дегенмен, елде экологиялық таза тағам өнімдерінің нақты өндіріс көлемі туралы толық әрі объективті ақпарат жоқ. Сондықтан «жасыл экономикаға» бағытталған инвестициялар көлемін азық-түлік қауіпсіздігі жүйесіндегі қосымша индикатор ретінде қарауға болады.

Азық-түліктің калориялық деңгейі. Азық-түлік қауіпсіздігін бағалау кезінде ФАО (БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы) ұсынған әдістеме қолданылады. Бұл әдістеме бойынша тағам өнімдерінің энергетикалық құндылығының вариация коэффициенті (DEC, ккал/адам/күн) есептеледі. Осы көрсеткіш халықтың тамақтану деңгейінің жеткіліктілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ФАО ұсынымдарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №503 бұйрығына сәйкес, еліміздің халқы үшін ғылыми негізделген физиологиялық нормалар бекітілген. Бұл нормалар тағам өнімдерін тұтынудың жас ерекшелігіне, жынысына және тұрғылықты жеріне (қала немесе ауыл) қарай бөлінеді.

2024 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасында азаматтардың 0,1%-ы ғана азық-түлік себетінің құнынан төмен табысқа ие, бұл ел бойынша жалпы жағдайдың тұрақтылығын көрсеткенімен, кейбір өңірлерде мәселе ушығып отыр. Мысалы, Абай облысында бұл көрсеткіш 0,4%, Түркістанда – 0,5%, ал Шымкентте – 0,7% жеткен. Бұл көрсеткіштер азық-түлік қауіпсіздігі бойынша әлеуметтік осал аймақтарды анық көрсетеді (5 кесте).

2015–2024 жылдар аралығындағы деректерді салыстырмалы талдау халық табысы мен азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгергенін көрсетті. Жалпы алғанда, республика бойынша азық-түлік себетінің құнынан төмен табыс алатын халықтың үлесі төмен деңгейде сақталғанымен, аймақтар арасында елеулі айырмашылық байқалады. Мысалы, 2015 жылы барлық облыстарда бұл көрсеткіш 0,1% шамасында болса, 2023–2024 жылдары Абай (0,4%), Түркістан (0,5%) және Шымкент (0,7%) қаласында айтарлықтай өскен. Бұл аймақтарда табыс теңсіздігі мен азық-түлік бағасының қымбаттауы халықтың осал тобына теріс әсер еткенін көрсетеді. Керісінше, Атырау мен Ақтөбе облыстарында көрсеткіш 0,1% деңгейінде тұрақтап отыр, бұл аймақтардағы экономикалық белсенділіктің және тұрақты табыс көздерінің бар екенін көрсетеді.

Кесте 5 - Тамақ себетінің құнынан төмен табыс алатын халықтың үлесі

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Қазақстан Республикасы	**0.1**	**0.1**	**0.1**	**0.1**	**0.1**	**0.2**	**0.1**	**0.1**	**0.2**	**0.1**
Абай	-	-	-	-	-	-	0.1	0.1	1.1	0.4
Ақмола	0.1	0.2	0.2	0.3	0.2	0.3	0.5	0.4	0.5	0.2
Ақтөбе	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1
Алматы облысы	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.2	0.1	0.4	0.4	0.1
Атырау облысы	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1
Батыс Қазақстан облысы	0.1	0.3	0.2	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1
Жамбыл облысы	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.2	0.1	0.1	0.1
Жетісу	-	-	-	-	-	-	0.1	0.2	0.8	0.1
Қарағанды облысы	0.2	0.1	0.1	0.1	0.2	0.4	0.2	0.2	0.3	0.1
Қостанай облысы	0.2	0.2	0.1	0.4	0.2	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1
Қызылорда облысы	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1
Маңғыстау облысы	0.1	0.1	0.1	0.4	0.2	0.2	0.5	0.1	0.3	0.1
Павлодар облысы	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.2	0.1	0.1	0.1	0.1
Солтүстік Қазақстан облысы	0.5	0.6	0.6	0.1	0.1	0.2	0.2	0.2	0.1	0.1
Түркістан облысы	0.1	0.1	0.2	0.2	0.1	0.3	0.2	0.1	0.2	0.5
Ұлытау	-	-	-	-	-	-	0.1	0.1	0.6	0.4
Шығыс Қазақстан облысы	0.4	0.2	0.8	0.4	0.4	0.2	0.4	0.6	0.2	0.4
Астана қ.	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.2	0.1
Алматы қ.	0.1	0.1	0.1	0.1	0.1	0.2	0.3	0.2	0.3	0.3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	0.1	0.1	0.3	0.7
Ескерту: Автор [226] дереккөзіне сүйене отырып есептеген.										

Тұрғындардың тұтынуға жұмсаған табыстары бойынша аймақтар арасында елеулі айырмашылықтар байқалады. 2024 жылы орташа республикалық көрсеткіш 99 164 теңгені құраса, Алматы қаласында бұл көрсеткіш 133 060 теңгеге жеткен. Бұл – ел бойынша ең жоғары мәндердің бірі. Алматының артынан Астана (135 025 тг) және Қарағанды облысы (128 444 тг) тұр (6 кесте).

Сонымен қатар, халықтың тұтынуға жұмсаған табыстары бойынша аймақтық айырмашылықтар анық байқалады. Егер 2015 жылы республика бойынша орташа табыс 40 675 теңге болса, 2024 жылы ол 99 164 теңгеге дейін артқан, яғни 2,4 есеге өскен. Бұл кезеңде ең жоғары табыс Алматы (133 060 тг) және Астана (135 025 тг) қалаларында тіркелген, ал Жамбыл және Түркістан облыстарында көрсеткіш республика деңгейінен едәуір төмен болған.

Кесте 6 – Өңірлер бойынша тұтынуға жұмсалған халық табыстары

	2015	**2016**	**2017**	**2018**	**2019**	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**	**2024**
Қазақстан Республикасы	**40 675**	**44 198**	**48 619**	**53 224**	**57 427**	**61 358**	**69 038**	**79 223**	**91 020**	**99 164**
Абай								64 907	78 293	82 777
Ақмола	39 717	42 906	48 420	54 937	59 148	65 585	71 032	82 530	97 050	107 558
Ақтөбе	39 238	41 196	42 776	45 549	51 373	55 812	62 250	76 115	83 169	85 794
Алматы облысы	45 471	51 161	52 421	56 446	62 226	66 716	70 964	79 905	83 957	87 675
Атырау облысы	35 648	40 120	44 107	46 839	48 984	52 750	57 161	67 870	74 588	81 198
Батыс Қазақстан облысы	36 848	39 924	44 106	46 867	50 043	53 604	60 026	68 130	81 059	88 945
Жамбыл облысы	28 679	30 423	34 845	38 873	43 337	47 944	54 278	62 342	76 551	82 498
Жетісу								81 671	87 989	103 306
Қарағанды облысы	47 863	52 181	58 267	64 130	69 902	75 827	87 343	102 631	113 291	128 444
Қостанай облысы	38 218	40 595	45 918	47 019	51 616	59 398	71 871	79 940	97 518	105 345
Қызылорда облысы	29 923	31 974	37 171	40 959	44 187	48 355	55 529	64 416	72 307	80 669

Маңғыстау облысы	39 591	41 534	41 139	46 018	49 492	52 072	55 891	67 633	80 144	82 076
Оңтүстік Қазақстан облысы	28 162	30 739	33 459							
Павлодар облысы	40 018	42 665	49 267	54 484	58 702	66 495	78 638	87 569	100 626	110 755
Солтүстік Қазақстан облысы	40 667	46 480	52 347	60 544	62 339	69 726	80 576	93 012	111 706	117 529
Түркістан облысы				32 752	36 059	39 542	46 664	57 484	62 666	65 091
Ұлытау								89 213	104 297	114 654
Шығыс Қазақстан облысы	44 680	49 075	56 506	62 220	64 898	70 120	79 197	99 848	109 488	116 020
Астана қ.	49 447	53 568	60 034	63 004	65 896	67 995	82 234	93 081	116 764	135 025
Алматы қ.	61 119	64 653	70 941	77 689	86 348	85 894	93 906	105 896	121 387	133 060
Шымкент қ.				48 237	45 978	45 728	48 338	57 908	69 843	74 265
Ескерту: Автор [226] дереккөзіне сүйене отырып есептеген.										

Кесте 6 деректерін талдау өңірлер арасында халықтың тұтынуға жұмсаған табыстарының айтарлықтай айырмашылықтарын көрсетеді. 2015–2024 жылдар аралығында республика бойынша орташа көрсеткіш 40 675 теңгеден 99 164 теңгеге дейін өсіп, 2,4 есеге артқан. Бұл халық табысының жалпы өсу үрдісін білдіреді.

Сонымен бірге Алматы және Астана қалаларында табыс деңгейі ең жоғары болғанымен, бұл өңірлерде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі толық шешілді деуге болмайды. Өйткені жоғары табыспен қатар өмір сүру құны мен азық-түлік бағасының жоғары болуы төмен табысты отбасылардың нақты экономикалық қолжетімділігін шектейді. Ал Жамбыл және Түркістан облыстарында табыс деңгейінің республика орташа көрсеткішінен едәуір төмен болуы азық-түлікке қолжетімділік тәуекелдерін күшейтеді.

Алынған нәтижелер табыс деңгейінің өзі азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз етпейтінін, ал баға тұрақсыздығы мен аймақтық теңсіздік төмен кірісті үй шаруашылықтарының әл-ауқатына теріс әсер ететінін көрсетеді. Бұл жағдай азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік басқару тетіктерінің, әсіресе әлеуметтік қолдау мен баға реттеу құралдарының маңыздылығын негіздейді.

Жоғарыдағы салыстырмалы деректер халық табысы мен азық-түлік қауіпсіздігі арасында тікелей байланыс бар екенін дәлелдейді. Халық табысының өсуі азық-түлікке қолжетімділікті арттырғанымен, бағаның тұрақсыздығы және аймақтық теңсіздік төмен кірісті отбасылардың жағдайын күрделендіреді. Алматы қаласында табыстың жоғары болуына қарамастан, өмір сүру құны мен азық-түлік бағасының жоғары болуы төмен кірісті отбасылар арасында азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін өзекті етіп отыр. Сондықтан Алматы қаласы зерттеу аймағы ретінде таңдалды — бұл қалада табыс деңгейі мен азық-түлікке қолжетімділік арасындағы қарама-қайшылық анық байқалады.

Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, төмен кірісті отбасылар халықтың едәуір бөлігін құрап, қаржылық тұрақсыздық пен негізгі ресурстарға шектеулі қолжетімділік мәселелеріне тап болады. Мұндай отбасылар азық-түлік қауіпсіздігі, білім алу және денсаулық сақтау салаларында қиындықтарға кезігеді, бұл олардың жалпы әл-ауқаты мен төзімділігіне әсер етеді. 2023 жылы Қазақстанда жарты миллионнан астам адам кедейлік шегінде өмір сүретіндер санатына жатқызылды, олардың едәуір бөлігі қалалық жерлерде, әсіресе Алматыда тұрады.

Бұл зерттеу Алматы қаласындағы төмен кірісті отбасыларға бағытталған және азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және әлеуметтік капитал арасындағы өзара байланысты зерттеуді мақсат етеді. Қазақстанның ең ірі әрі экономикалық белсенді қалаларының бірі ретінде Алматы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымға ие, бұл табыс теңсіздігінің айқын көрінісін байқатады. Қалада әртүрлі жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау бағдарламалары ұсынылғанымен, көптеген төмен кірісті отбасылар қаржылық қиындықтар мен сапалы азық-түлікке қолжетімділік мәселелерін бастан кешіруде. Осы қиындықтар Алматыны азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқат пен төзімділікке әсерін зерттеуге қолайлы нысанға айналдырады.

Алматыда 2 миллионға жуық адам тұрады, олардың шамамен 20%-ы төмен кірісті отбасыларға жатады. Бұл отбасылар көбінесе мемлекеттік көмекке, бейресми жұмыспен қамтуға немесе әлеуметтік қолдау желілеріне тәуелді болып келеді. Кедейлікті азайтуға бағытталған түрлі бастамаларға қарамастан, көптеген жанұялар экономикалық тұрақсыздық пен өмір сүру құнының өсуіне байланысты тұрақты азық-түлік тұтыну үлгісін сақтауда қиындықтарға тап болуда. Соңғы бес жылда азық-түлік бағасы 25%-ға өсті, бұл осал топтар арасындағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін одан әрі ушықтыра түсті.

Зерттеу аймағы ретінде Алматыны таңдау саналы түрде жасалды, өйткені ол азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және әлеуметтік капитал арасындағы өзара байланысты кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, Алматы – төмен кірісті отбасылар әртүрлі экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға тап болатын тығыз қоныстанған қала, сондықтан ол азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін зерттеуге таптырмас нысан. Екіншіден, қаланың инфрақұрылымы мен саясаттық ортасы қолданыстағы қолдау тетіктерін талдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, бұл зерттеуден алынған нәтижелер Қазақстан бойынша азық-түлік қауіпсіздігін, әлеуметтік қолдау жүйелерін және төмен кірісті

отбасылардың жалпы әл-ауқатын жақсартуға бағытталған саясатты дамытуға үлес қоса алады.

2.3 Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару аясында төмен табысты үй шаруашылықтарын эмпирикалық зерттеудің әдіснамасы

Концептуалды негіздеме және гипотеза әзірлеу. Тұжырымдамалық негіз ұсынылған тәсілдің негізінде жатқан процестер мен себептерді жүйелі әрі құрылымды түрде түсінуге мүмкіндік береді. Ол диссертациялық жұмыста қолданылатын әдіснаманы түсіндіретін бағыттаушы құрал ретінде қызмет етіп, бұрынғы зерттеулерден алынған білімді пайдалануға ықпал етеді. Тұжырымдамалық негізді саяхат картасымен салыстыруға болады, оның масштабында әртүрлі орындар арасындағы қашықтық көрсетіледі. Осылайша, ол бір кезеңнен екіншісіне өтуге кететін уақытты бағалауға көмектеседі [201]. Бұл зерттеудің тұжырымдамалық негізіне тәуелсіз айнымалы (азық-түлік қауіпсіздігі), тәуелді айнымалы (әл-ауқат), медиатор (төзімділік) және модератор (мемлекеттік қолдау) кіреді.

Азық-түлік қауіпсіздігі мен субъективті әл-ауқат арасындағы байланыс ұлттық деңгейде әлі де толық зерттелмеген. Мемлекеттік басқарудың сапасы бұл мәселені шешуде шешуші рөл атқарады, себебі тиімді саясат пен институционалдық жүйелер азық-түлікке қолжетімділікті қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын жақсарта алады. Керісінше, тиімсіз басқару бағаның тұрақсыздығына, азық-түлік таратудағы кемшіліктерге және әлеуметтік қорғаудың әлсіздігіне әкелуі мүмкін. Мысалы, 2007–2008 жылдары Эфиопияда азық-түлік бағасының күрт өсуі қалалық аймақтардағы тұрғындардың субъективті әл-ауқатының төмендеуіне ықпал еткені анықталған [94].

Азық-түлік қауіпсіздігі тек физикалық денсаулыққа ғана емес, сонымен қатар психологиялық әл-ауқатқа да әсер етеді. Аштық пен тамақ жетіспеушілігі адамның эмоционалдық жағдайын нашарлатып, стресс пен депрессияға әкелуі мүмкін [97]. Сонымен қатар, ананың күйзелісі балалардың тамақтану деңгейіне кері әсер ететіні анықталған [98]. Әлеуметтік қолдау жүйелері азық-түлік тапшылығының психологиялық әсерін азайтуға көмектеседі, әсіресе экономикалық қиындықтарға тап болған аймақтарда [99].

Алматы қаласының студенттері үлгісінде жүргізілген эмпирикалық зерттеулер азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстың бар екенін көрсетеді, сондай-ақ аталған өзара байланыста әлеуметтік және мінез-құлықтық факторлардың маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [202].

Gallup World Poll (GWP) деректеріне сүйене отырып, зерттеушілер азық-түлік қауіпсіздігінің субъективті әл-ауқатқа айтарлықтай әсер ететінін көрсетті [100]. Бұл байланыс әртүрлі табыс деңгейлеріндегі елдерде байқалғанымен, экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттерде азық-түлік тапшылығы әл-ауқатқа көбірек кері әсер еткен [101]. Сонымен қатар, араб елдерінде жүргізілген

зерттеу осы байланысты растады және бұл қатынас елдің экономикалық немесе саяси жағдайына қарамастан сақталатынын анықтады [103]. Дегенмен, көптеген зерттеулер азық-түлік қауіпсіздігі мен субъективті әл-ауқатты бөлек қарастырып, олардың өзара ықпалдастығын ескермейді. Осы негізде келесі гипотезны ұсынамыз:

H1: Азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасында оң байланыс бар.

Төзімділіктің медиаторлық әсері. Төзімділік дегеніміз – қолайсыз жағдайларға қарамастан, психикалық денсаулықты сақтай білу немесе оң бейімделу қабілеті [203]. Уақыт өте келе, бұл ұғымның анықтамасы ғылыми білімдердің өсуімен дамып отырды. Төзімділік психология, психиатрия және әлеуметтану сияқты түрлі салалардағы зерттеушілердің назарында. Дегенмен, оның бірыңғай анықтамасы туралы жалпы келісім әлі жоқ. Негізгі мәселе – кейбір адамдардың ауыр жағдайларды дене және психикалық денсаулыққа теріс әсер етпей жеңе білуінің себебі неде екендігінде.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдары мен саяси талқылауларда төзімді азық-түлік жүйелері дамушы елдерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы мүмкін екендігі айтылуда [204]. Бұл жүйелер климаттың өзгеруі, экономикалық дағдарыс, немесе табиғи апаттар сияқты сыртқы қысымдарға қарсы тұра алатын қабілетімен ерекшеленеді. Мұндай төзімді жүйелердің дамуы қоғамның барлық топтарына, әсіресе әлсіз топтарға, азық-түлікке қол жеткізуді арттыруға мүмкіндік береді.

Төзімділік деңгейі төмен адамдар азық-түлік қауіпсіздігінің тұрақсыз жүйесіне тап болу ықтималдығы жоғарырақ, ал төзімділігі жоғары адамдарда бұл жүйе анағұрлым тұрақты болады [205]. Сонымен қатар, төзімділіктің бір бірлікке артуы азық-түлікті тұтыну деңгейінің 0,38%-ға статистикалық маңызды өсуімен байланысты [206]. Бұл көрсеткіш төзімділіктің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлінің айтарлықтай екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта төзімділік тек жеке деңгейде ғана емес, сонымен қатар қауымдастық пен ұлттық деңгейде де маңызды фактор ретінде қарастырылуда. Бұл фактор азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік саясаттың, ресурстарды тиімді пайдаланудың және әлеуметтік қолдау жүйелерінің рөлін ерекше атап көрсетеді. Осыны негізге ала отырып, келесі гипотезаны ұсынамыз:

H2: Төзімділік азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасында медиатор болады.

Мемлекеттік қолдаудың модераторлық әсері. Мемлекеттік саясат азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыруда және қоғамның төзімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады, бұл өз кезегінде жалпы әл-ауқатқа айтарлықтай әсер етеді. Қаржылық көмек, техникалық қолдау және реттеуші шаралар арқылы үкімет азық-түлік қауіпсіздігі жүйелерін нығайтып, осал топтардың төзімділігін күшейте алады. Мысалы, негізгі азық-түлік өнімдеріне қолжетімділікті

қамтамасыз ету, тұрақты азық-түлік өндірісі бойынша оқыту өткізу және әлеуметтік осал топтарға бағытталған саясаттарды жүзеге асыру азық-түлік қауіпсіздігі стандарттарын айтарлықтай жақсарта алады. Зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік қолдау азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың тиімділігін арттырып, тамақтану деңгейін және экономикалық тұрақтылықты жақсартады. Вопп зерттеуінде мемлекеттік саясатпен қолдау тапқан азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламалары экономикалық тұрақтылық пен қоғам әл-ауқатына әлдеқайда оң әсер ететінін анықтады [207]. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін нығайтатын, әлеуметтік осал топтарға қаржылық ынталандыру беретін және төзімділікті қалыптастыруға бағытталған тұрақты саясаттарды әзірлеу мен іске асырудың маңыздылығын көрсетеді [208].

Ғылыми әдебиеттерде зерттеудің жалпы сапасын бағалау кезінде екі негізгі көрсеткіш — *жарамдылық (валидтілік) және сенімділік (реляйбилити)* ерекше атап өтіледі [229]. Сенімділікті қамтамасыз ету және конвергентті және дискриминантты валидтілікті бағалау мақсатында өлшеу моделі мұқият тексеруден өтті. Бұл бағалау барысында көрсеткіштердің ішкі сәйкестігі, мәліметтердің тұрақтылығы және өлшеу құралдарының дәлдігі талданды. Сонымен қатар, алынған нәтижелердің шынайылығын арттыру үшін әртүрлі статистикалық әдістер қолданылды. Өлшеу моделінің жарамдылығы эмпирикалық мәліметтерге сәйкес келуімен, ал сенімділігі алынған деректердің тұрақтылығымен анықталды.

Осы зерттеуде *сенімділік* көрсеткішін бағалау үшін Кронбах альфа коэффициенті қолданылды. Бұл коэффициент 0-ден 1-ге дейінгі диапазонда өлшенеді және белгілі бір латентті конструкцияны өлшейтін айнымалылар мен сұрақтар тобының ішкі үйлесімділігін бағалайды. Кронбах альфасының жоғары мәні зерттеу құралындағы айнымалылар мен сұрақтардың біртұтас концепцияны

дәл өлшейтінін көрсетеді. Шкалалардың сенімділігін анықтау үшін есептелген Кронбах альфасының мәндері 0.78-тен 0.96-ға дейінгі диапазонда болды, бұл зерттеушілер ұсынған 0.7 шекті деңгейінен жоғары көрсеткіштерді көрсетті [230]. Сонымен қатар, барлық конструкциялардың сенімділігін тексеру үшін құрамдас сенімділік (CR) талдауы жүргізілді, оның нәтижелері 0.79-дан 0.96-ге дейінгі диапазонда болды, бұл 0.7 минималды деңгейінен асып түсті (14-кестені қараңыз).

Кесте 14 – Сенімділікті талдау нәтижелері

Айнымалы	**Төзімділік**	**Азық-түлік қауіпсіздігі**	**Мемлекеттік қолдау**	**Әл-ауқат**
Кронбах альфа	0,784	0,851	0,895	0,965
сенімділік (CR)	0,798	0,861	0,953	0,966
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.				

Валидтілік – бұл деректерді жинау құралы немесе әдісі өлшеуге арналған нәрсені қаншалықты дәл өлшейтінін көрсететін көрсеткіш [231]. Зерттеудің валидтілігін растау зерттеушілерге алынған нәтижелердің дәлдігіне және маңыздылығына сенімді болуға мүмкіндік береді. Валидтілікті қамтамасыз ету үшін зерттеушілер сарапшылардың бағалауы, пилоттық тестілеу, корреляциялық талдау сияқты түрлі әдістерді қолданады (15-кестені қараңыз).

Кесте 15 – Корреляциялық талдау нәтижелері

	Төзімділік	**Азық-түлік қауіпсіздігі**	**Мемлекеттік қолдау**	**Әл-ауқат**
Төзімділік	1			
Азық-түлік қауіпсіздігі	0,42	1		
Мемлекеттік қолдау	0,55	0,40	1	
Әл-ауқат	0,485	0,41	0,50	1
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.				

15-кестеде айнымалылар арасындағы орташа деңгейдегі корреляция көрсетілген, бұл мультиколлинеарлық мәселесінің ықтималдығын азайтады. Осылайша, айнымалылар мультиколлинеарлық талаптарына толық сәйкес келеді, және олардың арасындағы корреляция 0,6-дан аспайтындықтан, модельден ешқандай айнымалыны алып тастау қажеттілігі жоқ.

Сонымен қатар, бұл зерттеуде жинақталған валидтілікті (convergent validity) бағалау үшін зерттеушілер ұсынған әдіс қолданылды [232]. Бұл әдіске сәйкес, егер орташа дисперсия алынған мәні (AVE) 0.50-ден жоғары болса, жинақталған валидтілік расталған болып саналады. Біздің зерттеуімізде барлық

AVE мәндері ұсынылған шектен жоғары болды. Бұдан бөлек, дискриминанттық валидтілік (discriminant validity) тексерілуі үшін AVE түбірінің мәні айнымалылар арасындағы корреляция коэффициенттерінен жоғары болуы керек. Біздің нәтижелеріміз дискриминанттық валидтілік талаптарының толық сақталғанын көрсетті (16-кестені қараңыз).

Кесте 16 – Валидтілік талдауының нәтижелері

Айнымалы	**AVE**	**AVE (түбірінің мәні)**
Төзімділік	0,607	0,78
Азық-түлік қауіпсіздігі	0,627	0,79
Мемлекеттік қолдау	0,763	0,87
Әл-ауқат	0,878	0,93
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.		

Нормалдылықты қамтамасыз ету нәтижелерді дәл және сенімді түсіндіруге мүмкіндік береді. Айнымалылардың нормалдылығын бағалау үшін жиі қолданылатын екі негізгі көрсеткіш – асимметрия (skewness) және эксцесс (kurtosis). Асимметрия деректердің таралуының бір жаққа ығысу деңгейін көрсетсе, эксцесс таралу пішінін сипаттайды және шеткі мәндерді немесе экстремалды көрсеткіштерді анықтауға көмектеседі. Егер эксцесс мәні нөлге тең болса, онда бұл қалыпты таралуға сәйкес келеді.

Жалпы, айнымалылардың қалыпты таралуға сәйкес болуы үшін келесі шарттар орындалуы керек:

a) Эксцесс мәні -2 мен +2 аралығында болса, ол қалыпты шектерде деп саналады.

b) Асимметрия мәні өз стандарттық қатесінің екі еселенген мәнінен аспауы тиіс.

Егер бұл критерийлер сақталса, деректердің шамамен қалыпты таралуына негіз бар деп айтуға болады. Алайда, нормалдылық тек статистикалық болжам болып табылады, және кейбір жағдайларда, әсіресе үлгі көлеміне және зерттеу контекстіне байланысты, оның аздаған ауытқулары да қолайлы болуы мүмкін.

Кесте 17 – Нормалдылық талдау нәтижелері

	Skewness		**Kurtosis**	
Айнымалы	**Статистика**	**Стандарттық қате**	**Статистика**	**Стандарттық қате**
Төзімділік	0,39	0,2	0,38	0,3
Азық-түлік қауіпсіздігі	0,33	0,2	1,09	0,3
Мемлекеттік қолдау	0,34	0,2	0,26	0,3
Әл-ауқат	0,21	0,2	1,03	0,3
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.				

Бұл зерттеуде *мультиколлинеарлықтың* болуын бағалау үшін бір негізгі көрсеткіш қолданылды. Негізгі көрсеткіш – айнымалының инфляция коэффициенті (VIF), ол VIF = 1 / (1 – R2i) формуласы бойынша есептелді. Егер VIF мәні 5-ке жақындаса, бұл мультиколлинеарлықтың ықтимал болуын білдіреді және сәйкес айнымалыны модельден алып тастау қажет болуы мүмкін (13-кестені қараңыз). VIF мәндерін талдау негізінде зерттеуде мультиколлинеарлықтың елеулі проблемалары анықталмағаны расталды. 18-кестеде айнымалылар арасында маңызды корреляцияның жоқ екендігі көрсетілген, бұл деректерді талдау мен алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Кесте 18 – Мультиколлинеарлық талдау нәтижелері

Айнымалы	**Азық-түлік қауіпсіздігі**
	VIF
Төзімділік	1,227
Мемлекеттік қолдау	1,299
Әл-ауқат	1,215
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.	

Осы зерттеудің этикалық қағидаларын сақтау мақсатында деректерді жинау алдында бірнеше маңызды шаралар қабылданды. Ең алдымен, зерттеу сапасын қамтамасыз ету үшін ғылыми жетекші тарапынан зерттеу мақұлданды. Құпиялылықтың бұзылуы болашақ зерттеушілер үшін сенімді және құнды деректер алуға кері әсерін тигізуі мүмкін екені ескерілді. Этика талаптарына сәйкес, зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен тұтастығын сақтау үшін қатысушыларға құрметпен қарау маңызды болды. Ғалымдардың пікірінше, этикалық стандарттарды сақтамай жүргізілген зерттеу әдістері мен дизайндар шынайы емес, қате және қорытынды жасауға келмейтін нәтижелерге әкелуі мүмкін [233]. Осыған байланысты, зерттеуге қатысушылар зерттеудің мақсаттары мен мәні туралы толық ақпарат алды. Сонымен қатар, зерттеу барысында олардың жеке басын қорғау үшін есімдері тіркелмегені жөнінде құпиялылыққа кепілдік берілді.

Әл-ауқатты қамтамасыз етудегі негізгі стратегиялық құралдардың бірі – азық-түлік қауіпсіздігін арттыру мен мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану. Алматы өңіріндегі төмен кірісті отбасылар үшін бұл факторлар азық-түлік өндірісін тұрақты дамытуға, ресурстарды тиімді бөлуге және өзгерістерге бейімделуге ықпал ете алады.

Деректерді талдау нәтижесінде бірнеше маңызды қорытындылар жасалды. Біріншіден, азық-түлік қауіпсіздігі мен адамның әл-ауқаты арасындағы оң байланыс расталды, бұл жеткілікті және тұрақты тағаммен қамтамасыз етілген үй шаруашылықтарының өмір сүру сапасы мен жалпы функционалдығы жоғары болатынын көрсетеді. Екіншіден, төзімділік бұл байланыста медиатор ретінде әрекет етіп, азық-түлік қауіпсіздігі адамның әл-ауқатына төзімділік деңгейі арқылы әсер ететінін көрсетті. Яғни, тұрақты тамақтану жағдайы төмен табысты

отбасылардың күйзеліс жағдайларына бейімделу қабілетін күшейтіп, олардың әл-ауқатын арттырады. Үшіншіден, мемлекеттік қолдау модератор рөлін атқарып, төзімділік пен әл-ауқат арасындағы байланысты күшейтті. Бұл отбасылардың әлеуметтік көмек, медициналық қызметтер және жәрдемақылар арқылы ресурстарға қол жеткізіп, тұрақтылық пен өмір сапасын арттыра алатынын дәлелдейді. Осы зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған саясат пен стратегияларды әзірлеу үшін маңызды негіз бола алады.


Азық-түлік қауіпсіздігі мен адамның әл-ауқатын зерттеу аясында төмен табысты үй шаруашылықтарының ерекшеліктерін ескеру маңызды. Зерттеуге 322 респондент қатысты. Олардың ішінде 187-і ер азамат, ал 135-і әйел адам болды. Бұл гендерлік теңгерім зерттеу нәтижелерін әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарға бейімдеуге мүмкіндік береді. Отбасылық жағдайға келсек, қатысушылардың басым бөлігі – 223 адам (69,3%) – отбасылы немесе қарым-қатынаста, 98 респондент (30,4%) бойдақ, ал 49 адам (15,2%) жесір немесе ажырасқан. Отбасылық жағдай респонденттердің әлеуметтік қолдауды сезіну деңгейіне және жалпы әл-ауқатына әсер етуі мүмкін. Білім деңгейі бойынша респонденттер келесі топтарға бөлінді: 165 адам (51,2%) бакалавр дәрежесіне ие, 78 адам (24,2%) кәсіптік немесе техникалық білім алған, 62 респондент (19,3%) жалпы орта біліммен шектелген, ал 17 адам (5,3%) магистр немесе одан жоғары академиялық дәрежеге ие. Бұл көрсеткіштер білім деңгейінің азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікке әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Сипаттамалық талдау көрсеткендей, азық-түлік қауіпсіздігі төмен табысты отбасылардың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Тұрмыстық жағдайдың тұрақсыздығы мен шектеулі ресурстар респонденттердің эмоционалдық және физикалық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Бұл орайда төзімділік маңызды медиатор ретінде әрекет етіп, ресурстардың шектеулілігіне қарамастан өмір сапасын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау модератор ретінде көрініп, азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік арасындағы байланысты нығайтады. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілетін әлеуметтік көмек пен жеңілдіктер отбасылардың қиын жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға көмектеседі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік қолдаудың бар болуы әл-ауқаттың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және мемлекеттік қолдау – төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін негізгі факторлар. Бұл бағытта кешенді саясат пен бағдарламаларды әзірлеу маңызды.

Зерттеуде қолданылған статистикалық талдау мен зерттеу моделін бағалау үшін біз Бөлшекті Кіші Квадраттар (PLS) әдісін қолдандық. Ғалымдар PLS әдісін қолданудың екі негізгі артықшылығын атап өтеді [234]. Біріншіден, PLS жолды модельдеу эндогенді айнымалының дисперсиясын түсіндіруді оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл айнымалылар арасындағы ықтимал қатынастар мен корреляцияларды жақсы түсінуге көмектеседі. Екіншіден, PLS күрделі өзара әрекеттесулер мен көптеген айнымалыларды басқарудағы икемділігі мен

сенімділігімен ерекшеленеді, бұл оны күрделі зерттеу модельдеріне әсіресе қолайлы етеді.

Сонымен қатар, біз деректерді талдау үшін SmartPLS 3.0 бағдарламалық жасақтамасын және PLS-SEM әдісін қолдандық. Ғалымдар ұсынғандай, жол коэффициенттерінің маңыздылығын анықтау үшін 5000 қайта таңдауы бар бутстрап әдісі қолданылды [235]. Бұл әдіс модельдегі байланыстардың беріктігі мен маңыздылығын бағалауға көмектеседі және статистикалық нәтижелердің сенімділігін арттырады. Бұдан бөлек, алдыңғы зерттеулер PLS-SEM әдісінің жанама әсерлерді тестілеу үшін пайдалы екенін көрсетеді [236]. Бұл тәсіл айнымалылар арасындағы медиативті немесе жанама байланыстарды тереңірек зерттеуге мүмкіндік беріп, күрделі себеп-салдарлық қатынастарды жақсырақ түсінуге ықпал етеді (10-суретті қараңыз).



Сурет 10 – Құрылымдық модельдің нәтижелері
Ескертпе-автор құрастырған

Сонымен қатар, медиативті модерация гипотезасын зерттеу үшін SPSS PROCESS макросы қолданылды. Бұл кеңінен қолданылатын құрал зерттеу моделінде медиаторлық және модераторлық әсерлерді бағалауға қажетті статистикалық әдістерді қамтамасыз етеді. SPSS PROCESS макросы арқылы медиаторлық және модераторлық талдауды біріктіру зерттеудегі айнымалылардың өзара әрекеттесуін тереңірек қарастыруға мүмкіндік беріп, олардың біріккен әсерлерін дәлірек түсіндіруге жол ашты.

Азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей әсері. Байланыстардың маңыздылығы талдау нәтижелеріне негізделе отырып зерттелді, олар 8-суретте көрсетілген. Нәтижелер азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы оң қатынасты қарастыратын 1-ші гипотезаны қолдайды (жол коэффициенті = 0.251, t = 2.512). Бұл азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей оң әсер ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, төзімділік медиатор рөлін атқаратыны анықталды (жол коэффициенті = 0.105, t = 2.461), бұл азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінің жоғары болуы арқылы әл-ауқат жақсаруын түсіндіреді. Мемлекеттік қолдау модератор ретінде зерттелгенде, оның азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік

арасындағы байланысты күшейтетіні байқалды (жол коэффициенті = 0.109, t = 1.98). Мұнда t-мағыналары жол коэффициенттерінің статистикалық маңыздылығын анықтау үшін қолданылды, бұл айнымалылар арасындағы қатынастардың сенімділігін көрсетеді.

Төзімділік медиаторлық рөлі. 19-кестеде жалпы әсердің статистикалық тұрғыдан маңызды екені көрсетілген (β = 0.312; t = 3.046). Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланыстың төзімділік арқылы жүзеге асатыны анықталды (β = 0.105; t = 2.461), бұл медиатор айнымалының бар екенін көрсетеді.

Тікелей әсерді ескергенде, азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей ықпалы үлкен (β = 0.277; t = 2.937), бұл төзімділік медиатор рөлін атқаратынын растайды. Басқаша айтқанда, зерттеу нәтижелері төзімділік азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланысты ішінара делдалдайтынын көрсетеді. Жалпы әсердің жоғары болуы және азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы тікелей байланыстың айтарлықтай әлсіреуі (β = 0.105; t = 2.461) бұл медиаторлық әсерді растайды. Нәтижесінде, 2-ші гипотеза (H2) қолдау тапты.

Кесте 19 – Төзімділіктің медиаторлық рөлінің нәтижелері

Жолы	**Стандартталған Коэффициенттер (t-мәндері)**		
	Жалпы Әсерлер	**Тікелей Әсерлер**	**Жанама Әсерлер**
Азық-түлік қауіпсіздігі-> әл-ауқат	0,312 (3,046)***	0,277 (2,937)***	0,105 (2,461)***
Азық-түлік қауіпсіздігі-> Төзімділік		0,307 (2,756)***	
Төзімділік->әл-ауқат		0,380 (3,511)***	
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.			

Мемлекеттік қолдаудың модераторлық рөлі. Зерттеу моделіне мемлекеттік қолдауды модератор айнымалы ретінде енгізіп, оның азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік арасындағы байланысқа әсерін қарастырдық. Модерацияны бағалау үшін bootstrap әдісі қолданылды.

20-кестеде көрсетілген нәтижелер мемлекеттік қолдаудың азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділік арасындағы байланысты күшейтетінін дәлелдейді. Бұл мемлекеттік қолдауының деңгейі азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікке әсерін күшейте алатынын көрсетеді.

Осылайша, талдау нәтижелеріне сүйене отырып, 3-ші гипотеза (H3) расталды және қабылданды. Бұл нәтижелер мемлекеттік қолдаудың маңызды рөлін көрсетеді, өйткені ол азық-түлік қауіпсіздігі мен төзімділікке тигізетін

әсерін арттыру арқылы әл-ауқатты қамтамасыз етудегі маңызды фактор болып табылады.

Кесте 20 – Мемлекеттік қолдаудың модераторлық рөлінің нәтижелері

Гипотеза	**Байланыс**	**Өзара әрекеттесу термині (β)**	**Өзара әрекеттесу термині (Т-статистика)**
Н3	Азық-түлік қауіпсіздігі -> Төзімділік	0,109	1,986**
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.			

Модерацияланған медиация моделі. Зерттеуімізде модерацияланған медиаторлық талдауды жүргізу үшін PROCESS macro әдісі қолданылды. Модерацияланған медиаторлық әсерді бағалау үшін PROCESS macro-ның 14-моделі пайдаланылды. Модельдің маңыздылығын анықтау үшін 95% сенімділік интервалын (CI) түзетілген қателермен есептеу жүргізілді. Бұл интервал 5000 итерация негізінде есептеліп, жанама әсердің нақты бағасын қамтамасыз етеді [237].

21-кестеде көрсетілген нәтижелер модерацияланған медиаторлық гипотезаны растайды. Себебі сенімділік интервалы нөлді қамтымайды, бұл азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа әсер ететін жанама ықпалының мемлекеттік қолдаудың модерациясымен статистикалық тұрғыдан маңызды екенін көрсетеді.

Алынған нәтижелер медиатор (төзімділік), модератор (мемлекеттік қолдау) және тәуелді айнымалы (әл-ауқат) арасындағы байланысты ескеру қажеттілігін ерекше атап көрсетеді. Бұл, жалпы алғанда, біздің зерттеуімізде модерацияланған медиаторлық әсердің бар екенін растайды және мемлекеттік қолдаудың азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа ықпалын күшейтудегі маңызды рөлін көрсетеді.

Кесте 21 – Нәтижелер Модерацияланған медиация талдауы

Айнымалы	**Жанама әсер**	**Индекс**	**Стандартты қате (SE Boot)**	**95% сенімділік интервалы төменгі шек**	**95% сенімділік интервалы жоғарғы шек**
Әл-ауқат	0,034	0,26	0,16	0,007	0,071
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.					

Толықтай зерттеу жүргізу нәтижесінде, зерттеуде қолданылған барлық гипотезалар расталып, қолданылған модельдің дәлдігі мен сенімділігіне айтарлықтай қолдау көрсетілді (қосымша ақпарат үшін 19-кестені қараңыз). Азық-түлік қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қалыптастыратын жүйеқұраушы фактор ретінде әрекет ететінін, оның халықтың

теңсіздігі мен әл-ауқатына ықпал ететінін дәлелдейді [238]. Бұл тұжырым диссертациялық жұмыста қолданылған азық-түлік қауіпсіздігінің әсері төзімділік арқылы жанама түрде жүзеге асады деген теориялық логикамен тұжырымдамалық тұрғыда толық сәйкес келеді.

Гипотезалардың дәлелденуі зерттеу әдістемесінің сенімділігін ғана емес, сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатты арттырудағы маңызды рөлін де көрсетеді. Бұл нәтижелер азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей және жанама әсерін, сондай-ақ мемлекеттік қолдау мен төзімділіктің арадағы байланысты қалай күшейтетіні туралы түсінік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері әл-ауқатты жақсарту үшін төзімділік пен мемлекеттік қолдауды күшейтуге бағытталған саясат пен шараларды әзірлеу қажеттілігін айқындайды.

Үлестер мен ұсыныстар. Нәтижелер негізінде Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдар мен стратегиялар ұсынылды. Бұл ұсыныстар әл-ауқатты арттырудағы олқылықтарды жоюға және әлсіз тұстарды нығайтуға бағытталған, бұл өз кезегінде елдегі азық-түлік жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Теориялық үлесі. Бұл зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі, әл-ауқат және төмен табысты халықтың төзімділігі саласындағы ғылыми әдебиетке бірқатар теориялық үлес қосады. Біріншіден, бұл жұмыс азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік әл-ауқатқа байланысты пәндер арасындағы зияткерлік үрдістерді, ғылыми өнімділікті және ынтымақтастық үлгілерін жүйелі түрде зерттеу арқылы осы саладағы білімді кеңейтеді. Кешенді библиометриялық әдістерді қолдану төрт негізгі тақырыптық білім кластерін анықтауға мүмкіндік берді, бұл азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге жол ашады. Екіншіден, ко-цитация, ко-пайда болуы және уақытша жиілік талдауы секілді озық библиографиялық құралдарды қолдану зерттеушілерге негізгі тақырыптардың дамуын бақылауға және зерттелмеген мәселелерді айқындауға көмектесті. Бұл болашақ зерттеу күн тәртібін нақтылауға және ғылыми ізденістердің практикалық мәселелермен ұштасуына септігін тигізеді. Үшіншіден, бұл зерттеуде Good Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) біртұтас концептуалдық үлгіде біріктірілді. Бұл үлгі азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы күрделі байланысты түсіндіреді. Атап айтқанда, төзімділік медиатор рөлін атқарып, ал мемлекеттік қолдау модератор ретінде әрекет етеді. Осылайша, бұл үлгі жеке және институционалдық деңгейлерді байланыстыратын жаңа теориялық жол ұсынады. Бұл көзқарас әлеуметтік осал топтардың өмірлік тәжірибесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Соңында, бұл зерттеудің теориялық негізі құрылымдық басқару факторлары мен жеке бейімделу қабілеттерін қатар ескеру қажеттілігін көрсетеді. Көпқырлы әдістемелік тәсілді қолдана отырып, бұл жұмыс тек теорияны дамытуға ғана емес, сонымен қатар ғылыми нәтижелердің практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді. Осы үлес болашақтағы пәнаралық зерттеулерге жаңа бағыт береді және әлеуметтік тұрғыдан осал қауымдастықтарға арналған тиімді саясаттарды әзірлеуге негіз болады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және әл-ауқаттың өзара байланысын талдауға арналған интеграцияланған көзқарасты ұсына отырып, ғылыми дискурсты байытады. Ол зерттеушілерге, саясаткерлерге және практиктерге осал топтарды қолдайтын, олардың ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жүйелерді құру үшін теориялық негіз береді.

Басқару үлесі. Бұл зерттеу мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына пайдалы практикалық ұсыныстар береді. Біріншіден, зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі төзімділіктің рөлін объективті түрде бағалау әдісін растады. Бұл деректер Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі саясатын қалыптастыратын мемлекеттік органдар мен ауыл шаруашылығы мамандарына стратегиялық шешімдер қабылдауда көмектесе алады. Мысалы, билік органдары азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыру үшін климаттық өзгерістерге бейімделу стратегияларын енгізіп, фермерлерге қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін әзірлей алады.

Екіншіден, тағамға қолжетімділікті бағалаудың нақты механизмдері мемлекеттік басқарушыларға ауылдық және урбанизацияланған аймақтардағы теңсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл шаралар халықтың тамақтану сапасын жақсартуға, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, жергілікті әкімдіктер мен аграрлық мекемелер әлеуметтік капиталды нығайту үшін фермерлер арасындағы кооперацияны дамытуды және қоғамдық тамақтану жүйелерін қолдауды қарастыруы қажет.

Үшіншіден, мемлекеттік саясатты жүзеге асырушылар зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды жетілдіре алады. Әлеуметтік капитал мен жақсы басқару қағидаттарын ескере отырып, билік органдары шағын және орта ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қолдау шараларын кеңейтіп, нарыққа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Төртіншіден, дәлелдерге негізделген шешімдер қабылдау қажеттілігі айқындалды. Мемлекеттік мекемелер азық-түлік жүйесін цифрландыру арқылы басқару тиімділігін арттыра алады. Мысалы, азық-түлік өнімдерінің жеткізілімін бақылау үшін цифрлық платформаларды енгізу, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану шараларын күшейту ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, дамушы елдердегі азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты зерттеулер жалпы зерттеулердің тек 25%-ын құрайды. Бұл агроөнеркәсіптік секторды дамыту саясатын әзірлеу кезінде жергілікті ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, осы зерттеудің практикалық маңыздылығы оның азық-түлік қауіпсіздігі мен толыққанды тамақтануға төзімділіктің рөлі туралы объективті деректер ұсынуында. Ол мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына тиімді саясатты қалыптастыруға көмектеседі және әлеуметтік капиталды нығайту мен жақсы басқару тәжірибесін дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері төзімділіктің азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін айқындайды. Бұл зерттеу төмен табысты отбасылардың жағдайында төзімділіктің медиатор ретінде азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланысты күшейтетінін, ал мемлекеттік қолдаудың осы байланысты модерациялайтынын көрсетеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуға ықпал етеді, ал төзімділік бұл әсерді күшейте отырып, қиын жағдайларға бейімделуге көмектеседі. Теңгерімді және тұрақты тамақтану арқылы адамдар өз денсаулығын жақсартып, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізеді, бұл олардың жалпы әл-ауқатына оң әсер етеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау осы процесте маңызды модераторлық рөл атқарады. Әлеуметтік жәрдемақылар, субсидиялар мен қолжетімді бағдарламалар отбасылардың азық-түлікке қолжетімділігін арттырып, төзімділік деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Мемлекеттік көмектің болуы қиындықтарға қарсы тұру қабілетін күшейтеді және азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланысты нығайтады. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар мен даму ұйымдары төмен табысты отбасыларға бағытталған кешенді саясаттарды әзірлеуі тиіс. Бұл саясаттар азық-түлік қауіпсіздігін арттырумен қатар, төзімділікті дамытуға және мемлекеттік қолдаудың тиімді тетіктерін іске асыруға бағытталуы қажет. Мұндай шаралар қоғамның осал топтарының өмір сүру сапасын жақсартуға елеулі үлес қосады.

3.3 Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүйелік моделі және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі институционалдық ұсыныстар

Азық-түлік, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы кеңінен танылған теориялық модельдерге сүйене отырып, азық-түлік өндіруге қажетті ресурстардың қолжетімділігінен бастап, оларды түпкі тұтынушыға дейін жеткізу тізбегін және осы өнімдер арқылы адам денсаулығына түсетін әсерді қамтитын тұтас жүйелік модель қалыптастыруға болады.

Бұл модельді одан әрі толықтырып, азық-түлік жүйесінің картасына негізделген, өзара интеграцияланған үдерістер жиынтығымен үйлестіре отырып түрлендіру нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету моделі әзірленеді. Мұндай модель мемлекеттік азық-түлік жүйесіне ықпал ететін экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, адами, технологиялық, қаржылық және басқа да факторлардың кешенді әсерін көрсетеді, сондай-ақ халықтың азық-түлікке қол жеткізу тетіктерін жүйелі түрде түсіндіреді.

Ұсынылған модель азық-түлік тізбегінде пайда болуы мүмкін кез келген жүйелік үзілістерді немесе олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл олқылықтар түпкі тұтынушыға (үй шаруашылықтары мен халыққа) азық-түліктің уақытылы жеткізілмеуіне, нәтижесінде аштық қаупінің немесе азық-түлік қауіпсіздігінің төмендеуінің орын алуына әкелуі мүмкін. Модельдің құрамына

тұтынушыға қатысты ішкі қосалқы жүйе де енгізілген, ол тұтынушы деңгейіндегі жүйелік және жеке кедергілердің азық-түлік жетіспеушілігіне немесе қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне қалай алып келетінін түсіндіруге бағытталған (Кесте 22).

Кесте 22 – Азық-түлік қауіпсіздігінің моделі

Мемлекет			
Әсер ету әдістері			
Өндірушінің ішкі жүйесі	**Тұтынушының ішкі жүйесі**	**Тамақтану ішкі жүйесі**	**Денсаулыққа әсері**
Өндіріс: маусымдық, табиғи және климаттық жағдайларға тәуелділік, өндірістің негізгі құралы - жер, өндірісте тірі организмдерді пайдалану, көптеген көрсеткіштер ықтималдық тәуелділікте.	Сатып алу: үй шаруашылығы мүшелерінің табыс деңгейі, азық-түлік өнімдерінің баға деңгейі, сақтау мерзімі.	Ас қорыту: антибиотиктер, диета, қант, қуырылған тағамдар, алкоголь, стресс, темекі шегу	Денсаулық: Тағамның оңтайлы мөлшері, тағамның оңтайлы сапасы, оңтайлы тамақтану құрылымы
Өнімді өңдеу: тауарларды өндіру шығындары, өндіріс технологиясы және ресурстардың бағасы, салықтар мен субсидиялар, байланысты тауарлардың болуы.	Тамақ дайындау: тамақ дайындау технологиясы, тағам туралы білім, тағам түрлері	Зат алмасу: бұлшықет массасы, жынысы, жасы, тамақтану жиілігі, тағамдағы дәрумендер мен қышқылдардың жетіспеушілігі, өмір салты, өмірдегі маңызды өзгерістер.	Семіздік, қант диабеті, гипертония, атеросклероз, жүрек ауруы, қатерлі ісік
Тарату: сату уақыты мен арналары, көлік инфрақұрылымы, ауа райы жағдайлары, бөлшек сауда нүктелерінің қолжетімділігі, әлеуетті сату көлемі, өнім сапасы, сату шығындары, тасымалдау, сақтау және өңдеу	Тұтыну: отбасылық тамақ тұтыну дәстүрлері, отбасы ішінде тамақты тарату, тамақтану әдеттері, тамақтану тәжірибелері және бала күтімі тәжірибелері.		
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.			

Азық-түлік қауіпсіздігінің жоқтығының негізгі аспектілері – азық-түліктің қолжетімділігі, жеткіліктілігі және оны пайдалану – ұсынылып отырған модельде де өз көрінісін табады. Бұл модель кіріс және шығыс параметрлері, сондай-ақ сыртқы мазалаушы факторлары бар классикалық математикалық модель қағидаттарына сүйеніп құрылған.

Кіріс параметрлеріне ресурстар мен қоршаған орта факторлары жатады. Олардың қатарына биоклиматтық, табиғи, биологиялық, генетикалық, еңбек ресурстары, қаржылық ресурстар, мемлекеттік қолдау ресурстары, инфрақұрылымдық және материалдық-техникалық ресурстар кіреді.

Шығыс параметрлері ретінде халық денсаулығына азық-түлік өнімдерін тұтынудың ықпалы қарастырылады.

Сыртқы мазалаушы әсерлер тұтынушылық жүйеге ықпал ететін мемлекеттік реттеу тетіктерін қамтиды. Олар:

– қаржылық-экономикалық құралдар,

– ұйымдастырушылық-әкімшілік ықпал ету тетіктері,

– нормативтік-құқықтық тетіктер,

– ақпараттық-консультациялық механизмдер.

Аталған әсерлер ресурстарды пайдалану тиімділігіне, азық-түлік өндірушілердің қызметіне, тұтынушылардың мінез-құлқы мен мүмкіндіктеріне, сондай-ақ олардың денсаулығына тікелей ықпал етеді.

Азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігі белгілі бір елге, өңірге, облысқа, қалаға немесе ауылға жеткізілетін азық-түлік көлемін білдіреді және ол өндірушілердің жеткізу тізбегінің, логистикалық жүйесінің дұрыс жолға қойылуына тікелей тәуелді.

Азық-түлікке қол жеткізу – жеке тұлғалардың немесе үй шаруашылықтарының ұсынылған өнімдер ассортиментін сатып алу және олардан тағам әзірлеу мүмкіндіктерін сипаттайды. Тағамды дайындау процесі бұл модельде тамақтану кіші жүйесі арқылы көрініс табады.

Осы көрсетілген кіші жүйелердің кез келгенінде туындайтын жеткіліксіздік немесе жүйелік ақаулар әртүрлі деңгейдегі аштық тәуекеліне, қауіптердің күшеюіне немесе толыққанды азық-түлік қауіпсіздігінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Аталған кемшіліктер мен ақаулар жүйелік және жеке деңгейдегі кедергілерге байланысты қалыптасады. Бұл кедергілер сыртқы және ішкі орта факторларын қамтиды, яғни ұйымдастырушылық, қаржылық, технологиялық, нормативтік-құқықтық, саяси және басқа да шектеуші факторлар.

Бұл факторлар азық-түлік жүйесінің кез келген кезеңінде – бастапқы ресурстардан бастап, соңғы тұтыну мен халық денсаулығына дейінгі барлық сатыларда азық-түлікке қолжетімділікті шектеуі мүмкін.

Ресурстар мен қоршаған орта деңгейіндегі (ену параметрлері) жүйелік ақау немесе осалдық мемлекеттің бүкіл халқы арасында кең ауқымды аштықтың туындауына алып келуі мүмкін. Мұндай жағдай, әсіресе, ресурстардың шектелуі немесе азық-түлік өндірудің жаппай бұзылуы (мысалы, өндіріс үшін адамдық

және/немесе технологиялық ресурстардың жеткіліксіздігі) орын алған кезде айқын көрінеді.

Бұл кіші жүйеге мемлекет тарапынан түрлі тетіктер арқылы ықпал етуге болады. Атап айтқанда, заңнамалық және нормативтік актілер көмегімен (экологиялық заңнама, Жер кодексі, Еңбек кодексі, Бюджет кодексі және т.б.), ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ақпараттық-консультациялық қолдау көрсету арқылы, шаруа және фермер қожалықтарына несиелер мен субсидиялар ұсыну, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, инновацияларды енгізу, өңірлік азық-түлік қорларын құру, АӨК-тегі жұмыспен қамтуды арттыру жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру, сондай-ақ салалық инфрақұрылымды дамыту сияқты мемлекеттік шаралар арқылы реттеледі.

Өндіруші кіші жүйесі азық-түлік өндіруді, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеп, оны дайын өнімге айналдыруды және сол өнімді тарату жүйелері арқылы бөлу үдерістерін қамтиды. Яғни ресурстарды қайта өңдеуге жарамды шикізатқа, ал шикізатты түпкі тұтынушыға жеткізілетін дайын өнімге айналдыру кезеңдерінің толық тізбегі қарастырылады. Бұл — ауылшаруашылық алқаптары мен фермалардан бастап, дүкен сөресіне дейінгі үздіксіз қозғалыс тізбегі.

Кез келген жүйе сияқты бұл кіші жүйе де бірқатар факторлардың әсеріне ұшырайды:

– маусымдық өзгерістер;
– табиғи-климаттық жағдайлар;
– АӨК-тегі ғылыми-техникалық прогресс деңгейі;
– импорттық өнім тарапынан болатын бәсеке;
– салалық баға белгілеудің ерекшеліктері;
– жердің өндірістің негізгі факторы ретіндегі рөлі;
– мемлекеттік қолдау шаралары және т.б.

Осы факторлардың кез келгені өндірістің тұрақтылығына әсер етіп, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін төмендетуі мүмкін.

Тағам өнімдерін қайта өңдеу, жоғарыда атап өткеніміздей, дайын азық-түлік тауарларын өндірудің технологиялық үдерістерін қамтиды. Мысалы, дәнді дақылдардан ұн, жарма, өсімдік майы, наубайханалық өнімдер, крахмал және басқа да өңделген тағам түрлерін алу.

Қайта өңдеу кезеңінен кейін дайын азық-түлік өнімдері тарату (дистрибуция) жүйесіне түседі. Азық-түлікті бөлу процесі әртүрлі өткізу арналары арқылы жүзеге асырылады: көтерме және бөлшек сауда нүктелері, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, азық-түлік базарлары және басқа да дистрибуциялық желілер.

Өндіруші деңгейіндегі жүйелік ақаулар немесе кемшіліктер өндірістік кіші жүйенің кез келген кезеңінде орын алуы мүмкін. Азық-түлік өндірісіндегі бұзылулар көбіне қаржылық ресурстардың тапшылығы, білікті кадрлардың жетіспеуі, технологиялық жабдықтардың ескіруі, инновациялық технологиялардың жеткіліксіздігі сияқты факторлардан туындайды. Мұндай бұзылулар тұтынушылардың сапалы азық-түлікке экономикалық

қолжетімділігін төмендетеді. Ал шалғай аймақтарда тұратын кейбір үй шаруашылықтары үшін физикалық қолжетімділік те шектелуі мүмкін.

Тұтынушылық жүйе үш негізгі компоненттен тұрады: сатып алу, дайындау және тұтыну.

Сатып алу – бұл тұтынушының (үй шаруашылықтары немесе жеке тұлғалар) қолданыстағы тарату арналары арқылы (көтерме сауда, бөлшек сауда дүкендері, базарлар және т.б.) азық-түлік өнімдерін сатып алу процесі. Бұл жүйедегі ақаулар мен шектеулер табыс деңгейінің төмендігі, азық-түлік бағасының жоғары болуы, әлеуметтік мәртебе және басқа да әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты туындауы мүмкін. Мұндай кемшіліктер халықтың азық-түлікке физикалық, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділігін айтарлықтай шектейді.

Дайындау – бұл өнімдерді кулинарлық өңдеу немесе оларды тұтынуға жарамды күйге келтіру процесі. Бұл жүйедегі ақаулар көбіне тағам дайындау технологиясының сақталмауы, өнімдердің жеткіліксіз көлемі, электр энергиясына, таза ауыз суға, газға шектеулі немесе мүлде қолжетімділіктің болмауы себептерінен туындайды. Мұндай мәселелер тамақтанудың сапасына әрі оның қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Тұтыну - азық-түлікті іріктеу және оны тікелей тұтыну процестерін қамтиды. Тұтыну жүйесіне отбасындағы тамақ үлесін бөлу тәртібі, жоғары дәрежеде өңделген тағамдарды қолдану, діни ерекшеліктер, мәдени нормалар және т.б. әсер ететін факторлар бар. Бұл факторлардың жиынтығы халықтың тамақтану құрылымын, денсаулық деңгейін және азық-түлік қауіпсіздігіне деген жеке бейімділігін анықтайды.

Тұтынушы қосалқы жүйесіне мемлекет тарапынан келесі реттеу тетіктері арқылы ықпал етуге болады, яғни баға саясатын реттеу, аз қамтылған топтарға азықпен көмек көрсету, жұмыспен қамту бағдарламаларын енгізу, еңбек өнімділігін арттыру шаралары, шағын және орта бизнесті қолдау, бәсекелестік үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, көкөніс сақтайтын қоймалар салу, азық-түлікті сақтау шарттарын бақылау, сауда инфрақұрылымын қалыптастыру және жетілдіру.

Тамақтану қосалқы жүйесі адам ағзасында жүретін ас қорыту және метаболизм (зат алмасу) процестерінен тұрады. Бұл жүйе тұтынылған тағамның физикалық, биохимиялық және метаболикалық өңделуін қамтиды.

Мемлекет бұл қосалқы жүйеге тұрғындардың денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік реттеудің кең ауқымды құралдары арқылы ықпал етуі тиіс. Мұндай құралдарға азаматтардың өз денсаулығының деңгейін бағалайтын денсаулықтың өзіндік мониторинг жүйесін әзірлеу және енгізу жатады, одан бөлек салауатты өмір салты жөніндегі оқу-әдістемелік материалдарды дайындау және кеңінен таратуды енгізу керек болады.

Азық-түлік жүйесінің аяқтаушы буыны — халық денсаулығында пайда болатын нәтижелер. Бұл нәтижелер тұрғындардың тұтынатын тағамдарының сапасына, құрамына, мөлшеріне және құрылымына тікелей байланысты.

Оптималды деңгейде және дұрыс құрылымда ұйымдастырылған тамақтану халықтың денсаулығына оң әсер етеді. Ал керісінше, төмен сапалы, зиянды немесе фальсификацияланған тағамдарды артық тұтыну семіздікке, қант диабетіне, атеросклерозге, тағамнан улану және асқазан-ішек жолы ауруларға алып келеді.

Осылайша, тамақтану сапасының төмендеуі немесе тағамға қолжетімділіктің шектелуі тек азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуіне ғана емес, сонымен қатар халық денсаулығы үшін ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық қатерлерге әкеледі.

Көрсетілген қосалқы жүйедегі ақаулар мен кемшіліктер, ең алдымен, халық денсаулығына теріс әсерін тигізеді. Бұл жағдай жеткіліксіз тамақтану салдарынан немесе адам ағзасының түскен тағамды дұрыс қорыта алмауы, сіңіре алмауы нәтижесінде пайда болып, түрлі аурулардың дамуына әкелуі мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бағалауы бойынша, егер жеке шығындардың үлесі саланың жалпы қаржыландыруының 20%-ынан төмен болса, мұндай денсаулық сақтау жүйесі тұрақты болып есептеледі. Ал бұл деңгейден жоғары көрсеткіш керісінше тәуекелдің артуына алып келеді. Мұндай тәуекел азаматтардың ауруға байланысты кедейлік шегіне жақындауымен түсіндіріледі.

Мемлекет аталған жүйеге ықпалын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын кешенді шаралар арқылы жүзеге асырады. Бұл шараларға семіздік, қант диабеті, гипертония, атеросклероз, жүрек-қан тамырлары аурулары, қатерлі ісік сияқты әлеуметтік-маңызды дерттермен күресуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру; халықты скринингтен өткізу; денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау; әлеуметтік-маңызды аурулар тізбесіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін ұсыну жатады.

Аталған шаралардың ішінде ең ауқымдысы — аурулардың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар. Профилактика — жарақаттар мен аурулардың пайда болуын болдырмауға, олардың ауырлығын төмендетуге, сондай-ақ асқынулардың алдын алуға бағытталған кез келген іс-шаралар жүйесі. Бұл қызметтер халық денсаулығын нығайтуға бағытталған, денсаулықтың негізгі детерминанттарын бақылау арқылы азаматтардың өз денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін стратегиялық тәсілге негізделеді.

Мемлекеттің аталған құралдары арқылы іске асырылатын ықпал ету шаралары продовольстволық жүйенің әрбір подсистемасында туындауы мүмкін қауіптер мен жүйелік олқылықтарды алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, профилактикалық шараларды күшейту жалпыұлттық денсаулық сақтау жүйесіне түсетін ауыртпалықты төмендетіп, халықтың дұрыс тамақтанбауы салдарынан туындайтын ауруларға байланысты бюджет шығындарын қысқартуға жағдай жасайды.

Осылайша, ұсынылып отырған модель үй шаруашылықтарына (түпкілікті тұтынушыларға) дейінгі азық-түлік жеткізу тізбегінде туындауы мүмкін жүйелік бұзылулар мен жеткіліксіздіктерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Бұл

бұзылулар аштыққа немесе продовольстволық қауіпсіздіктің бұзылуына алып келуі мүмкін. Модельдің құрамына тұтынушы подсистемасының енгізілуі — тұтынушылар деңгейіндегі жүйелік және жеке кедергілердің аштыққа немесе азық-түлік қауіпсіздігінің төмендеуіне қалай алып келетінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық механизм көптеген мемлекеттік басқару органдарын, сондай-ақ республика аумағында қызмет атқаратын мемлекеттік емес және мемлекетаралық ұйымдарды қамтиды.

Физикалық қолжетімділікке жауапты негізгі мемлекеттік институттар ол Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер); Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі; Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі; Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі; мемлекетаралық ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар.

Экономикалық қолжетімділікке жауапты органдарға келетін болсақ ол Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі; әкімдіктер; мемлекетаралық ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар.

Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты негізгі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі; мемлекетаралық ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар.

Жиі жағдайда аталған органдардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты функциялары бір-бірін қайталайды немесе үйлесімсіз әрі артық болып табылады. Бұл өз кезегінде басқарушылық процестердің тиімділігін төмендетіп, азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің институционалдық әлсіздігін күшейтеді.

Жоғарыда келтірілген талдау нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан үшін Оңтүстік Корея тәжірибесі үлгісінде азық-түлік және дәрілік қауіпсіздік мәселелеріне тікелей жауап беретін бірыңғай орталық мемлекеттік орган құрудың өзектілігі айқын көрінеді.

Осыған байланысты біз Қазақстан Республикасының азық-түлік және дәрілік қауіпсіздігі жөніндегі кеңесін ҚР Үкіметі жанынан құруды ұсынамыз. Ұсынылып отырған Кеңес Үкіметтің тікелей қарауында болып, салалық саясатты үйлестіру, мониторинг жүргізу және шұғыл шешімдер қабылдау функцияларын атқаруға бағытталуы тиіс (23 кесте).

Кесте 23 – Кеңестің негізгі функциялары

Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі	**Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі**	**Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі**
ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету; АӨК саласына инновациялық технологияларды енгізуге жәрдемдесу; ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтарын қалыптастыру және дамыту; өндіруші мен түпкі тұтынушы арасындағы делдалдар санын қысқарту; ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған заманауи сауда инфрақұрылымын қалыптастыру; ауыл шаруашылығы саласында жаңа жұмыс орындарын ашу және мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламалары арқылы ауыл халқының тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету; азық-түлік өндірісі мен өңдеу кезеңдерінде тәуекелдердің алдын	халықтың кедейлік деңгейін төмендету; үй шаруашылықтарының табыс деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету; әлеуметтік тамақтану жүйесін ұйымдастыру; азық-түлік бағаларын реттеу тетіктерін жетілдіру; азық-түлік себетінің көлемін ұлғайту және құрылымын қайта қарау; атаулы азық-түлік көмегін көрсету; ауылдық жерлердегі өмір сапасын арттыру.	табиғи және антропогендік ластаушылардың алдын алу; азық-түлік шикізаты мен дайын өнімнің сапасына бақылауды күшейту; дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау; сапа менеджменті жүйелерін енгізу және сертификаттау; тағам өндірісінде антибиотиктер, химиялық қоспалар қолдану нормаларын бақылау; өсімдік шаруашылығында тыңайтқыштарды пайдалану қауіпсіздігін реттеу; азық-түлікті тарату мен сақтау жүйесін стандарттау және тиімді басқару; халықтың тағам қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру; денсаулыққа қауіп төндіретін

алу шараларын күшейту; қауіпті өнімдердің ішкі нарыққа түсуін бастапқы көзінде болдырмау; отандық азық-түлік кәсіпорындарының шетел нарықтарына шығуына қолдау көрсету.		факторларды төмендету үшін ұлттық деңгейде үйлестірілген әрекеттерді қамтамасыз ету; климаттың өзгеруі мен жұқпалы ауруларға жедел әрекет ету жүйесін құру; тағам қауіпсіздігін басқарудың ғылыми және профилактикалық жүйесін енгізу; экологиялық таза азық-түлік өндірісін ынталандыру.
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.		

Осы ретте аталған Кеңестің тиімді жұмыс істеуі үшін ҚР барлық министрліктерінің белсенді ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етуі қажет. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар – әкімдіктер мен жергілікті атқарушы орган құрылымдары Кеңеспен өзара үйлесімді жұмыс жүргізуге міндетті.

Сонымен бірге, мұндай өзара іс-қимыл барысында функциялардың қайталануын, өкілеттіктердің алма-кезек жойылуын немесе өзара бейтараптандыруын болдырмау аса маңызды. Әр орган нақты жауапкершілік аясында әрекет етуі тиіс.

Ұсынылып отырған Кеңес мемлекеттік органдардың қызметін кешенді түрде үйлестіруге, ресурстарды тиімді бөлуге және ортақ стратегиялық мақсатқа – Қазақстан халқын сапалы әрі қауіпсіз азық-түлік өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдегі азық-түлік нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде бұл құрылым республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік басқару жүйесінің тұтастығын арттырып, мемлекеттік саясаттың тиімділігін күшейтеді.

Осы бөлім бойынша жүргізілген талдауларды қорытындылай келе, бірқатар маңызды тұжырымдар жасауға болады. Қазіргі кезеңде ұлттық азық-түлік жүйелеріне жаһандық деңгейдегі үрдістер тікелей ықпал етуде. Бұл үрдістер бір жағынан – азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін жаңа қатерлердің пайда болуына, екінші жағынан – ұлттық экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік қаржыландыру қажеттілігінің артуына себеп болып отыр.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) белгілі бір бәсекелік артықшылықтарға ие болғанымен, оның жүйелік әлсіз тұстары да бар, олар жалпы өндірістік тиімділікке және АӨК субъектілерінің қызметіне өз әсерін тигізуде. Қазақстанның АӨК-індегі инвестициялардың құрамы мен құрылымына жасалған талдау көрсеткендей, саладағы негізгі қаржыландыру көзі – шаруашылық субъектілерінің меншікті қаражаты. Ал мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың үлесі айтарлықтай төмен деңгейде қалып отыр.

Жүргізілген экономикалық-статистикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің өсуіне негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен өндірістік шығындар елеулі әсер етеді. Демек, мемлекеттік қаржылық қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігі жағдайында Қазақстанның макродеңгейдегі азық-түлік қауіпсіздігі айтарлықтай тәуекелдерге тап болуы ықтимал.

Үй шаруашылықтары деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыттары — әсіресе әлеуметтік осал топтардың қауіпсіздікті сезінуі — мемлекеттік саясат құралдары мен әдістерінің, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың белсенді ықпалы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Ұсынылып отырған шаралар кешені елдегі үй шаруашылықтарының азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Азық-түлік өндірісі, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және экологиялық қауіпсіздік бойынша танымал теориялық модельдерге сүйене отырып, біз ресурстардан бастап, дайын өнімнің соңғы тұтынушыға дейінгі қозғалысын және тамақтанудың адам денсаулығына ықпалын қамтитын кешенді жүйелік модель қалыптастырдық. Бұл модель белгілі ғылыми құрылымдарды толықтыра отырып, азық-түлік тізбегіндегі ықтимал жүйелік ақауларды, тапшылықтарды және қауіпсіздік қатерлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 24 – Ұсыныстар

Азық-түлік қауіпсіздігі	**Ұсыныста**	**Іске асырудың практикалық мысалдары**	**Негізгі мақсат / Қамтамасыз ету**
Қолжетімді және қоректі тағаммен қамтамасыз ету	Азық-түлікке қолжетімділікті және оның қолжетімді	Ауылдық жерлерде азық-түлік таратуын бақылауға	Тұрақты азық-түлік қауіпсіздігіне бағытталған

	бағасын қамтамасыз ету үшін басқару механизмдерін күшейту	арналған цифрлық платформаларды енгізу	мемлекеттік саясатты жақсарту
Азық-түлік жүйелерінің төзімділігін арттыру	Шағын фермерлерге арналған климаттық бейімделу стратегияларын қолдау	Климаттық өзгерістерге байланысты қаржылай көмек пен оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру	Сыртқы күйзелістерге (климаттың өзгеруі, экономикалық дағдарыс) төзімділікті күшейту
Ауыл шаруашылығы қауымдастықтарында әлеуметтік капиталды арттыру	Фермерлік кооперативтермен білім алмасу желілерін дамыту	Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру және ғылыми-зерттеу институттарымен серіктестікті кеңейту	Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жергілікті қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту
Толыққанды тамақтануға қолжетімділікті кеңейту	Тамақтану саясатын әзірлеу және азық-түлікті байыту бағдарламаларын дамыту	Теңгерімді тамақтану жоспары бар мектеп асханаларын енгізу	Әртүрлі және қоректі тағамға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету
Азық-түлік қауіпсіздігіндегі басқарудың рөлін күшейту	Азық-түлік саясатын тиімді жүзеге асыру үшін жақсы басқару қағидаларын қолдану	Ауыл шаруашылығы саласындағы субсидияларды әділ бөлу және ашық шешім қабылдау жүйесін енгізу	Азық-түлік қауіпсіздігін басқаруда саясаттың тиімділігін және есептілігін арттыру
Ескерту - Деректерді талдау негізінде автормен қамтамасыз етілген.			

Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қолданыстағы институционалдық-мемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда, соңғы жылдары нарықта фальсификацияланған азық-түлік пен дәрі-дәрмек көлемінің артуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан азық-түлік және дәрілік қауіпсіздік жөніндегі кеңес құру ұсынылады. Мұндай орган көптеген мемлекеттік құрылымдардың қызметін үйлестіруге, салалық саясаттың

тиімділігін арттыруға және республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жүргізілген ғылыми талдаулар мен ұсынылған модельдер Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін жүйелік тұрғыдан күшейтуге бағытталған мемлекеттік басқару тетіктерін жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертациялық жұмыс «Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару: әдістеме және тәжірибе» тақырыбының мазмұндық өзегін тереңдетіп, оның теориялық, әдіснамалық және практикалық шеңберін нақтылайтын кешенді ғылыми-зерттеу ретінде сипатталады. Зерттеу барысында Қазақстан жағдайында, әсіресе төмен табысты үй шаруашылықтары үлгісінде, азық-түлік қауіпсіздігінің халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына ықпалы жан-жақты талданып, бұл байланыстарды эмпирикалық деңгейде өлшеуге және интерпретациялауға мүмкіндік беретін әдіснамалық платформа қалыптастырылды. Осындай тәсіл мемлекеттік басқару тетіктерінің тиімділігін бағалау үшін дәйекті эмпирикалық база құруға және азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы саясаттың әлеуметтік нәтижелілігін ғылымилығы жоғары тұрғыдан сараптауға жағдай жасайды.

Диссертациялық зерттеудің басты ғылыми ерекшеліктерінің бірі – төзімділіктің медиаторлық рөлі мен мемлекеттік (үкіметтік) қолдаудың модераторлық рөлін біртұтас құрылымдық модель шеңберінде қарастыруы болып табылады. Алынған нәтижелер азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа тікелей ғана емес, негізінен жеке және үй шаруашылықтарының төзімділік деңгейі арқылы жанама әсер ететінін, ал аталған жанама байланыстардың қарқындылығы мен тұрақтылығы мемлекеттік қолдаудың көлемі мен сапасына айтарлықтай тәуелді екенін эмпирикалық түрде дәлелдейді. Осылайша, мемлекеттік басқару жүйесінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ықпалы көпдеңгейлі, көпфакторлы процесс ретінде пайымдалып, оның тиімділігі төзімділік пен қолдау тетіктері арқылы іске асатын институционалдық және әлеуметтік арналармен тығыз байланыста қарастырылады.

Жүргізілген көпдеңгейлі талдау мемлекеттік саясаттың қай бағыттары халықтың осал топтары үшін нақты, өлшенетін нәтиже беретінін және қай салаларда институционалдық және бағдарламалық реформалар аса өзекті екенін ғылыми дәлдікпен айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық қорытындылар мен тексерілген гипотезалар Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік басқару жүйесінде қолданылатын әдістемелерді жетілдіруге, дәлелге негізделген (evidence-based) саясат қалыптастыруға және төмен табысты үй шаруашылықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған практикалық шешімдер ұсынуға берік ғылыми негіз қалайды.

Зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар алынды:

1) Азық-түлік қауіпсіздігі – әсіресе дамушы өңірлердегі аз қамтылған отбасылардың жалпы әл-ауқатын қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарады және оны төмен бағалауға болмайды. Әлем бойынша азық-түлік тапшылығын шешуге бағытталған күш-жігердің артуына қарамастан, экономикалық тұрғыдан осал топтарға бейімделген қолданыстағы тұжырымдамаларды жүйелеп, практикалық стратегияларды қолдануға бағытталған зерттеулерде әлі де айқын алшақтық бар. Осы алғашқы зерттеу сұрағын қарастыру – яғни қазіргі азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын бағалау және тиімді қолдау тетіктерін анықтау мақсатында

– эмпирикалық зерттеулер, саясаттық есептер мен аймақтық деректерге негізделген мақсатты шолу жүргізілді. 1991 жылдан 2024 жылға дейін жарияланған 1227 құжат сараланып, аз қамтылған халық топтарындағы азық-түлік қауіпсіздігінің дамып келе жатқан ландшафты бағаланды. Бірқатар маңызды қорытындылар анықталды.

Соңғы жылдары, геосаяси жағдай кауіпсіздікке әсер етуші куатты фактор болып тұрған шақта, аз қамтылған отбасылар арасындағы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты зерттеулер айтарлықтай артты. Бұл пандемия үй шаруашылықтарының жеткілікті және теңгерімді тамаққа қолжетімділігінің әлсіз тұстарын айқын көрсетті. 2018 бен 2024 жылдар аралығында ғылыми еңбектердің саны күрт өсіп, 799-дан астам жарияланым – барлық үлгінің 50%-дан астамы – азық-түліктің қолжетімділігі, тағам сапасы және азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды қарастырған.

Алайда, бұл жағымды үрдіске қарамастан, қазіргі ғылыми әдебиеттердің басым бөлігі жоғары табысты елдерге бағытталған – шолу жасалған мәліметтердің шамамен 75%-ы дамыған елдерге тиесілі. Ал дамушы елдер, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттері, тек 25% үлес қосып отыр, әрі олардың көпшілігі шектеулі ауқыммен және нақты аймақтық ерекшеліктерді ескерусіз қалдырған. Бұл зерттеулер көбіне денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және даму салаларымен шектеледі, ал қалалық жоспарлау, әлеуметтік саясат немесе мінез-құлықтық экономика сынды пәнаралық көзқарастар сирек қарастырылады. Осындай теңгерімсіздік әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тиімді және жергілікті қажеттіліктерге бейімделген азық-түлік қауіпсіздігі стратегияларын әзірлеу мен жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, қолданыстағы көптеген модельдер аз қамтылған отбасылардың ерекшелігіне тән төзімділік пен бейімделу стратегияларын жеткілікті түрде қамтымайды. Азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты саясат пен бағдарламалардың тиімділігін арттыру үшін зерттеу аясын кеңейтіп, әртүрлі географиялық, мәдени және экономикалық контексттерді қамту қажет. Әсіресе, азық-түлік қауіпсіздігін әл-ауқат көрсеткіштерімен, әлеуметтік қорғау жүйелерімен және қауымдастық деңгейіндегі төзімділік стратегияларымен біріктіруге баса назар аударған жөн.

Төмен табысты отбасылар арасындағы азық-түлік қауіпсіздігіне арналған әдебиеттерді біріктірілген талдау нәтижесінде төрт негізгі тақырыптық кластер анықталды: «Тамақтанудағы теңсіздік пен қолжетімділік», «Әлеуметтік қорғау және саяси шаралар», «Үй шаруашылықтарының төзімділік стратегиялары» және «Тұрақты азық-түлік жүйелері». Зерттеулерге мұқият шолу жасау нәтижесінде экономикалық осалдық пен азық-түлікке қолжетімділік арасындағы өзара байланысты зерттеуге деген қызығушылық артып келе жатқаны байқалды, әсіресе жүйелі теңсіздіктердің ұзақ мерзімді тамақтану нәтижелеріне қалай әсер ететініне көңіл бөлінуде.

Негізгі сөздердің жиі кездесуіне (co-occurrence analysis) негізделген талдау төрт басты тақырыпты көрсетті: «Табысқа байланысты азық-түлік тапшылығы», «Қауымдастыққа негізделген азық-түлік көмегі», «Көп өлшемді кедейлік» және «Саясатқа бағытталған азық-түлік шешімдері». Соңғы жылдары, әсіресе COVID-

19 пандемиясы мен инфляцияның өсуіне байланысты, интеграцияланған және жергілікті қоғамдастыққа негізделген тәсілдерге назар аудару артты. Жаңа зерттеулер жергілікті тұрғындарды күшейтуге бағытталған қатысушы модельдерді алға тартып, белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделген тұрақты әрі ауқымды шешімдерді қолдайды. Қазіргі білім базасында пайда болып келе жатқан басты бағыттардың бірі — азық-түлік қауіпсіздігі мен жалпы әл-ауқат арасындағы өзара байланыс. Қазіргі зерттеулер тек калория мөлшерімен шектелмей, тамақ сапасы, психоәлеуметтік күйзеліс және отбасы тұрақтылығы сияқты факторларға да назар аударады. Бұл үрдіс азық-түлік тапшылығын экономикалық, әлеуметтік және денсаулық аспектілерімен біріктіріп қарастыратын кешенді тәсілдерге көшу қажеттігін көрсетеді.

Библиометрикалық талдау болашақ зерттеулер үшін бірнеше перспективалық бағыттарды көрсетті: азық-түлік таратуда цифрлық технологияларды қолдану, қалалық азық-түлік басқаруы, аз табысты отбасыларға бейімделген агроэкологиялық тәжірибелер, және азық-түлік қауіпсіздігін әлеуметтік қорғау жүйелеріне интеграциялау. Бұл тұжырымдар аталған саланың маңыздылығы артып келе жатқанын және саясаткерлер, зерттеушілер мен жергілікті қауымдастықтардың бірлесіп, инклюзивті әрі нақты контекстке сай азық-түлік стратегияларын әзірлеу қажеттігін айқындайды. Даму үстіндегі әдебиет әсіресе аз зерттелген аймақтар мен экономикалық тұрғыда осал топтар үшін дәлелдерге негізделген саясат пен практикалық шешімдер жасауға берік негіз қалыптастырады.

2) Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін күрделі әрі динамикалық құбылыс ретінде айқындайтын теориялық тәсілдерге талдау жүргізілді. Оның күрделілігі экономикалық, әлеуметтік, қаржылық үдерістердің көпқырлылығымен, сондай-ақ ұлттық экономика аясында процесс әрі құбылыс ретінде қарастырылатын ғаламдану құбылыстарымен түсіндірілді. Ал динамикалық сипаты ұлттық және жаһандық деңгейлерде үдерістер мен құбылыстардың жоғары өзгеріс қарқынымен байланысты.

Әлемдік дереккөздер, соның ішінде БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) материалдарын зерделеу бұл санаттың мазмұнын айқындайтын аспектілер ұлттық экономиканың белгілі бір жағдайын сипаттайтынын көрсетеді. Бұл жағдай тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, қоғамдық қажеттіліктердің ұтымды деңгейде қанағаттандырылуын, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейлерде экономикалық мүдделерді қорғау мен үйлестірілген басқарудың іске асырылуын талап етеді.

Әртүрлі елдердің ғалымдары ұсынған азық-түлік қауіпсіздігін анықтаудың теориялық тәсілдеріне, сондай-ақ осы саладағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге кешенді талдау жүргізілді. Жасалған талдау нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігінің күйі ауқымына қарай едәуір өзгеретінін көрсетті: ол жеке адам деңгейінен бастап, үй шаруашылығы, өңірлік, ұлттық және жаһандық деңгейге дейінгі кеңістікте әртүрлі сипатқа ие. Осыған орай мемлекет үшін маңызды стратегиялық міндеттің бірі – азық-түлік қауіпсіздігін барлық деңгейде жүйелі және үйлестірілген түрде қамтамасыз ету болып табылады.

Зерттеу барысында шет мемлекеттердегі азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу механизмдерінің бірқатар айрықша ерекшеліктері анықталды. Нарықтық экономикасы дамыған көптеген елдерде бұл салаға жауапты арнайы мемлекеттік мекемелер мен агенттіктер құрылған және белсенді жұмыс істейді. Бұл институттардың қызметі азық-түлік жүйесінің тұрақтылығы мен тәртіптілігін қамтамасыз етуге бағытталған және нақты құқықтық-нормативтік базаға сүйенеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай құрылымдардың болуы мемлекетке азық-түлік қауіпсіздігінің қатерлеріне жедел ден қоюға, тәуекелдерді басқаруға және халықтың тұрақты азық-түлікпен қамтамасыз етілуін бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстан жағдайында жүргізілген талдау елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей жауапты бірыңғай мемлекеттік органның жоқ екенін анық көрсетті. Бұл жағдай аталған саладағы басқару процестерінің бытыраңқылығын, функционалдық жауапкершіліктің бірнеше ведомство арасында бөлінуін және институционалдық үйлестірудің жеткіліксіздігін айғақтайды. Осыған байланысты отандық жүйені халықаралық тәжірибеге жақындату мақсатында үйлестіруді күшейту және бірыңғай орталықтандырылған құрылым қалыптастырудың өзектілігі артып отыр.

3) Табысы төмен отбасылар дамушы елдердің әлеуметтік құрылымында маңызды рөл атқарады, дегенмен олар тұрақты әл-ауқатқа қол жеткізуге кедергі келтіретін үнемі қайталанатын осалдықтарға тап болып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі – әл-ауқаттың негізгі анықтаушысы ретінде – үй шаруашылығының төзімділігімен тығыз байланысты, яғни қолайсыз жағдайларды алдын ала болжау, еңсеру және қалпына келу қабілетімен. Екінші зерттеу сұрағына жауап беру үшін – табысы төмен отбасылардың төзімділікті қалыптастыру жолындағы нақты қиындықтарын және бұл қиындықтардың азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланысты қалай әсер ететінін анықтау мақсатында – пәнаралық әдебиеттерге эмпирикалық шолу жүргізілді.

Қолда бар зерттеулерге сәйкес, табысы төмен үй шаруашылықтары төзімділікті қалыптастыруға кедергі келтіретін бірқатар құрылымдық, экономикалық және әлеуметтік тосқауылдарға тап болады. Бұған тұрақсыз жұмыс орындары, қолжетімді әрі құнарлы азық-түлікке шектеулі қол жеткізу, нашар тұрғын үй жағдайлары, әлсіз әлеуметтік қолдау желілері, сондай-ақ денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерінің жеткіліксіздігі жатады. Бұл қиындықтарды инфляция, климаттық өзгерістерден туындаған күйзелістер және тұрақсыз мемлекеттік көмек бағдарламалары одан әрі ушықтырады. Созылмалы тұрақсыздық жағдайындағы психологиялық ауыртпалық пен ұзақ мерзімді жоспарлаудан гөрі қысқа мерзімді аман қалуға басымдық беру қажеттілігі – азық-түлік қауіпсіздігі мен психикалық әл-ауқатты тежейтін кері байланыс тудырады. Зерттеулер көрсеткендей, төзімділік тек экономикалық әлеуетпен ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік капиталмен, қауымдастыққа қатысумен және институттарға деген сеніммен де тығыз байланысты. Алайда көптеген табысы төмен ортада отбасылар көмек көрсетуге бағытталған жүйелерге – мысалы, азық-түлік банктері, жергілікті кооперативтер немесе әлеуметтік қорғау тетіктері – қол

жеткізе алмай жатады. Бұған бюрократиялық кедергілер, стигматизация немесе географиялық оқшаулану себеп болуы мүмкін. Мұндай алшақтық тұрақсыз азыққа қол жеткізуге және тамақтанудың біркелкі болмауына әкеліп соғады, бұл өз кезегінде физикалық денсаулыққа, когнитивті дамуға және эмоционалдық тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, бұл үй шаруашылықтары қолданатын амалдау стратегиялары – мысалы, тамақтан бас тарту, тамақ сапасын төмендету немесе бейресми қарыз алу – қысқа мерзімде көмектескенімен, ұзақ мерзімді төзімділікті әлсіретеді. Стратегия емес, қажеттілік салдарынан туындаған бұл шаралар азық-түліктің бар болуы мен шынайы әл-ауқат нәтижелері арасындағы байланысты әлсірететін тапшылық шеңберін қалыптастырады. Сондай-ақ зерттеулер көрсеткендей, көптеген төзімділік қалыптастыру бастамалары осал топтардың шынайы өмірлік тәжірибесі мен басымдықтарын ескермейді, бұл олардың тиімділігі мен тұрақтылығын төмендетеді. Жалпы алғанда, табысы төмен отбасылардың төзімділігін арттыру тек экономикалық қолдаумен шектелмеуі керек; бұл мәдени ерекшеліктерді ескеретін кешенді көзқарасты талап етеді. Мұндай тәсілге азық-түлік қауіпсіздігіне бағытталған шаралармен қатар білімге қол жеткізу, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен психикалық денсаулықты қолдау қызметтері де кіруі тиіс. Осы өзара байланысты кедергілер жойылмайынша, азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа оң әсері шектеулі болады, ал құрылымдық теңсіздік ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Сондықтан кедейлікті жою және отбасылардың жалпы әл-ауқатын жақсарту үшін инклюзивті, дәлелге негізделген төзімділік стратегияларын әзірлеу маңызды.

4) Good Governance Theory (GGT) мен Resilience Theory (RT) сүйене отырып, бұл зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Бұл әсерлер төзімділік арқылы жанама түрде делдалданып, үкімет тарапынан көрсетілетін қолдау жүйелерімен реттеліп отырады. Теориялық тұрғыдан алғанда, әл-ауқат тек тікелей материалдық қамтамасыз етумен (мысалы, азыққа қолжетімділік) ғана емес, сонымен қатар басқарудың сапасы мен үй шаруашылығының қиындықтарға жауап беру қабілетімен қалыптасады. Азық-түлік қауіпсіздігі – негізгі адам құқығы әрі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың негізгі өлшемдерінің бірі ретінде физикалық және психологиялық әл-ауқатты жақсартуға ықпал етеді: белгісіздік деңгейін төмендетеді, пайдалы тамақтану әдеттерін дамытады және ұзақ мерзімді жоспарлау мен өнімділікті арттырады. Алайда осал топтар жағдайында төзімділік негізгі делдалдық рөл атқарады. Resilience Theory-на сәйкес, төзімділік – бұл жеке тұлғалар мен отбасылардың күйзелістерден кейін қалпына келіп, кедейлік пен инфляция сияқты созылмалы қиындықтарға бейімделе алу қабілеті. Жоғары төзімділікке ие отбасылар азық-түлік қауіпсіздігін өмір сапасының нақты жақсаруына (денсаулық, білім деңгейі, эмоционалды әл-ауқат) айналдыра алады. Дегенмен, төзімділік жалғыз өзі жеткіліксіз – ол мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін қолайлы жағдайлармен толықтырылуы тиіс. GGT теориясы тиімді әрекеттерді жүзеге асыру үшін ашық, есеп беретін және қатысушы институттардың маңыздылығын атап көрсетеді.

Әлеуметтік қорғау бағдарламалары, азық-түлік субсидиялары, шұғыл көмек, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік және инклюзивті саясат секілді мемлекеттік қолдау шаралары азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқат арасындағы байланысты реттеуші рөл атқарады. Егер басқару әлсіз немесе фрагменттелген болса, азық-түлікке қолжетімділіктің шамалы жақсаруы да тұрақты әл-ауқатқа алып келмеуі мүмкін, себебі саясаттың орындалуында жүйелілік пен сенім жетіспейді.

Бұл зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа ең жоғары әсері төзімділігі жоғары отбасылар күшті басқару жүйелерімен қолдау тапқан жағдайда байқалатынын көрсетеді. Мысалы, уақытылы мемлекеттік көмек алып отырған, әлеуметтік қорғаныс желілері бар және шағымдарын білдіре алатын ашық тетіктерге қол жеткізген отбасылар азық-түлік қауіпсіздігін кеңірек әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге айналдыра алады. Керісінше, жақсы басқарудың болмауы – жеткізудің үзілуіне, ең осал топтардың назардан тыс қалуына және ақырында азық-түлік қауіпсіздігін ұзақ мерзімді әл-ауқатқа айналдыра алмауға алып келеді. Қорытындылай келе, азық-түлік қауіпсіздігі, төзімділік және басқару арасындағы өзара байланыс аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын анықтауда шешуші рөл атқарады. Үкімет төзімділікті арттыратын және жақсы басқару қағидаттарына негізделген саясатқа инвестиция салу арқылы азық-түлік қауіпсіздігі шараларының қысқа мерзімде ғана емес, ұзақ мерзімді әсер етуін қамтамасыз ете алады. Бұл тұжырымдар төзімділікті арттыру мен институттарға деген сенімді ұлттық азық-түлік және әлеуметтік қауіпсіздік стратегияларының ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

5) Нәтижелер негізінде Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдар мен стратегиялар ұсынылды. Бұл ұсыныстар әл-ауқатты арттырудағы олқылықтарды жоюға және әлсіз тұстарды нығайтуға бағытталған, бұл өз кезегінде елдегі азық-түлік жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыс мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына пайдалы практикалық ұсыныстар береді. Біріншіден, зерттеу нәтижелері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі төзімділіктің рөлін объективті түрде бағалау әдісін растады. Бұл деректер Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі саясатын қалыптастыратын мемлекеттік органдар мен ауыл шаруашылығы мамандарына стратегиялық шешімдер қабылдауда көмектесе алады. Мысалы, билік органдары азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыру үшін климаттық өзгерістерге бейімделу стратегияларын енгізіп, фермерлерге қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін әзірлей алады.

Екіншіден, тағамға қолжетімділікті бағалаудың нақты механизмдері мемлекеттік басқарушыларға ауылдық және урбанизацияланған аймақтардағы теңсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл шаралар халықтың тамақтану сапасын жақсартуға, әлеуметтік осал топтарды қолдауға және азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, жергілікті әкімдіктер мен аграрлық мекемелер әлеуметтік капиталды нығайту

үшін фермерлер арасындағы кооперацияны дамытуды және қоғамдық тамақтану жүйелерін қолдауды қарастыруы қажет.

Үшіншіден, мемлекеттік саясатты жүзеге асырушылар зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды жетілдіре алады. Мемлекеттік қолдау мен жақсы басқару қағидаттарын ескере отырып, билік органдары шағын және орта ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қолдау шараларын кеңейтіп, нарыққа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Төртіншіден, дәлелдерге негізделген шешімдер қабылдау қажеттілігі айқындалды. Мемлекеттік мекемелер азық-түлік жүйесін цифрландыру арқылы басқару тиімділігін арттыра алады. Мысалы, азық-түлік өнімдерінің жеткізілімін бақылау үшін цифрлық платформаларды енгізу, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану шараларын күшейту ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, дамушы елдердегі азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты зерттеулер жалпы зерттеулердің тек 25%-ын құрайды. Бұл агроөнеркәсіптік секторды дамыту саясатын әзірлеу кезінде жергілікті ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа әсерін және оның төзімділікпен байланысын түсінуге маңызды ақпарат береді. Бұл зерттеу азық-түлік қауіпсіздігінің әл-ауқатқа ықпалын анықтау арқылы мемлекеттік қолдаудың осы қатынасты қалай модерациялайтынын ашып көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу қоғамдық игіліктерді басқаруда тиімді саясат пен институттардың рөлін қарастыратын Good Governance Theory (GGT) және әлеуметтік байланыстар мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіретін Resilience Theory (RT) қолданудың өзектілігін көрсетеді.

Төзімділік – бұл азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын маңызды фактор. Ол сыртқы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік күйзелістерге қарсы тұру қабілетін күшейту арқылы қоғамның тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Осы зерттеу Қазақстандағы әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы байланысқа назар аударып, мемлекеттік қолдаудың осы қатынасты қалай модерациялайтынын анықтауға тырысты.

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстанда төзімділік пен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көптеген қиындықтар бар. Олардың ішінде климаттық өзгерістер, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы, логистикалық және көлік жүйелеріндегі кемшіліктер, сондай-ақ экономикалық теңсіздік ерекше орын алады. Осы мәселелерді шешу үшін төзімділік стратегияларын мемлекеттік басқару деңгейінде жетілдіру, жергілікті биліктің рөлін күшейту және мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, зерттеу Good Governance Theory (GGT) және Resilience Theory (RT) шеңберінде төзімділік пен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы байланысты талдау арқылы теориялық үлес қосты. Мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтық, есептілік және тиімді саясатты жүзеге асыру төзімділікті арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып

табылады. Сонымен бірге, мемлекеттік қолдаудың рөлі – азаматтық қоғамның, жергілікті қауымдастықтардың және мемлекеттік емес ұйымдардың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудағы маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстанда әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты саясат көбіне қысқа мерзімді шешімдерге негізделеді, ал ұзақ мерзімді стратегиялар жетіспейді. Тұрақты азық-түлік жүйесін құру үшін мемлекеттің стратегиялық көзқарасты күшейтуі, инновацияларды енгізуі және халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруы қажет. Әсіресе, маргиналданған топтардың азық-түлікке қолжетімділігін жақсарту, ауыл шаруашылығын цифрландыру және экологиялық таза өндіріс әдістерін дамыту басты назарда болуы тиіс.

Бұл зерттеу сонымен қатар GGT және RT теорияларын одан әрі жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған саясаттарды тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік басқарудың стратегиялық тәсілдерін жетілдірудің маңыздылығын көрсетті. Сонымен бірге, зерттеу мемлекеттік қолдауды пайдалану арқылы жергілікті қауымдастықтардың азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту мүмкіндіктерін талқылады.

Жалпы, бұл зерттеу әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігінің өзара байланысын зерттеуге маңызды үлес қосты және болашақта осы бағыттағы зерттеулерді жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төзімділік стратегияларын жетілдіру, мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану және мемлекеттік басқару механизмдерін күшейту қажеттілігі айқындалды. Осылайша, бұл зерттеу азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты саясат пен тәжірибені дамытуға негіз болатын маңызды нәтижелер берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ДДСҰ. Global hunger declines, but rises in Africa and western Asia: UN report. Электрондық ресурс]. – 2025. – Қол жеткізу тәртібі: https://www.who.int/news/item/28-07-2025-global-hunger-declines-but-rises-in-africa-and-western-asia-un-report (күні көрсетілген:: 24.04.2025).
2. Rosegrant, M. W., Cline, S. A. Global food security: challenges and policies // Science. – 2003. – Vol. 302, № 5652. – P. 1917–1919.
3. Godfray, H. C. J., Beddington, J. R., Crute, I. R., Haddad, L., Lawrence, D., Muir, J. F., Pretty, J., Robinson, S., Thomas, S. M., Toulmin, C. Food security: the challenge of feeding 9 billion people // Science. – 2010. – Vol. 327, № 5967. – P. 812–818.
4. Рейтинг стран по расходам на еду: Казахстан занял 96-е место из 104, расположившись между Угандой и Камеруном [Электрондық ресурс] // Ranking.kz. – 2020. – Қол жеткізу тәртібі: http://ranking.kz/ru/a/infopovody/rejting-stran-po-rashodam-na-edu-kazahstan-zanyal-96-e-mesto-iz-104-raspolozhivshis-mezhdu-ugandoj-i-kamerunom-operezhayut-nas-v-etom-rejtinge-ne-tolko-razvitye-strany-no-i-naprimer-gonduras-kambodzha-i-gana (күні көрсетілген:: 24.04.2025).
5. Mozaffarian, D., Rosenberg, I., Uauy, R. History of modern nutrition science – implications for current research, dietary guidelines, and food policy // BMJ. – 2018. – Vol. 361. – DOI: https://doi.org/10.1136/bmj.k2392.
6. World Health Organization. The state of food security and nutrition in the world 2020: transforming food systems for affordable healthy diets / Food & Agriculture Org. – Rome, 2020. – DOI: https://doi.org/10.4060/ca9692en.
7. Owino, F. O. Socio-cultural determinants of food security and consumption patterns in Kisumu, Kenya [Электрондық ресурс]. – 2019. – Қол жеткізу тәртібі: http://ir.jooust.ac.ke:8080/xmlui/handle/123456789/8970 (күні көрсетілген:: 24.04.2025).
8. Food Security: Policy Brief / ФАО's Agriculture and Development Economics Division (ESA). – 2006. – № 2. – P. 1–4. – Қол жеткізу тәртібі: https://www.ФАО.org/fileadmin/templates/ФАОitaly/documents/pdf/pdf_Food_Security_Cocept_Note.pdf (күні көрсетілген:: 24.04.2025).
9. United Nations. Universal Declaration of Human Rights. – 1948. – Режим доступа: http://www.worldlii.org/int/other/UNGA/1948 (дата обращения: 04.02.2024).
10. United Nations. Universal Declaration on the Eradication of Hunger and Malnutrition. – 1974. – Режим доступа: http://www.worldlii.org/int/other/UNGA/1974 (дата обращения: 04.02.2024).
11. FAO. World Food Security: a Reappraisal of the Concepts and Approaches: Director General's Report. – Rome, 1983. – 30 p.
12. World Bank. Poverty and Hunger: Issues and Options for Food Security in Developing Countries. – Washington, DC, 1986. – 72 p.

13. World Food Summit 1996. Rome Declaration on World Food Security. – Режим доступа: http://www.fao.org/3/w3548e/w3548e00.htm (дата обращения: 04.02.2024).
14. FAO. Harvesting Agriculture's Multiple Benefits: Mitigation, Adaptation, Development and Food Security. – Режим доступа: ftp://ftp.fao.org/docrep/FAO/012/ak914e/ak914e00.pdf (дата обращения: 18.02.2019).
15. FAO. The State of Food Security and Nutrition in the World 2017: Building Resilience for Peace and Food Security. – Rome, 2017. – 32 p.
16. Gezimu G. G. Determinants of Food Insecurity among Households in Addis Ababa City, Ethiopia // Complex Systems. – 2012. – Vol. 10, № 2. – P. 159–173.
17. Ayalneh B. Vulnerability of Smallholder Rural Households to Food Insecurity in Eastern Ethiopia // Food Security. – 2012. – Vol. 4, № 4. – P. 581–591.
18. Owusu V., Abdulai A., Abdul-Rahman S. Non-Farm Work and Food Security among Farm Households in Northern Ghana // Food Policy. – 2011. – Vol. 36, № 2. – P. 110–118.Mango N., Zamasiya B., Makate C., Nyikahadzoi K., Siziba S. Factors influencing household food security among smallholder farmers in the Mudzi district of Zimbabwe // Development Southern Africa. – 2014. – Vol. 31(4). – P. 625-640.
19. Kassie M., Ndiritu S.W., Stage J. What determines gender inequality in household food security in Kenya? Application of exogenous switching treatment regression // World development. – 2014. – Vol. 56. – P. 153-171.
20. Felker-Kantor E., Wood Ch.H. Female–headed households and food insecurity in Brazil // Food Security. – 2012. – Vol. 4(4). – P. 607-617.
21. Arene C.J., Anyaeji C. Determinants of food security among households in Nsukka Metropolis of Enugu State, Nigeria // Pakistan J. Social Sci. – 2010. – Vol. 30(1). – P. 9-16.
22. Abdullah D.Z. et al. Factors affecting household food security in rural northern hinterland of Pakistan // Journal of the Saudi Society of Agricultural Sciences. – 2017. – Vol. 18(2). – P. 201-210.
23. Aragie T., Genanu S. Level and Determinants of Food Security in North Wollo Zone (Amhara Region – Ethiopia) // Journal of Food Securit. – 2017. – Vol. 5, №6. – P. 232-247.
24. Shamah-Levy T., Mundo-Rosas V. et al. Food security governance in Mexico: How can it be improved? // Global Food Security. – 2017. – Vol. 14. – P. 73-78.
25. Debnath D., Babu S., Ghosh P., Helmar M. The impact of India's food security policy on domestic and international rice market // Journal of Policy Modeling. – 2017. – Vol. 40(2). – P. 265-283.
26. Chavas J.-P. On food security and the economic valuation of food // Food Policy. – 2017. – Vol. 69. – P. 58-67.

27. Zhang J., He Ch., Chen L., Cao Sh. Improving food security in China by taking advantage of marginal and degraded lands // Journal of Cleaner Production. – 2018. – Vol. 171. – P. 1020-1030.

28. Bidisha S.H., Khan A., Imran Kh. et al. Role of credit in food security and dietary diversity in Bangladesh // Cities. – 2017. – Vol. 63. – P. 110-117.

29. Meskhia I.E. Food security problems in post Soviet Georgia // Annals of Agrarian Science. – 2016. – Vol. 14, Issue 2. – P. 46-51.

30. Bashir M.K., Mehmood Y., Hassan S. Impact of agricultural credit on productivity of wheat crop: evidence from lahore, Punjab, Pakistan // Pakistan Journal of Agricultural Sciences. – 2010. – Vol. 47, Issue 4. – P. 405-409.

31. Bashir M.K., Gill Z.A., Hassan S. Impact of credit disbursed by commercial banks on the productivity of wheat in Faisalabad district // Source: China Agricultural Economic Review. – 2009. – Vol. 1, Issue 3. – P. 275-282.

32. Chisasa J. Determinants of the demand for credit by smallholder farmers: survey results from South Africa // International Journal of Economic Policy in Emerging Economies. – 2016. – Vol. 9, Issue 1. – P. 26.

33. Chisasa J., Makina D. Bank Credit and Agricultural Output In South Africa: Cointegration, Short Run Dynamics and Causality. Source // Journal of Applied Business Research. – 2015. – Vol. 31, Issue 2. – P. 489.

34. Aggarwal S. Financing Businesses in Africa: The Role of Microfinance // In book: Microfinance in Developing Countries: Issues, Policies and Performance Evaluation Published. – London, 2013. – P. 178-198.

35. Galli F., Arcuri S., Bartolini F. et al. Exploring scenario guided pathways for food assistance in Tuscany // Bio-Based and Applied Economics. – 2016. – Vol. 5, Issue 3. – P. 237-266.

36. Picazo-Tadeo A.J., Gomez-Limon J.A., Reig-Martinez E. Assessing farming eco–efficiency: A Data Envelopment Analysis approach. Source // Journal of Environmental Management. – 2011. – Vol. 92, Issue 4. – P. 1154-1164.

37. Gorzelak A. Assessment of the implications of changes in income support policies on financial health of farms in Canada and the USA (at the industry aggregate level) // Problems of Agricultural Economics. – 2017. – Vol. 2, Issue 351. – P. 51-76.

38. Kesarwani S.K. Agricultural financing in uttar Pradesh // http://www.researcherid.com/rid/C–6359–2012. 18.02.2024.

39. Aigarinova G.T., Akshatayeva Z., Alimzhanova M.G. Ensuring Food Security of the Republic of Kazakhstan as a Fundamental of Modern Agricultural Policy // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 143. – P. 884-891.

40. Yerkinbayeva L., Ozenbayeva A., Nurmukhankyzy D. The Ecological and Legal Aspects of Ensuring the Food Security of the Republic of Kazakhstan Under the Transition to a “Green” Economy // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 143. – P. 971-975.

41. Baydildina A., Akshinbay A., Bayetova M. et al. Agricultural policy reforms and food security in Kazakhstan and Turkmenistan // Food Policy. – 2000. – Vol. 25, Issue 6. – P. 733-747.

42. Aigarinova G.T., Shulanbekova G.K. Legal Backing of Food Security-as a Major Component of the National Security of the Republic of Kazakhstan // Procedia Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 81. – P. 510-513.

43. Сабден О., Аширов А. Концепция стратегии выживания человечества в XXI веке и продовольственная безопасность: монография. – Алматы: Экономика, 2015. – 198 с.

44. Мухтарова К.С. Государственное управление экономической безопасностью в Республике Казахстан: учебник. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 237 с.

45. Айгаринова Г.Т. Некоторые правовые проблемы обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан: Вопросы экономической безопасности // Правовая реформа в Казахстане. – 2012. – №3(59). – С. 93-95.

46. Умербаева Р.Е. Некоторые вопросы обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан // Вестник КазНУ им. Аль–Фараби. Серия юридическая. – 2012. – №1. – С. 140-145.

47. Каменова М.Ж. Капышева С.К. Динамичное развитие аграрного сектора – условие обеспечения продовольственной безопасности страны // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия экономическая. – 2013. – №3. – С. 3-8.

48. Алибаев Е.А., Казаринова Д.Б. Продовольственная безопасность как один из приоритетов экономической безопасности Республики Казахстан: Социальные науки и бизнес // Зерттеуші = Исследователь. – 2012. – №11-12(79- 80). – С. 85-91.

49. Скворцов В.В., Силантьева Э.С. Вопросы продовольственной безопасности: Вопросы национальной безопасности // Правовая реформа в Казахстане. – 2013. – №2(62). – С. 28-41.

50. Мизанбекова С.К. Основные направления в обеспечении продовольственной безопасности Казахстана // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан. – 2013. – №4. – С. 39-43.

51. Акылбаев Р.С. Обеспечение продовольственной безопасности – основное направление аграрной политики Казахстана // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстана. – 2014. – №1. – С. 63- 68.

52. Коптева Л.А., Гайдай А.А. Продовольственная безопасность: сущностные аспекты // Статистика, учет и аудит. – 2015. – №3(58). – С. 89-94.

53. Кожахметова Г.А., Лашкарева О.В. Проблемы обеспечения продовольственной безопасности Казахстана // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия экономическая. – 2016. – №5(117). – С. 100-109.

54. Иркитбаева А.Б. Современное благосостояние продовольственной безопасности Республики Казахстан в условиях глобализации: факторы, влияющие на физическую и экономическую доступность // Вестник университета «Туран». – 2015. – №3(67). – С. 217-222.

55. Аташева Д.О., Муратова Д.Б. Продовольственная безопасность региона и методы прогнозирования // Транзитная экономика. – 2016. – №1. – С. 40-46.

56. Каскатаев Н.М., Жолмуханова А.Ж., Койтанова А.Ж. Оценка современных тенденций развития продовольственных потоков на региональном уровне // Вестник университета «Туран». – 2018. – №1(77). – С. 66-71.

57. Рахимжанова Г.М. Продовольственная безопасность Казахстана и приоритеты ее обеспечения: дис. ... док. филос. (PhD): 6D050600. – Алматы, 2015. – 162 с.

58. Бирюков А.И. Условия и факторы защиты обеспечения продовольственной земель безопасности России: дис. ... канд. эконом. наук: 08.00.05. – Саратов, 2001. – 204 с.

59. Есжанова Ж.Ж. Механизм обеспечения продовольственной безопасности в Республике Казахстан (на примере Восточно-Казахстанской области): автореф. ... канд. эконом. наук: 08.00.05. – Алматы, 2009. – 26 с.

60. Алтухов А. Мировой продовольственный кризис: причины возникновения и проблемы преодоления // АПК: экономика, управление. – 2010. – №2. – С. 3-25.

61. Лещиловский П.В., Гусаков В.Г., Кивейша Е.И.и др. Экономика предприятий и отраслей АПК: учебник. – Изд. 2-е, перер. и доп. – Минск: БГЭУ, 2007. – 574 с.

62. Балабанов В.С., Борисенко Е.Н. Продовольственная безопасность: международные и внутренние аспекты. – М.: Экономика, 2002. – 550 с.

63. Антамошкина Е.Н. Обеспечение продовольственной безопасности и аграрная политика России // Аграрная наука. – 2013. – №8. – С. 2-3.

64. Сафин У.З. Обеспечение продовольственной безопасности и развитие воспроизводственных процессов в АПК России // Вестник Академии экономической безопасности МВД России. – 2013. – №4. – С. 19-25.

65. Кудряшова А.А., Преснякова О.П. Продовольственная безопасность: показатели, критерии, категории и масштабы // Пищевая промышленность. – 2005. – №8. – С. 18-21.

66. Серова Е.В. К вопросу о продовольственной безопасности // Круглый стол по вопросам продовольственной и аграрной политики. – М.: Московское представительство Citizens Network, 1996. – №1. – С. 15-19.

67. Чернова О.А., Степаненко В.Е. Продовольственная безопасность: научно-теоретические подходы к определению терминологии // Юридический мир. – 2006. – №10. – С. 44-48.

68. Жанбекова З.Х. Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности Казахстана // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2003. – №3. – С. 23-27.

69. Бимендиева Л.А. Продовольственная безопасность: проблемы и пути ее решения // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2002. – №1. – С. 14-16.

70. Казембаев М.Е. Как обеспечить продовольственную безопасность? // Экономика Казахстана. – 1997. – №11-12. – С. 49-54.

71. Султанбекова Г. и др. Продовольственная безопасность Казахстана: современное состояние и направления обеспечения // Экономика и статистика. – 2001. – №1. – С. 42.

72. Калиев Г. А. О продовольственной безопасности Республики Казахстан //Агропродовольственная политика России. – 2012. – №. 1. – С. 87-89.

73. Никитина Г. А. Проблемы и пути обеспечения продовольственной независимости Республики Казахстан //Проблемы агрорынка. – 2016. – №. 1. – С. 15-22.

74. Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығы. Ресей Федерациясының азық-түлік қауіпсіздігі доктринасын бекіту туралы: 30 қаңтар 2010 ж., №120. – Қол жеткізу тәртібі: https://base.garant.ru/12172719/ (күні көрсетілген: 07.03.2024).

75. Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің Қаулысы. Беларусь Республикасының 2030 жылға дейінгі ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі доктринасын бекіту туралы: 15 желтоқсан 2017 ж., №962. – Қол жеткізу тәртібі: www.government.by/upload/docs/file27d7ec1a11a991f6.PDF (күні көрсетілген: 07.03.2024).

76. Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 11 желтоқсан 2009 ж., №229-IV. – Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30532510 (күні көрсетілген: 07.03.2024).

77. 86. Әзербайжан Республикасының Заңы. Тағам өнімдері туралы: 18 қараша 1999 ж., №759-IQ. – Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon.kz/ (күні көрсетілген: 07.03.2024).

78. Армения Республикасының Заңы. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы: 5 маусым 2002 ж., №ЗР-338. – Қол жеткізу тәртібі: https://www.arlis.am/hy/acts/63049 (күні көрсетілген: 07.03.2024).

79. Қырғыз Республикасы Заңы. Қырғыз Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі туралы: 4 тамыз 2008 ж., №183. – Қол жеткізу тәртібі:

https://cbd.minjust.gov.kg/202397/edition/1244333/ru (күні көрсетілген: 07.03.2024).

80. Тәжікстан Республикасы Заңы. Азық-түлік қауіпсіздігі туралы: 13 қазан 2010 ж., №192. – Қол жеткізу тәртібі: https://extranet.who.int/nutrition/gina/sites/default/files (күні көрсетілген: 07.03.2024).

81. Түрікменстан Республикасы Заңы. Азық-түлік қауіпсіздігі туралы: 23 қараша 2016 ж., №479-V. – Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon (күні көрсетілген: 07.03.2024).

